

Бисенбай БИСЕНҒАЛИЕВ

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ



*Пайғамбарымыз Мұхаммед с. з. с.:
«Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам»*

**АҚТАУ
2025 ж.**

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
Б58

Бисенбай Бисенғалиев
ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

естелік кітап. – Алматы:

«Центр Оперативной Полиграфии», 2025 – 304 б.

ISBN 978-60-12-3742-0

Уақыт зымыран іспетті. Сол зымыранның қанатында бізге қымбат жандар да ілесіп кетіп барады. Олардың жақсы істері ғана, жақсы іздерге айналып, арттарында қалуда. Сондай жақсылардың бірі Балтабек Мұқанұлы Қуандықов болатын. Оның қамшының сабындай ғана бір тұтам тірлігінде шарапатын көргендер жақсылығын еске алары, сағынары даусыз. Кітаптан сіз сол сағынышты, жақсы адамның артына қалдырған ізін табарыңыз сөзсіз. Оқиғалар көз алдыңызға келіп, қас-қаққандай тірліктің қымбаттығын тағы бір еске салмақ. Кітап жалпы оқырманға, ізденушілерге арналған.


УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
Б58

ISBN 978-60-12-3742-0

© Бисенбай Бисенғалиев, 2025.

*Осы кітаптың жарыққа шығуына демеушілік
жасаған «Бәйтерек аясы» қоғамдық бірлестігі
директоры ӘБІШ Тұрар Ғалымжанұлына
ризашылық білдіреміз!*

Автор



Уақыт зымыран іспетті. Сол зымыранның қанатында бізге қымбат жандар да ілесіп кетіп барады. Олардың жақсы істері ғана, жақсы іздерге айналып, арттарында қалуда. Сондай жақсылардың бірі Балтабек Мұқанұлы Қуандықов болатын.

Оның қамшының сабындай ғана бір тұтам тірлігінде шарапатын көргендер жақсылығын еске алары, сағынары даусыз. Кітаптан сіз сол сағынышты, жақсы адамның артына қалдырған ізін табарыңыз сөзсіз. Оқиғалар көз алдыңызға келіп, қас-қаққандай тірліктің қымбаттығын тағы бір еске салмақ. Кітап жалпы оқырманға, ізденушілерге арналған.



ЖАНЫҢДА ЖҮР
ЖАҚСЫ АДАМ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жібектей сусыған өмірде кейде жаныңда жүрген жайдары жандардың игі істерін де елемей жататынымыз рас. Өнегелі адамдарды ардақтап, олардың қабілеттері мен дарындарын ұрпаққа үлгі етіп отыратын халқымыз «Жаныңда жүр жақсы адам» деп көкірегі ояу, рухы биік, жүрегі таза тұлғаларды қашанда қолдап, мерейін арттырып отыруға игі ықпал еткен.

Жақсы адам туралы жазғанда оның адами қасиеттерін, жүрек тазалығын, іс-әрекеті мен айналасына тигізген оң ықпалын сипаттауға болады, қолымнан келгенінше кейіпкерімнің бойынан байқаған соларды тізбектеп жазып қарайын.

Жақсы адам – жан жылуының иесі. Жақсы адам – айналасына жылу шашып, жақсылықты үндемей жасап жүретін жан. Оның сөзі – сабырлы, ісі – парасатты. Ол өзгенің қуанышына қуанып, қайғысын жүрекпен сезіне біледі.

Жақсы адамның бар болмысы – шынайылық пен адамгершілікке толы. Ондай жан қасындағыға қамқор, алыстағыға тілекші болады. Ол ешқашан менменсімейді, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Жақсы адам – жүрген ортасына тыныштық пен сенім ұялатады. Ондай жандар өмірдің шынайы мәнін түсінген, адами құндылықтарды бәрінен жоғары қоятындар.



Сондықтан да, жақсы адам – қоғамның тірегі, адамгершіліктің айнасы.

Жақсы адам – сөзі мен ісі үндес, жүрегі мейірімге толы, айналасына шуағын төгіп жүретін жан. Ондай адам ешкімге ауыр сөз айтпайды, керісінше, қолдау білдіріп, демеу бола біледі.

Жақсы адамды алыстан тануға болады – ол үнемі сабырлы, байсалды, кішіпейіл. Адамға жақсылық жасауға асығып тұрады. Оның жақсылығын айтып тауысу қиын, себебі ол оны міндет санамай жасайды.

Ондай жандар жүрген жерде шуақ, өмірде тұрақтылық болады. Жақсы адам – бұл өмірдің ең үлкен бақыты, Алланың адамдарға берген аманаты секілді.

Жақсы адамдар көп болсын! Жақсылықтың нұры өшпесін!

«Жақсы адамнан қол үзбе, шөлдегенде сусының» – атадан мирас болып бізге жеткен сөз. Жалғанда шөл-демейтін жан бола ма? Адам тумысынан шөлге жерік.

Шынында, күнделікті өмірде адам кімнің кім екенін де ескере де бермейміз ғой. Қарбаласқан тіршілік оны ойлап ескеруге де, елеуге де дес бермейді, көңіл бөлінбейді. Осылайша жанымызда жүрген жақсыларды байқамаймыз, олардың жақсылығын елемейміз, солай болуы керек деп қабылдаймыз.

Қазақ халқы – өте бай, мейірімді, қонақжай, жақсылыққа жаны құмар халық. Қазақтардың қанына сіңген жақсы бір қасиет адамгершілік болып табылады. Адамгершілігі мол абзал жандар халқымызда жетерлік және олардың халқымыздың жанашыры болуы сол ізгі қасиеттің арқасында.

Менің айналамдағы адамдардың барлығы жақсы, мейірімді жандар. Солардың бірі де БІРЕГЕЙІ – осы жазбамның кейіпкері. Ол жоғарыда жазылған жақсы адамға тән жақсы қасиеттердің барлығын бойына жинаған жан. Осы сөзді қайталап айтудан жалықпаймын. Осы сөзге сүйеніп жанымызда жүрген жақсы жан жөнінде аздаған өз ойымды жазайын деп отырмын. Әңгіменің кейіпкері елге белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, әсіресе еліміздің экономикасын тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау заманда көтеріп кеткен, әлі де болса экономикамыздың күре тамыры болып отырған мұнай-газ саласына көп еңбек сіңірген, сол қиын жылдарда сол саланың тізгінін ұстаған, қазір де тұғырдан таймай сол салада тер төгіп еңбек етіп жүрген абзал жан.

Пайғамбарымыз Мұхаммед с. ғ. с.: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам» деген екен.

Бұл әңгіменің кейіпкері де Пайғамбарымыз айтқандай **ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМДАРДЫҢ** қатарынан. Елге, қоғамға тигізіп жатқан пайдасы да, шарапаты да жетерлік.



Кейіпкерімнің жасаған барлық жақсылықтарын біле қоймаспын, бірақ БАҚ беттеріне шыққандарынан, өмірдеректерінде көрсетілгендерінен біршама хабардармын. Қолымнан келгенінше назарымда ұстауға тырысамын.

Жазбамды «Жақсыдан шарапат» деп атадым. Себебі басқаларын айтпағанда осынау жақсы жанның өзіме тигізген шарапаттары жетерлік, тек менің жеке басыма ғана емес, мен арқылы бүкіл Маңғыстау геолог-барлаушыларына, бүкіл бір қауым елге деген дұрысырақ болар.

Жақсыдан шарапат.

Осынау бірауыз сөздің астарына қаншама қасиетті мағына сыйғызған дана халқымыз.

«Жақсының шарапатын көрмек түгілі, заманда-сыңның бірауыз жылы сөзіне зар болған мына бір тұрлаусыз кезеңде «жақсылық» атты ұғымның өзі де көмескіленіп бара жатқан сыңайлы» дегенді естіп те, оқып та жүрміз. «Адам өзгерді ме, әлде заман басқа ма, әйтеуір, бүгінде айналасына шапағат нұрын себетін жақсылар жоқтың қасы» деп те ауызын қу шөппен сүртетіндер бар екенін білеміз. Бірақ мен осы айтылғандарға қосыла қоймаймын.

Шүкіршілік, елімізде де, айналамызда да жақсы адамдар баршылық. Тек олар жасаған жақсылықтарын елге дабыра қылып айтуға сараң, ал солардың жақсылығын көргендер әлдеқандай себептермен оларды

жария қылып, жұртқа үлгі, өнеге қылуға келгенде сараңдық танытатыны да баршылық, ал кейбіреулерінің олайша елге паш етуге шамасы келмейтіні де, мүмкіндігі жоқ екені де жасырын емес.

Жақсылықтарды көре білу, бағалай білу керек, сонымен қатар елге үлгі, өскелең жас ұрпаққа өнеге қылу да парыз.

Мысалы елімізде болып тұратын әртүрлі келеңсіз жағдайларда (өрт, су тасқыны, жарылыстар, ковид індеті...) елге қол ұшын созып көмек көрсеткен жандар жеткілікті, бұлардың арасында бай-әлеуетті жандар да, қарапайым адамдар да жеткілікті.

Еліміз, халқымыз жақсылық, қайырымдылық жасауды ұмытқан жоқ.

Қазақ халқының менталитетінде атам заманнан қалыптасқан, қанына сіңген қасиет – қасындағылармен соңғы үзім нанын да өле жегенше бөле жеу, жолға тастамай қайырымдылық жасау, шарапатын тигізу...

«Жұртқа жақсылық жасаған адам – жақсы адам, жұртқа жасаған жақсылығы үшін жапа шеккен – өте жақсы адам...» деген екен француз моралисі Жан де Лабрюйер. Ұлы ойшыл айтқан осы тұжырымның мәні мен мағынасына бір сәт зер салайықшы.

Осы тұрғыдан өзімізге баға беріп көрейікші. Шын мағынасында біз кімге, қандай жақсылық жасадық? Осы мәселе төңірегінде әңгіме қозғалған кезде, «қолыңнан келсе, адамға жақсылық жасағанға не жетсін», деген сөздерді жиі естиміз. Реті келсе бұл сөзді өзіміз де айтып қалуға тырысамыз.



Сонда қалай, жақсылық жасау тек қана жақсылардың еншісіндегі қасиет пе?

Жалпы, жақсылық, қайырымдылық деген ұғымдардың мәні неде? Жақсылық – азаматтық парасаттың туы.

Оның үлкен-кішісі болмайды. Сүрінгенде жолдасыңа қол ұшын беріп, игілігі мол іс үшін қалтқысыз қызмет қылу да жақсылық.

Ендеше, қадірлі ағайын, мысқалдай болса да жақсылық жасап, адамгершілік парызымды өтедім деген шынайы сезіммен әрбір арайлы таңды қарсы алар болсақ, «қамшының сабындай қысқа ғұмырдың» текке өтпегені емес пе?!

Иә-ә-ә-ә, менің кейіпкерім де ғұмырын текке өткізбей жүрген жан екенін, елі үшін жанын сала қызмет етіп жүргенін, жақсылық жасауды өмірге әкелген анасының ақ сүтімен, әкесінің қанымен бойына дарытқанын қолымнан келгенінше жазып көрейін.

Өңгімеме кіріспес бұрын кейіпкеріммен таныстырып өтейін, ол – **Балтабек Мұқанұлы Қуандықов, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик.**

Таныстыруым толыққанды болсын деп ғаламтордан алған Балтабек Мұқанұлын 70 жасымен құттықтаған мына құттықтауды сол жазылған күйінде беруді жөн санадым.

КУАНДЫКОВ БАЛТАБЕК МУХАНОВИЧ



Президент Казахстанского общества нефтяников-геологов, лауреат Государственной премии РК, академик Б.М Куандыков родился 21 августа 1948 года в поселке МакатМакатского района Гурьевской области (ныне Атырауской обл.) В 1971 г. окончил Казахский политехнический институт им. В.И. Ленина (ныне Казахский национальный исследовательский университет им. К. Сатпаева) по специальности: «Инженер геолог-нефтяник».

Трудовую деятельность Б.М. Куандыков начал с должности инженера-геолога Биикжальскойнефте-разведочной экспедиции сверхглубокого бурения.



Его трудолюбие и ответственность привлекли внимание руководства области, и в 1975 году он был приглашен на работу инструктором Эмбинского райкома Компартии Казахстана, а в 1977 году был избран секретарем Гурьевского обкома комсомола. С 1979 по 1991 гг. Б.М.Куандыков работал в Управлении «Казнефтегазразведка», где как талантливый геолог прошел путь от старшего геолога до главного геолога республиканского управления.

За эти годы с его участием были открыты месторождения: Карачаганак, Кенбай, Имашевское, Алибекмола, Арман. В 1991 году Б.М. Куандыкова как опытного специалиста и организатора переводят в Министерство геологии начальником отдела нефти и газа и вскоре назначают зам.Министра геологии Республики Казахстан. По предложению Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева под руководством Б.М. Куандыкова была разработана программа освоения Казахстанской акватории Каспийского моря.

Для ее реализации созданы АО «Казахстанкаспийшельф» и одноименный Международный Консорциум. Б.М. Куандыковым за короткий срок руководства Международным Консорциумом были привлечены 7 ведущих мировых нефтяных компаний, он руководил Международным Консорциумом в качестве генерального директора и председателя Управляющего Комитета.

Одновременно он был назначен заместителем министра энергетики и топливных ресурсов РК.

За период 1993–1996 гг. консорциумом выполнена крупная сейсмическая программа (26 000 погонных километров сейсмолиний), выявлены и подготовлены к бурению высокоперспективные морские структуры.

Особое внимание Б.М. Куандыкова было обращено на подготовку к бурению поднятия Кашаган, на котором впоследствии было открыто уникальное по запасам месторождение нефти и газа, за открытие которого он в 2018 году получил диплом «Первооткрыватель месторождения Кашаган».

После завершения работ Международного Консорциума в 1997–1998 гг. Б.М. Куандыков возглавлял национальную нефтяную компанию «КазахОйл», где он осуществлял руководство всеми нефтяными проектами в Республике Казахстан.

Учитывая глубокие знания Б.М. Куандыкова в области нефтяной геологии и успешный опыт работы с международными компаниями известная компания Шеврон (США) в 1998–2001 гг. пригласила его в Центральный офис компании на должность Главного консультанта по странам СНГ. В 1999 г. он завершил свои многолетние исследования и защитил диссертацию на соискание степени доктора геолого-минералогических наук.

По возвращении из США в 2001–2005 гг. Б.М. Куандыков возглавлял канадскую компанию «Нельсон Ресурсис Лимитед», зарегистрированную на фондовой бирже в Торонто. За время его работы активы компании выросли с 2 до 5 месторождений, добыча нефти выросла до 65000 барр. в день, т.е. до 3 млн в год.



С февраля 2006 г. по настоящее время Б.М. Куандыков является президентом компании «Меридиан Петролеум».

Он одновременно участвует в управлении различными нефтегазовыми компаниями в Республике Казахстан в составе Совета директоров компаний с целью создания на их основе инвестиционно-привлекательного бизнеса.

Руководит консалтингом и оценкой перспективности и эффективности нефтегазодобывающих проектов. В 2009 г. он совместно с известными геологами Казахстана обосновал и все эти годы бессменно возглавляет общественное объединение «Казахстанское Общество нефтяников-геологов» (КОНГ). За эти годы КОНГом проведено множество международных конференций и изданы сборники докладов.

Если свою производственную карьеру Б.М. Куандыков начинал с бурения скважины глубиной 7000 м, то ныне он стал генеральным координатором проекта «Евразия», предусматривающего бурение скважины глубиной до 15000 м.

Поэтому новому уникальному проекту, созданному по поручению Министерства энергетики Республики Казахстан и ассоциации KAZENERGY он координирует работу межведомственных проектной и консультативной групп. Активная деятельность Б.М. Куандыкова отмечена многими государственными наградами, орденами «КУРМЕТ» и «ПАРАСАТ», ему присвоено звание «Заслуженный работник промышленности Республики Казахстан» и др.

В 2015 г. за работу «Научное обоснование углеводородного потенциала Республики Казахстан» ему присвоено почетное звание лауреата Государственной премии Республики Казахстан в области науки и техники им. Аль-Фараби.

Он автор свыше 110 научных статей и трудов, в том числе 10 монографий. Он избран членом Международной Экономической Академии Евразии (1998 г.), академиком Международной Академии Минеральных Ресурсов (1995 г.) и Американской ассоциации нефтяников-геологов (2000 г.).

Свой 70-летний юбилей Балтабек Муханович встречает в кругу благодарных коллег и любимых родственников.

Вместе со своей однокурсницей Актоты они создали счастливую семью и вырастили 4 дочерей и одного сына, от которых имеет 17 внуков.

Редакционная коллегия журнала «Нефть и газ», Казахстанское общество нефтяников-геологов РК сердечно поздравляют юбиляра и желают ему крепкого здоровья и дальнейших трудовых успехов.



Балтабек ағаммен жақынырақ танысуым ойда жоқ жерден болды. «Құдай берейін десе форточкадан да бере салады» деген «біртүрлілеу» тәмсіл бар емес пе, қазақта бұны кейде «Жүгірген алмайды, бұйырған қашпайды» деп те айтады.

Сол айтқандай ауылдас, әңгімеміз жарасқан, бір ұжымда жұмыс жасаған ұжымдас апам Жаңыл Қамысбаева бірде Алматыға жол жүріп бара жатқанын, Балтабек Қуандықовпен де кездесетінін айтты ватсаппен хабарласып отырғанымызда. Бұйырайын десе сөз бар ма, қайдан ойыма келгенін қайдам, бұрындары тіпті бұл жайында ойламаған да болатынымын, апам: «Мен Сізден осыған дейін жазған әртүрлі жазбаларымды беріп жіберсем, соларды Балтабек Мұқанұлына бере аласыз ба, бұным ұят болмай ма, ол кісі қабылдай қояр ма екен?» дедім.

Апам бірден келісе кетті: «Балтабекке апарып берейін, бірақ жұмыстан қолы тиіп, уақыт тауып оқиды деп айта алмаймын, бірақ апарып берейін» деді.

Содан тездетіп «Мен білетін Ғизекең...», «Аға-Дос. Геолог», «Халқы қадірлеген Қуекең», «Дара жол», «КЭ «МНГР» ардагер геолог-барлаушыларының ЕСТЕЛІКТЕР ЖИНАҒЫ» деген жазбаларымды тех. центрден распечатка, жеке-жеке переплет жасатып апам беріп жібердім. Бір қызығы, менің бұған дейін Балтабек Мұқанұлы туралы хабарым шамалы еді, баяғы кезде (о бір заманда) бірер рет көргенім болмаса, арасында кейбір хабарлардан атын оқып қалатыным болмаса, ол кісінің қандай лауазымда, қандай жерде жұмыс жасайтынын да білмейтінмін.

Жақсы білетінім, о бір замандарда, ол кісі біздің мекеме «Гурьевнефтегазгеология» бірлестігіне қарап тұрғанда жұмыстас болып, далалық бұрғылау алаңдарында жұмыс бабында көріп жүретінім, Ақтауда, Ералиевте болған қызмет бабындағы жиналыстарда кездесіп қалатындарым еді.

«Түсі игіден түңілме» деген емес пе, сол кездесулерден ол маған жылы, жағымды әсер қалдырған сияқты. Тағы бір жағынан, менің геолог-барлаушылар жайында жазғандарымды түсінеді де ғой (егер оқи қалса) деген де үміт болды. Сонымен беріп жібердім. Жазбалар кетті.

Бисенбай Бисенғалиев
КЭ «МНГР» ардагер геолог-барлаушыларының

Естеліктер жинағы



Ақтау
Тамыз 2018



Бисенғалиев Бисенбай

Аға-дос. ГЕОЛОГ.



Ақтау.
2018 ж., қараша.

Бисенбай Бисенғалиев

Халқы қадірлеген Қуекең



«Ұлына, жұртына қызмет ету
– білімнен емес, мінезден»
(Әлихан Бөкейханов)

Ақтау.
Қараша 2018 ж.

Бисенғалиев Бисенбай

Мен білетін Ғиззекен ...



«Ақсұңқар жемін шашып жейді, құзғын жемін

бауырына басып
жейді» (халық даналығы)

Бисенғалиев Бисенбай

Дара жол



Апам сапарынан қайтып келгесін, жазбаларымды қолына тапсырғанын айтты. Біраз уақыт жазбаларым жайында ойлап жүрдім де, артынан ойлауды қойдым. Ойлағаным, ол кісі мен сияқты ерігіп жүрген жоқ, жұмысбасты, үлкен орындағы адам, уақыты есептеулі, мен сияқтылардың әртүрлі мәселелермен хабарласатын шаруалары жеткілікті де болар, ренжуге болмас дедім. Бұның алдында осы жазбаларымды әртүрлі әлеуметтік желілерге жариялап, кейбір республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі газеттерге шығарып жүргенмін. Әлеуметтік желілерден көптеген жақсы пікірлер алып, кейбір осы жазылғандарды түсінетін, мұнай саласынан, геологиялық барлаудан хабары бар мамандардың да жылы лебіздерін оқып жүргенмін.

Оларды місе тұтпай, осы саланы жақсы біледі-ау, солардың пікірі қалай болар екен, жазғандарыма қандай баға берер екен деген оймен жазғандарымды осылайша распечатка, переплет жасап кейбір әлеуметтік желілерден аулақ жүретін өзім танитын үлкен адамдарға таратып та көргенмін. Бірақ ол адамдар жазбаларымды оқыды ма, оқымады ма, тіпті оқымастан қоқысқа тастай салды ма, белгісіз, үнсіз қалды. Сондай тәжірибем бар мен Балтабек Мұқанұлы сияқты жұмысбасты үлкен лауазым иесіне батылым барып жазбаларымды жібергеніме бір жағынан қысылып та жүргенмін.

Мәссаған, қызықты көрмейсің бе. 2018 жылдың аяқ жағында күтпеген жерден менің электронды поштама Балтабек Мұқанұлынан хат келмесі бар ма.

Хат болғандай қандай хат десеңші. Жазбаларымның әрқайсысының соңында хабарласу үшін өзімнің жеке электронды поштамды жазып қоятын қашанғы әдетім бар. Сол адрес бойынша күтпеген жерден төмендегідей хат алдым.

...

Бисенбай, кеш жарық,

Мынау Балтабек Қуандықов деген геолог ағаң болады. Сен маған бірнеше қолжазбаларыңды беріп жіберген екенсің, соларды қарап шығып өз ойларымды жазып отырмын. Мен де жазушы емес екенімді өзің біледі ғой деп ойлаймын, сондықтан сенің жұмыстарыңа баға берейін деген ой жоқ менде, тек осы жазылған еңбектеріңе немесе жинаған әртүрлі әңгімелеріңе өз ойларымды білдірейін деген ниет қой. Қағазға түсірілген ол ойларымды осы хабарламаға жалғанған қосымшадан табарсың. Аз деп немесе көп деп ренжіме, әзірше осылай болды.

Келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын, жанұяңа бақ-береке, құт алып келсін! Өзіңе шат-шадыман көңіл, жеңісті күндер алып келсін!

*Сәлеммен,
Балтабек Қуандықов*



Хатқа жалғанған қосымша:

Құрметті Бисенбай, саламатсын ба,

Мынау Балтабек Қуандыков деген мұнайшы-геолог ағаң. Маған бірнеше қолжазбаларыңды беріп жіберген екенсін, бәрін де асықпай оқып шықтым. Жұмыста жүргеннен кейін кейде қол тимей қалады, бірақта зейін салып түгел оқыдым. Оның үстіне ішінде жазылған көп кейіпкерлерді танитын болғасын, кейбіреулерімен бес жыл бірге оқығасын, кейбіреулерімен қоян-қолтық барлау бағытында жұмыстас болғасын және айтылған әңгімелер мен жазылған жағдайлар мен үшін түсінікті болғасын мен үшін қызық болды. Жалпы барлық жағдайлар қарапайым, кей жағдайларда әдемі әдеби тілмен жазылып оқушыны өзіне тартып отырады.

Жалпы өзің айтқандай мұнайшы-барлаушылар туралы арнайы жазылған еңбектер көп емес. Терең ізденістер жасалып, осы саланын жетістіктері мен оның ерекшеліктерін ашатын әдеби еңбектер болса қандай керемет болар еді.

Шынында да осы еліміздегі мұнай мен газ саласының негізін қалаған осы барлаушылар емес пе. Мысалы Манғыстау, Қызылорда сияқты тек кана мал шаруашылығы дамыған өлкелерді қазір өндірісі дамыған мұнайлы өлкеге айналдырған осы барлаушылар ғой.

Олардың осындай құлазыған далаға алғашқылар болып келіп, барлық өмір қиындығын бастарынан кешіп жанқиярлық еңбектерінің арқасында Өзен мен Жетібай, Жаңажол мен Кеңқияқ, Құмкөл мен Ақшабұлақ,

Қаламқас пен Қаражанбастар ашылған жоқ па. Ал Теңіз бен Қарашығанақты айтайықшы, осындай дүниежүзілік маңызы бар кен орындары қазір еліміздің маңдайын жарқыратып отырған жоқ па. Міне барлаушы-геологтардын осындай қиын да қызықты жұмыстарының көптеген сәттерін әдемі суреттеген екенсін.

Мысалы, менің өте жақын досым, бес жыл жоғары оқу орнында бірге оқыған, Алматының сая-бақтарын бірге аралаған, кейін жан-ұяларымызбен аралас-құралас болған Ғиззат Балмұханбетов туралы жазғандарыңды оқығанда оның жарқын бейнесі, әр уақытта жымылып тұратын ақжарқын жүзі қайтадан көз алдыма келіп бірталай толқыдым.

Оның кейбір мен білмейтін, естімеген жақтарын біліп танысканда, осындай асыл жандардың өмірден ерте өтіп кеткеніне қатты қынжыласын. Одан естіген жылы сөздерің мен көлеңкесі түскен шақтарын айтқаныңда мен тағы да Ғиззекеннің қандай үлкен жүректі азамат екенін қайтадан көз алдыма елестеттім. Әсіресе сенің қиналып жүргенінді біліп үндемей жүріп өзіңе үй алып беруі, жұмыстағы қиын жағдайға қарамастан мекемедегі штатта жоқ болса да өзіңе жұмыс тауып беруі, балаңның оқуына тікелей көмектесуі т.б. жағдайларды жақсы жазыпсын. Жалпы тоқсаныншы жылдардағы саладағы қиын жағдайлар жақсы суреттелген.

Әсіресе осындай қиын жағдайда ұжымды тарқатпай сақтап, мамандардың бәріне жұмыс тауып беруін, Ғиззекеннің жеке рөлін жақсы келтіріпсін.



Оның әр адаммен тіл табысып сөйлесуі, олардың жүректеріне дұрыс жол табуы, керекті жерінде орынды әзілмен шиеленіскен жағдайларды орынды шешуі, ашық мінезімен адамды баурап алуы жақсы да тартымды айтылған. Не керек, жазбаларыңды оқып отырып Ғизекеңмен қайтадан жүздескендей болдым.

Ал енді менің әріптесім, бес жыл бір группада оқып, бір бөлмеде жатып студенттік маргарин жаққан қара нан мен қара шайды бөліскен Есенғұл Жолдасбаев туралы жазғандарыңды оқығанда оның бұрғылау алаңындағы жұмысы, жалпы барлаушылар арасындағы беделі, адамшылдық қасиеті, қарапайымдылығы өте шыншыл суреттелгенін айтқым келеді. Иә, ол оқып жүргенде де сондай болған.

Аздап жасының бір-екі жылдық үлкендігіне байланысты әруақытта біздер одан ақыл сұрап, оның ойын тыңдайтын едік. Мінекей сол қасиеті елге қайтып, жұмысқа орналасқанда да әрі қарай шындала түскенін көріп отырмыз. Оның өте білгір маман екенін, жұмыс десе өзінің жеке басының шаруаларын ысырып қойып алға қойылған тапсырманы ойдағыдай орындайтынын жақсы көрсетіпсін. Осындай қарапайым қызметкердің өндірістік тапсырманы бұлжытпай орындайтынын дәл суреттеп көрсеткеніңе көп рахмет айтқым келеді. Құрықтағы барлаушы-геологтарға арналған музейдің ашылғанына мен қатты қуандым. Бірақ та әлі оны көрудің реті келмеді, сондықтан оған баға беруден аулақпын. Әрине бұл сияқты тарихи мұражайда өмірден өткені бар, өтпегені бар елге енбегі сіңген

ардақты геолог-барлаушылар туралы толық мәліметтер болуы керек қой. Менің естігенім, бұл мұражай тек бір кісінің (Тұрсынғали Көшенов) жеке өзінің жинаған мәліметтеріне негізделген. Сондықтан, алға қарай көптеп-көлемдеп бұл мұражай тарихи мәліметтермен толықтырылады деп сенемін. Алға қарай бәріміз бірігіп өздеріміздің ақыл-ойларымызды айтып, қолда бар жәдігер, тарихи документтермен осы қазір ғана ашылып жатқан мұражайды толықтыруымыз керек деп ойлаймын.

Әрине бұл мұражайдың төрінде Есенғұл туралы, онымен бірге жасаған әріптестері, Маңғыстау өңіріндегі мұнай-газ кен орындарын ашуға тікелей қатынасқан мамандар туралы мәліметтердің болатынына әбден сенемін. Біздің қазақстандық мұнайшы-геологтардың қоғамдастығының осы мұражайды алға қарай көркейтуге, қолда бар мәліметтермен бөлісуге деген жоспарлары бар. Облыстық геологиялық инспекциямен бірлесе отырып Геологтар күні қарсаңында мұражайдың айналасына ағаш отырғызып оны көгалдандыру да ойда бар. Жалпы Есенғұл туралы жақсы ойларды келтіріпсін. Мүмкін болса осындай мақалаларды облыстық газеттер бетінде жарияласа да жақсы болар еді.

Ал енді осы Маңғыстау өңірінің, қазыналы түбек екенін дәлелдеген бірден бір азамат Хәлел Жағыпарұлы Өзбекқалиев екенін бүкіл ел біледі. Ол кісі туралы көптеген кітаптар, арнаулы мақалалар, телефильмдер шыққаны бәрімізге аян.



Жақында ғана бүкіл ел болып ол кісінің 90 жылдық мерей тойын Ақтауда атап өткен болатынбыз. Бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен белгілі ғалымдар, геологтар, ардагер мұнайшылар қатынасқан болатын. Ол кісінің өмір белестерін суреттейтін үлкен кітап шықты. Қазір екінші кітап дайындалып жатыр, бұйыртса алдымыздағы жылдың бас жағында ол кітап та жарық көретін болар. Марат Байзақовтың ол кісі туралы суреттемесі тағы да Халекеңнің келбетін, адами қасиетін, ұйымдастыру қабілетін толықтыра түседі деп ойлаймын.

Осы естеліктің ішінде Герасименконың және өзіңнің геолог-барлаушылар өмірінде кездесетін қызықты жайттар әдеби тілмен өте тартымды беріліпті. Менің ойымша өзіңнің осындай жазбаларыңды жинап-жинап, кішкене өңдеп «Барлаушылар өмірінен қызықты жайттар» деп кітап қылып басып шығаруға болады ғой. Тілің өте жатық, тартымды, әдеби бағытта да өзіндік орны бар сияқты.

Жалпы осы жазбалар маған ұнады, беріп жібергеніңе тағы да көп рахмет. Денсаулығыңның кінәратына қарамай осылай жігер көрсетіп, қайсарлығыңды танытып отырғаныңа шын жүректен қуанамын. Менің ойымша тарихымызда үлгі алатын осындай қайсар жандар бар ғой.

Олардың ішінде менің аузыма түсіп отырғандары өзің білетін Островский, Рахмет Өтесінов. Олардың жазған еңбектері көп адамдарға қайрат беріп жігерлендіргенін жақсы білесін.

Сондықтан өзіңе зор денсаулық тілей отырып, келе жатқан жана жылда жаңа табыстар тілегім келеді. Жана жыл өзіңізге қуат берсін, жанұяңызға бақ-береке, саулық пен үйлесімшілдік алып келсін!

Салеммен, Балтабек Қуандықов
Алматы, 24 желтоқсан, 2018 жыл.

...

Балтабек аға, ассалаумағалейкүм.

Айналаңыз аман, денсаулығыңыз жақсы ма? Жұмысыңыз бірқалыпты ма? Сіз сияқты үлкен адамнан осындай жақсы баға аламын, жылы лебіз естимін деп ойламаппын да. Сізді сыртыңыздан жақсы білемін ғой, біздің мекеме «Гурьевнефтегазгеологияның» құрамында болған кездерде Сіз сол бірлестіктің бас геологы болғансыз. Ақтауға іс сапармен келіп жиналыстар өткізіп жүргеніңізде көргенмін, жиналыстарда болғанмын. Барлығын тізбектеп жаза бермейін.

Жаңыл апам Алматыға баратынын естігенде аяқ астынан (Құдай айдап дегендей) маған «кейбір жазбаларымды Сізге көрсетіп алсам қайтер екен, ұят болмас па екен» деген ой келе қалды. Өзіңіз айтқандай, жазбаларымдағы көпшілік кейіпкерлерді Сіз етене жақын танысыз, геолог-барлаушылардың тыныс-тіршілігін бес саусағыңыздай білесіз, сондықтан да көп ойланып жатпастан өзіңіз сияқты саламыздың білікті маманының, ағамыздың назарына ұсынуды, бір көрсетіп алу-ды жөн санадым да апамға беріп жібердім.



Уақыт бөліп оқып шыққаныңызға, білдірген жылы лебізіңізге өте ризамын. Рахмет!!! Бір көтеріліп қалдым. Өзімде эл.почталары бар жұмыстас болған азаматтарға бұлардың барлығын да жіберіп, кейбіреулеріне әлеуметтік желі арқылы (ватсап, фейсбук) телефондарына да жіберіп жүргенмін. Олардың да оң бағаларын алғанмын. Қазіргі кезде «Тайсойған.kz» деген сайтқа жариялап жатыр осы жазбаларды. Нұрберген Өтепұлы Балғымбаев ағамыздың назарына менің жазбаларым ілігіпті де, маған сайтқа жариялауға ұсыныс білдіріп өзі шыққан еді. Менің жазбаларымның ол кісінің көзіне қайдан түскенінен бейхабармын. Бірақ, геолог-барлаушылардың қиын да, қызықты, әртүрлі оқиғаларға толы өмірін барынша кең көлемде оқырмандар оқығаны, білгені дұрыс болады ғой деп ойлайтын адаммын. Сондай іске менің жазбаларым сәл де болса көмек беретін болса еңбегімнің ақталғаны ғой. Өзіңіз сезетіндей, мен біраз жылдардан бері үйде отырып қалып едім, сондықтан бос уақытымды ұтымды, пайдалы өткізу үшін қал-қадерім келгенінше осындай жазбалар жазуға кірістім. Әртүрлі тақырыптағы жазбаларым баршылық. Солардың арасынан өзіңіз көрген жазбалаларымды ықшамдап, бөлектеп алып жариялап жатқаным ғой. Осымен болдым. Уақыт бөліп хат жазғаныңыз үшін алғысым шексіз. Саушылықта болыңыз.

Өзіңізге деген құрметпен Бисенбай Бисенғалиев деген геолог-барлаушы ініңіз деп білерсіз.

Ақтау, 25 желтоқсан, 2018 ж.

Хат болғанда қандай хат десеңші! Жазбаларымды егжей-тегжей талдаған, мені көкке көтеріп жіберген ерекше хат болды! Алдында жазғанымдай, әлеуметтік желілердегі әртүрлі деңгейдегі оқырмандарымның пікірі бір төбе болса, жалғыз Балтабек ағамның пікірі, талдап берген бағасы тіпті бөлек қой. «Тоғыз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» дегендей болды да қойды.

Осы хаттан кейін Балтабек Мұқанұлын БАЛТАБЕК АҒА деп атайтын болдым. Жас шамамыз қарайлас болса да басқалар сияқты Баке, Маке, Сәке, Бәленшеке, Түгеншеке.. дегім келмеді. Жақсы ағаларым бұрында да баршылық еді, көпшілігі иті жоқ ауылға кеткенімен, қазір де ортамызда жүрген жақсы жандар, ағаларым баршылық. Солардың арасында жаныма жақын тартқандарым аз да болса болды. Жақсы адамдар, жақсы ағалар жөнінде қазақ былай депті:

«Жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды, білімімді арттыру-мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтыным» депті Ы.Алтынсарин 20 жасында-ақ.

«Жеңім жаман болса да, жағам жақсы, өзім жаман болсам да, ағам жақсы»

«Көп ақымақтың ағасы болғаниша, бір ақылдының інісі бол»



Құрметті оқырман!

Сіздерге Балтабек Мұқанұлының әр кездерде ұйымдастырған іс-шараларда болған видеоларын осындай кюар кодтарға (QR код) жүктеп салып отырмыз. Телефоныңызды осы кюар кодтарға бағыттап сол видеоларды қарап Балтабек Мұқанұлын еске аларсыз.



A vertical stack of several books is shown on the left side of the image. The books have various colored spines: light blue, grey, and brown. The pages are mostly off-white or cream-colored. A dark grey rectangular overlay is positioned in the center of the image, partially covering the books. The word 'КІТАПТАР' is written in white, serif, uppercase letters on this overlay.

КІТАПТАР

Міне, мұнай-газ саласының елге белгілі жоғары дәрежелі белді маманы, геология саласының әлемдік деңгейдегі танымал ғалымы менің жазбама осындай баға беріп, мүмкіндік болса, осыларды кітап қылып шығаруға кеңес беріп отыр. Осы емес пе ЖАҚСЫ-ДАН ШАРАПАТ деген!

Балтабек ағаның менің жазбаларым жөніндегі жоғары пікірі мені ойландырып тастады.

Алдында да әртүрлі оқырмандарымнан осындай пікірлер болған, бірақ оларды мен «тек менің көңілімді аулау үшін» айтылған сөздер ғой, бұл жазбаларда кітап болып шығатындай «түз» бар дейсің бе, жай ғана естеліктер, баяндаулар ғой деп баса көңіл бөлмепп едім. Ал мына хаттан кейін ол ұсынысқа басқаша көзбен қарай бастадым.

Содан Балтабек ағаның кеңесімен барлық жазбаларымды қайта оқуға, іріктеп, сұрыптауға, кейбір осал тұстарын өңдеуге кірісіп кеттім.

Осындай жұмыстың нәтижесінде бір кітап болады-ау деген әңгімелерді жинастырып баспаға жіберуге дайындадым.

«Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады» деген бар ғой, мен де солай жасап Балтабек ағаға: «Менің алғашқы тырнақалды кітабыма өзіңіз «Алғы сөз» жазып, жолын ашып берсеңіз қалай болады» деген ұсыныспен хат жазып жібердім. Қызықты қара, Балтабек ағам бірден келісімін берді, керемет қылып «Алғы сөз» жазып жіберді.

Сұрауын сұрап алып, артынан өзімнің осындай шыдамсыздығыма өкініп, жұмысбасты адамның өзі жетпейтін алтын уақытына ортақ болғаныма қиналып, қипақтап жүрсем, ағамның сөзімді жерге тастамай құп алғаны керемет болды да қойды. Содан «МЕН – Геолог-барлаушымын» деген тырнақалды туындымды Балтабек ағамның менің жолымды ашқан АҚ БАТАСЫ іспетті «Алғы сөзімен» баспаға жолдадым. Төменде сол «Алғы сөзді», ағамның маған берген Ақ Батасындай қабылдап, Сіздердің назарларыңызға беріп отырмын, оқып қарарсыздар. КЕРЕМЕТ!

АЛҒЫ СӨЗ

Сүйінші!!! Отандық мұнай жылнамасы тағы бір толымды еңбекпен толықты. Кітап аты «МЕН – Геолог-барлаушымын», авторы Бисенғалиев Бисенбай. Кей кездері замандастарымыздан «қазір не көп, той көп, оқырманға ұсынылып жатқан кітап көп» деген біржақты асығыс айтыла салған пікірді естіп қаламыз. Той неге жасалады? Адам жеткен жетістігін айналасымен бөліскісі келеді, яғни өз ортасына есеп береді. Ал кітап, кітап... оның маңызы да, мәртебесі де бөлек қой. Өткен өмір белестері, тырнақтап жинаған абырой мен тәжірибе, сары ауыз балапан кезінде қолтығыңнан демеген игі жақсылар мен тірсек тебісіп өскен достар, сосын өзің отымен кіріп, күлімен шыққан салаңның келешегі. Міне, осындай ойлар көкірегінде бұлқынып жатқан азамат қана қолына қалам алып, түн ұйқысын төрт бөліп, жазу үстеліне отырады екен.



Кітаптың көптігінен қорықпау керек. Керісінше оқырман іздеп жүріп оқитын тұшымды дүниелердің аздығына қынжылу қажет болар.

Өзім асықпай танысып шыққан Бисенбай Бисенғалиев замандасымның қаламынан туған бұл дүние оқырман қауым іздеп жүріп оқитын дүние болары анық деп батыл айта аламын.

Әр саланың былайғы жұрт онша көп біле бермейтін құпиялары бар.

Тек оның сырын сол саланың білікті маманы ғана жақсы біледі. Кеңес кезінде еңбек еткен аға буын мұнайшылар: «бұрғылау – мұнай үшін күрестің алғы шебінде!», - деген партиялық ұранның болғанын жақсы біледі.

Аталған ұран бұрғылау саласының беделін көтеру-дей-ақ көтеріп тұр.

Дегенмен, алғы шептен көрінеміз деп жүргенде көп жайттарға көңіл бөлмеппіз-ау, осы. Бұрғылау дегенің де адам ағзасы секілді дүние.

Ол жерде артық-ауыс зат жоқ. Бәрі өз орнында. Бірақ, партиялық тапсырманы орындаймыз деп алқынып жүргенімізде өзіміз күнде көрген кейбір дүниелердің арғы жағын аңғармаппыз.

Бисекеннің еңбегімен танысқанда осындай ойға қалдым.

Кеше ғана жоғары оқу орнын бітіріп келген жас маман тек «жоспарды орындауға атсалысамын» деп алашапқын болмапты.

Бір таңқаларлық жағдай, күні түні осы қазыналы түбектің аптап ыстығына күйіп, шыңылтыр аязына шыдап, жер асты тылсымының күшіне бой бермей, жеті қат жер астындағы байлықты игеруге маңдай терін төгіп жүре қойын дәптеріне болған қызықты жағдайларды уақтылы түсіріп, айналасында жүрген әріптес жолдастарының аты-жөнін айнытпай жазып алу әркімнің қолынан келе бермейтін іс екенін басып айтқым келеді.

Одан басқа осыдан 40-50 жыл бұрынғы жүріп өткен барлау алаңдарының атын айна қатесіз жазу, айналасындағы дос-жарандарының, әріптестерінің аттарын есте ұстау мүмкін емес қой.

Бұрғылау басындағы құбылыстардың бізге көрінбейтін жағына жас бұрғышының көзімен тереңірек үңіліпті. Кейбір қызықты жәйттер, ең даладағы бұрғышылар қостарындағы кездесіп қалатын қызықты көріністер мен адамдық шынайы қатынастар жақсы суреттелген.

Әрі сол жағдайларды өз дүниетанымы арқылы қабылдап, әдемі жеткізе білген. Аңғарымпаздығы мен сезімталдығын мойындамасқа лажың жоқ.

Киелі Маңғыстаудың, қазыналы түбектің мол мұрасын игеруде ірі кәсіпорындардың көшін бастаған «МНГР» тресі мен сол мекемеде еңбек еткен аймаңдай азаматтардың аты-жөнін барынша қамтыған осы кітапты әсіресе аға буын қызығып оқиды деп ойлаймын.



Бұл еңбек өткен өміріңнің өзіңе белгісіз қырларын ашып салады.

Оқып отырып, жұмыстан басқа көп ештеңеге бас қатырмаған, даладай аңғал ағаларымыздың кей болмыстарына куә болып, езуіңе еріксіз күлкі үйіріледі.

Бисекен ғұмырын мұнай саласына арнаған азамат. Содан да болар, өзі қалаған мамандықты жанындай жақсы көреді.

Тіпті бұл саланың кейбір «әттеген-ай» дегізіп шешімін таппай жүрген тұстарын да өткір айтып, керек жерінде пікірін ашық білдіреді. Біз бұны өзі нәпақасын айырған салаға деген жанашырлық деп қабылдадық.

Ал енді адамның туып өскен жері, құлындай тебісіп бірге өскен балалық шақтың достары, ер жетіп адам болған туған жері Сағыз кенті туралы жүректен шыққан жылы сезімдерін керемет әдемі сөздер арқылы әркімнің кіндік қаны тамған жердің қандай ыстық болатынын тағы да көрсете білді.

Кітаптың стилі де, жазу мәнері де өзгеше. Құр хронологиялық әдіске салып, жылдар елесін көз алдыңнан шұбырта жөнелмейді.

Барлық жағдайды өз басынан өткен оқиғалармен шебер ұштастыра білген. Достар, күнде бірге жүрген әріптестердің әркімнің өмірінен алатын орны ерекше екені әртүрлі әңгіменің желісі болып кітап ішінде өте жақсы көрсетілген.

Ұзын сонар баяндаудан гөрі, шағындау нұсқаны алып, соны әдемі тілмен жеткізіп, оқырманның қызығушылығын оятып, барынша жетектеп отырады. Яғни, тартымдылығы жақсы.

Қолдарыңыздағы кітап несімен құнды? Бүгіндері еліміз мұнай өндірісі жөнінен әлемде жетекші орынға ие. Бұрғышы барлаушылардың тынымсыз да ауыр жұмыстарының арқасында осы киелі өлкенің барлық мұнай-газ кен орындары ашылып ел игілігіне өз үлестерін нақты қосып жатқанын бәріміз білеміз.

Осынау жетістікке жету жолында мыңдаған маман кеше де, бүгін де еңбек етуде.

Солардың өлшеусіз еңбегіне, сол саланың ардагерінің атынан берілген баға іспетті. Ең бастысы – артымыздан желкілдеп өсіп келе жатқан жас мұнайшылардың легі осы еңбекпен көбірек танысса екен. Себебі, жастар аға буынның қаншалықты бейнет кешкенін білгені қандай жақсы. Құндылықтардың тек бір күнде қалыптаспайтындығына көздері де, көңілдері де жетуі керек.

Дени Дидро деген философ: «бүкіл дүние кітапқа ену үшін жаратылған», -депті. Расында да мына кіршіксіз ғаламның табалдырығын аттадың екен, не көрдің, не түйдің, соның барлығы аппақ қағазға маржандай болып түзілсе, ол кейіннен мына өмірге келетіндердің қолынан табылып, көңілдеріне сәуле шашса, ұлы құндылық – кітаптың миссиясының сөзсіз орындалғандығы деп ойлаймын.



Болмысындағы бекзаттық пен қайсарлық ұштасып жатқан Бисенбай Бисенғалиевке талай жыл бойы талмай ізденген туындысының жарыққа шығуымен құттықтағым келеді.

Өмірдің қандай болмасын қиындығына шыдап, қайыспай қарсы тұрған осы Бисекеңнің өмірі кімге болса да үлгі боларлық. Кезінде біздің толқынның, тіпті оның алдындағы әкелеріміздің аузында жүретін Николай Островскийдің өмірі, тіпті біздің кеше ғана өмірден өтен ағамыз Рахмет Өтесіновтің қайсарлылығы осы Бисенбайдан да көрінетін сияқты. Оның жазған әңгімелері, мақалалары баспасөз бетінде жарияланып енді міне кітап болып шығып жатыр. Қалай оған қуанбасқа! Жастарға жігер беретін түрлі мысалдар мен болған қызықты оқиғалар әдемі айтылып осы кітапта өз орындарын тапқан.

Бір адамның қаламынан туған жақсы туындының енді көпшіліктің, әлеуметтің қазынасына айналатындығын алдын ала біліп, қуанғаннан сүйінші сұрап, соған тілекші болғандығымызға шүкіршілік етеміз.

Тойымыз да таусылмасын, ойымыз да мәуелі жиде ағашындай жемісін молынан берсін деп тілеймін.


**Балтабек Қуандықов,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
геология-минералогия ғылымдарының докторы**



«МЕН – Геолог-барлаушымын» кітабы баспадан 20 қазан 2021 жылы 300 дана тиражбен, балаларымның демеушілігімен шықты.

Келесі кезекте 2022 жылдың басында «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР» деген кітап та жарық көрді.





Бұл кітап МГҚҚ (Мұнайшы геологтардың Қазақстандық қоғамы, КОНГ – Казахстанское общество геологов-нефтяников) демеушілігімен, Балтабек ағамның «Алғы сөзімен» шықты.

Алдыңғы жақта жазып едім ғой, ойламаған жерден мен үшін тосынсый болып 2018 жылдың 24 желтоқсанында Балтабек ағамнан хат келгенін. Міне сол алғашқы хаттан басталған электронды пошта арқылы үздіксіз хабарласулардың нәтижесі осындай екі кітаптың жарыққа шығуына ұласты.

Бұл екі кітаптың сапалы, мәнді болып шығуына Балтабек ағамның сіңірген еңбегі өлшеусіз зор. Осы «Жақсыдан шарапат» деген жазбамды жазып отырғанда сол кездегі Балтабек ағаммен екеуміздің араздықтағы хат алмасуларды толықтай, бастан аяқ қарап, мұқият оқып шықтым.

Ол хаттар компьютерімде толықтай бір папкаға жинақтаулы тұрған болатын. Қалай екенін білмеймін, ағам жылы сөйлегесін, мені үнемі қолдап, көтермелеп, қолтығымнан демегеніне батылданып кеттім бе, білмеймін, әйтеуір ол кісіге сала құлаш хат жазудан рекорд жасаппын.

Қазір солардың барлығын оқып, ой елегінен өткізе отырып, жұмысбасты адамның соншама мезгіл (2018 жылдың аяғынан мына кітаптар шыққанша бірнеше жыл) алтын уақытын алғаныма өзімнен өзім ұялдым. Мен жазған сала құлаш хаттарды (жиі жазыппын) оқу былай тұрсын, сол хаттарға жалғанған файлдағы кітапқа енетін әңгімелерді де оқып, солардың барлығына егжей-тегжейлі жауап жазып, әр әңгіме жөнінде құнды ақыл-кеңестерін берген хаттары біршама көлемді. Бұл нені көрсетеді?

Балтабек ағамның қарапайымдылығын, қолға алған ісіне тыңғылықтылығын, олардың сапалы болып шығуына үлкен мән беретіндігін, ең бастысы, осы кітаптардың сапалы болып шығуына қызығушылығын көрсетсе керек. Хаттар көп жазылды деп айттым ғой, олардың барлығын осы жерге келтіру артық болар, бірақ екінші кітапты баспаға жіберерде жазған мына хатымды жалғап қояйын.



Балтабек аға, ассалаумағалейкүм.

Амансыздар ма? Айналаңыз түгелдей жақсы, жұмыс барысы да ойдағыдай ма?

Тентектен тез хабар дегендей мен қолжазбамды баспаға жіберуге дайындап болдым.

Сіз қарап шыққасын баспаға жіберетін боламын. Кітаптың атын өзіңіз қойыңыз, Сіз қойған ат ескерткіш ретінде тұрсын осы кітапта.

Тағы бір айтатын өтінішім, «Алғысөз орнына» дегендегі Сіздің хатыңызды сол күйінде, еш өзгертпестен қалдырайықшы. Баспа дәл сол күйінде суретін басып қойсын.

Бұл да болса кітаптың өзіне тән ерекшелігі, бұған дейін болмаған «Алғысөз» болсын. Керемет, дәл осы кітапқа арналған хат!!!

Кітапқа баға бергенсіз, кейіпкерлері жөнінде де құнды пікірлер, ойлар жазғансыз, бұлардың барлығы кітапты жарқыратып ашып тұрары сөзсіз.

Тағы бір өтініш, «Суреттер...» деген бөлек жалғанған файлдың Ғизекеңе арналған бөлімінде Сізбен түскен екі сурет бар.

Бұларды ертеректе, осы кітапты жазып бастағанда, Майра апамнан сұратып алғанмын. Апам альбомнан телефонмен түсірген, сканировать етпеген, сапасы нашар болып тұр, өкінішке орай.

Сізде үйдегі альбомдарда осы суреттер болса (именно осы суреттер болғаны дұрыс, болмаса қарайсыз ғой жағдайына, басқа болса да болады), менің поштама сканировать етіп жіберсеңіз жақсы болар еді.

Бұл суреттердің барлығының оригиналдарын сканировать етіп баспаға почта арқылы тікелей жібермін, мыналарды астындағы түсіндірме жазуларын көрсету үшін файлға салып отырмын.

Әңгімелердің барлығын да (тек Женя жөніндегі соңғы қосқанымнан басқаларын) Сіз оқыдыңыз, тек соңғы қосқандарымды шолып шығамын демесеңіз.

Осымен болдым. Хабар күтемін. Аман болайық.

Сізге деген құрметпен Ақтаудан Бисенбай Бисенғалиев деген геолог-барлаушы ініііз боламын.

23.08.2021 ж.

Балтабек ағамның кітапқа қойған аты «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР» болды да, менің «Алғы сөз» жөніндегі ұсынысымды қабыл алып, рұхсатын берді.

Сонымен бұл кітаптың «Алғы сөзі» болып Балтабек ағамның маған жазған ең алғашқы хаты, осы кітапқа енген қолжазбаларыма берген бағасы, талдауы сол күйінде енді және тағы бір ерекшелігі, сол хаттың астындағы қолы да сол күйінде берілді.



Құрметті Бисенбай, саламатсың ба,

Мынау Балтабек Қуандықов деген мұнайшы-геолог ағаң. Маған бірнеше қолжазбаларыңды беріп жіберген екенсің, бәрін де асықпай оқып шықтым. Жұмыста жүргеннен кейін кейде қол тимей қалады, бірақта зейін салып түгел оқыдым. Оның үстіне ішінде жазылған көп кейіпкерлерді танитын болғасын, кейбіреулерімен бес жыл бірге оқығасын, кейбіреулерімен қоян-қолтық барлау бағытында жұмыстас болғасын және айтылған әңгімелер мен жазылған жағдайлар мен үшін түсінікті болғасын мен үшін қызық болды. Жалпы барлық жағдайлар қарапайым, кей жағдайларда әдемі әдеби тілмен жазылып оқушыны өзіне тартып отырады.

Жалпы өзің айтқандай мұнайшы-барлаушылар туралы арнайы жазылған еңбектер көп емес. Терең ізденістер жасалып, осы саланың жетістіктері мен оның ерекшеліктерін ашатын әдеби еңбектер болса қандай керемет болар еді. Шынында да осы еліміздегі мұнай мен газ саласының негізін қалаған осы барлаушылар емес пе. Мысалы Маңғыстау, Қызылорда сияқты тек қана мал шаруашылығы дамыған өлкелерді қазір өндірісі дамыған мұнайлы өлкеге айналдырған осы барлаушылар ғой. Олардың осындай құлазыған далаға алғашқылар болып келіп, барлық өмір қиындығын бастарынан кешіп жанқиярлық еңбектерінің арқасында Өзен мен Жетібай, Жаңажол мен Кенқияқ, Құмкөл мен Ақшабұлақ, Қаламқас пен Қаражанбастар ашылған жоқ па. Ал Теңіз бен Қарашығанақты айтайықшы, осындай дүниежүзілік маңызы бар кен орындары қазір еліміздің маңдайын жарқыратып отырған жоқ па. Міне барлаушы-геологтардың осындай қиын да қызықты жұмыстарының көптеген сәттерін әдемі сүреттеген екенсің.

Мысалы, менің өте жақын досым, бес жыл жоғарғы оқу орнында бірге оқыған, Алматының сая-бақтарын бірге аралаған, кейін жан-ұяларымызбен аралас-құралас болған Физат Балмұхамбетов туралы жазғандарыңды оқығанда оның жәрқын бейнесі, әруақытта жымиып тұратын ақжарқын жүзі қайтадан көз алдыма келіп бірталай толқыдым. Оның кейбір мен білмейтін, естімеген жақтарын біліп танысқанда, осындай асыл жандардың өмірден ерте өтіп кеткеніне қатты қынжыласың. Одан естіген жылы сөздерің мен көлеңкесі түскен шақтарын айтқаныңда мен тағы да физикенің қандай үлкен жүректі азамат екенін қайтадан көз алдыма елестеттім. Әсіресе сенің қиналып жүргеніңді біліп үндемей жүріп өзіңе үй алып беруі, жұмыстағы қиын жағдайға қарамастан мекемедегі шатта жоқ болса да өзіңе жұмыс тауып беруі, балаңның оқуына тікелей көмектесуі т.б. жағдайларды жақсы жазыпсың. Жалпы тоқсаныншы жылдардағы саладағы қиын жағдайлар жақсы сүреттелген. Әсіресе осындай қиын жағдайда ұжымды тарқатпай сақтап, мамандардың бәріне жұмыс тауып беруін, физикенің жеке ролін жақсы келтіріпсің. Оның әр адаммен тіл табысып сөйлесуі, олардың жүректеріне дұрыс жол табуы, керекті жерінде орынды әзілмен шиеленіскен жағдайларды орынды шешуі, ашық мінезімен адамды баурап алуы жақсы да тартымды айтылған. Не керек, жазбаларыңды оқып отырып Физикенің қайтадан жүздескендей болдым.

Ал енді менің әріптесім, бес жыл бір группада оқып, бір бөлмеде жатып студенттік маргарин жаққан қара нан мен қара бөліскен Есенғұл Жолдасбаев туралы жазғандарыңды оқығанда оның бұрғылау алаңындағы жұмысы, жалпы барлаушылар арасындағы беделі, адамшылдық қасиеті, қарапайымдылығы өте шыншыл суреттелгенін айтқым келеді. Иә, ол оқып жүргенде де сондай болған. Аздап жасының бір-екі жылдық үлкендігіне байланысты әруақытта біздер одан ақыл сұрап, оның ойын тыңдайтын едік. Мінекей сол қасиеті елге қайтып, жұмысқа орналасқанда да әрі қарай шыңдала түскеін көріп отырмыз. Оның өте білгір маман екенін, жұмыс десе өзінің жеке басының шаруаларын ысырып қойып алға қойылған тапсырманы ойдағыдай орындайтынын жақсы көрсетіпсің. Осындай қарапайым қызметкердің өндірістік тапсырманы бұлжытпай орындайтынын дәл суреттеп көрсеткеніңе көп рахмет айтқым келеді. Құрықтағы барлаушы-геологтарға арналған музейдің ашылғанына мен қатты қуандым. Бірақ та әлі оны көрудің реті келмеді, сондықтан оған баға беруден аулақпын. Әрине бұл сияқты тарихи мұражайда өмірден өткені бар, өтпегені бар елге еңбегі сіңген ардақты геолог-барлаушылар туралы толық мәліметтер болуы керек қой. Менің естігенім, бұл мұражай тек бір кісінің (Тұрсынғали Көшенов) жеке өзінің жинаған мәліметтеріне негізделген. Сондықтан, алға қарай көптеп-көлемдеп бұл мұражай тарихи мәліметтермен толықтырылады деп сенемін. Алға қарай бәріміз бірігіп өздеріміздің ақыл-ойларымызды айтып, қолда бар жәдігер, тарихи документтермен осы қазір ғана ашылып жатқан мұражайды толықтыруымыз керек деп ойлаймын. Әрине бұл мұражайдың төрінде Есенғұл туралы, онымен бірге жасаған әріптестері, Маңғыстау өңіріндегі мұнай-газ кен орындарын ашуға тікелей қатынасқан мамандар туралы мәліметтердің болатынына әбден сенемін. Біздің қазақстандық мұнайшы-геологтардың қоғамдастығының осы мұражайды алға қарай көркейтуге, қолда бар мәліметтермен бөлісуге деген жоспарлары бар. Облыстық геологиялық инспекциямен бірлесе отырып Геологтар күні қарсаңында мұражайдың айналасына ағаш отырғызып оны көгалдандыру да ойда бар. Жалпы Есенғұл туралы жақсы ойларды келтіріпсің. Мүмкін болса осындай мақалаларды облыстық газеттер бетінде жарияласа да жақсы болар еді.

Ал енді осы Маңғыстау өңірінің қазыналы түбек екенін дәлелдеген бірден бір азамат Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев екенін бүкіл ел біледі. Ол кісі туралы көптеген кітаптар, арнаулы мақалалар, телефильмдер шыққаны бәрімізге аян. Жақында ғана бүкіл ел болып ол кісінің 90 жылдық мерей тойын Ақтауда атап өткен болатынбыз. Бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен белгілі ғалымдар, геологтар, ардагер мұнайшылар қатынасқан болатын. Ол кісінің өмір белестерін суреттейтін үлкен кітап шықты. Қазір екінші кітап дайындалып жатыр, бұйырғас алдымыздағы жылдың бас жағында ол кітап та жарық көретін болар. Марат Байзақовтың ол кісі туралы суреттемесі тағы да Халекеннің келбетін, адами қасиетін, ұйымдастыру қаблетін толықтыра түседі деп ойлаймын.

Осы естеліктің ішінде Герасименконың және өзінің геолог-барлаушылар өмірінде кездесетін қызықты жайттар әдеби тілмен өте тартымды беріліпті. Менің ойымша өзінің осындай жазбаларыңды жинап жинап, кішкене өңдеп «Барлаушылар өмірінен қызықты жайттар» деп кітап қылып басып шығаруға болады ғой. Тілің өте жатық, тартымды, әдеби бағытта да өзіндік орны бар сияқты. Жалпы осы жазбалар маған ұнады, беріп жібергеніңе



тағы да көп рахмет. Денсаулығыңның кінаратына қарамай осылай жігер көрсетіп, қайсарлығыңды танытып отырғаныңа шын жүректен қуанамын. Менің ойымша тарихымызда үлгі алатын осындай қайсар жандар бар ғой. Олардың ішінде менің ауыма түсіп отырғандары өзің білетін Островский, Рахмет Өтесінов. Олардың жазған еңбектері көп адамдарға қайрат беріп жігерлендіргенін жақсы білесің. Сондықтан өзіңе зор денсаулық тілей отырып, келе жатқан жаңа жылда жаңа табыстар тілегім келеді. Жаңа жыл өзіңізге қуат берсін, жаң ұяңызға бақ-береке, саулық пен үйлесімшілдік алып келсін!

Сәлеммен,

Балтабек Қуандықов

Алматы 24 желтоқсан 2018 жыл



Адам деген қызық жаратылыс қой, кейде болмашы-
дан «бір атым насыбайдан» дегендей көңілің қалады,
кей кездері жақсы жанның өзіңе деген ықылас-пейілін
сезіп, қолтығыңнан демеген қолын сезініп қанатсыз-ақ
көкте самғап, тау қопарардай күш-қуат пайда болып,
қанаттанып жүресің. Алдында жаздым ғой, елдің ал-
дында жүрген, осы адамның пікірін білген дұрыс бо-
лар-ау деген бірнеше адамға қолжазбаларымды беріп,
хабар күтіп, ең соңында үмітім үзіліп қойғанымды.
Ол адамдардың лауазым деңгейі Балтабек ағаммен
салыстыруға да келмейтіндей болса да бір ауыз пікір
айтуға шамалары жетпеді, өздерін төмен түсіп қала-
тындай көрді ме, әлде, өресі жетпеді ме, білмедім. Ал
Балтабек ағамнан мен тап осындай жылылық, қызу
қолдау көремін, уақытымен санаспай жазғандарымды
талқылауды күткен де емеспін. Ал шынтуайтына кел-
генде бәрі керісінше болып шыға келді. Ұлы адамдар
қарапайым келеді дегенді мен Балтабек ағамның ісі
мен сөзінен сездім, көрдім, иландым.


Бұны ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ деп қалай айтпас-
сың!?

Содан жылдар жылжып өтіп жатты, бұрынғыдай
жиі болмағанмен Балтабек ағаммен арамыздағы по-
шта арқылы хабарласулар тоқтаған жоқ. Бұл жылдар
да босқа өткен жоқ, Балтабек аға басқаратын КОНГ
ұйымының бастауымен, Маңғыстау өңірлік «Жер қой-
науын қорғау, геология инспекциясының» қостауымен
көптеген шаруалар атқарылды.



Ол шаруаларды да кезек-кезегімен төменгі жақта жазатын боламын, ал қазір осы **КІТАПТАР** деген бөлімді аяқтап тастайын деп отырмын.

2024 жылдың бас жағында, кенеттен өмірден озған Балтабек ағамның досы, курстасы, әріптесі, менің де сыйлы ағаларымның бірі Есен Күмісқалиға арналған «Есенді еске алғанда» деген кітапты құрастыру жұмыстарымен шұғылданып жүріп, кейбір қажетті материалдарды қарау үшін 2005 жылы Алматыдағы «Арыс» баспасынан «Маңғыстау мақтаныштары» сериясымен шыққан «Ғиззат Балмұханбетов. Еске алу кітабын» қолыма алдым.



Жақсы жазылған кітап екенін, көптеген жақсы мәліметтер, ақпараттар жинақталғанын білетін едім де және бірнеше рет оқып та шыққанмын. Содан, мына кітаптың шыққанына да 20 жыл болды, одан бері Ғизекеңе көрсетілген құрметтің де, жазылған естеліктердің де біразы өмірде орын алып жатыр. Ғизекеңді ел ұмытқан жоқ, бірақ мына кітапты жаңартып, заманауи үлгіде, полиграфияның соңғы жетістіктерін пайдаланып, тағы да өзімнің, достарының естеліктерін қосып неге қайта шығармасқа деген ойға қалдым. «Есенді еске алғанда» кітабын шығарып, тұсаукесерін өткізіп, елдің риза болғанын көріп, өзімнің ойға алған шаруама кірісіп кеттім. Бас алмастан жұмыс жасап, марқұм Ғиззат ағам да елге жаққан, алғаны тек алғыс болған марғасқа жан ғой, кітаптың жұмысы жүрудей-ақ жүрді, ешқандай іркіліс болған жоқ.

Бұл кезде Балтабек ағаммен ватсапп арқылы хабарласатын болғанбыз, тек анда-санда көлемді материалдармен бөліскенде ғана эл.поштаның көмегіне жүгінеміз. Жаңа кітаптың жобасы ойдағыдай болып нобайлаған кезде Балтабек ағама шығып «Осы кітаптың атын Сіз қойыңыз және Алғы сөз жазып беріңіз» деген ұсыныс айттым және осы кітапқа енгізуге қажетті суреттер болса жіберерсіз дедім. Мына хабарды естігенде Балтабек ағам қуанып кетті. Ғизекең екеуі дос, курстас, әріптес, отбасымен де тығыз араласып отырған жандар ғой. Менің алдыңғы екі кітабыма қалай көмектесті, бұл кітапқа да тап солай білек сыбана кірісіп, жиі хабарласып, қандай көмек керектігін сұрап...





«Алғы сөзді» жазып жіберді, кітаптың атын «ҒИЗ-ЗАТТЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ» деп өзі қойды. Тағы бір айтқаны, бұл кітаптың шығуына КОНГ ұйымы демеуші болады деді. КОНГ-тың демеушілігімен «Геолог-Мұнайшылар» сериясымен шығып жатқан атақты мұнайшы геологтардың ғұмырбаяндық кітаптары баршылық, сапасы да жақсы, бірақ форматы шағындау. Сондықтан Балтабек ағам бұл кітаптың форматы «Есенді еске алғанда» деген кітаппен бірдей болғаны дұрыс, екеуі де Сіздің достарыңыз, екеуі де бір бірімен мына жалған өмірде дос болды, бәріңіз де бірге оқыдыңыздар, сондықтан кітаптарының да форматтары бір бірінен қалыспағаны жақсы дедім. Ағам келісті. Артынан тұсаукесерде кездескенде Балтабек ағам: «Бисенбай мына кітаптың форматы Есеннің кітабынан кем болмасын, екеуі ана жақта кітаптарының форматтарын салыстырып жүрер» деді деп күліп алған.

Айта берсе, бұл кітаптың да баспаға қатысты өзіндік «жыры» баршылық.

Бірақ, аяқ астынан, жоқ жерден баспа тарапынан пайда болған сол кедергілердің барлығын Балтабек ағам өзі қолға алып жеңіп шықты.

Кітап дер кезінде сапалы, елге ұялмай көрсетуге болатындай болып жарыққа шықты, оқырмандарына жол тартты. 2025 жылдың 13 ақпаны күні өзі Ақтауға келіп, мені шақырып алып, баспа редакторымен телефон арқылы сөйлесе отырып, кітаптың жарыққа шығуы жөнінде шағын мәжіліс өткізді.

Бұның өзі де бірталай нәрседен хабар берсе керек деп ойлаймын. Қазақ «Мың сіз-бізден, бір шыжбыж» деп бекер айтпаған шығар, осындай азаматтың кіріскен ісі оңынан оралмауы мүмкін емес.

Бір ескерте кетер жағдай, бұл кезде Балтабек ағамның денсаулығы сыр беріп, біраздан бері ем алып, дәрігерлердің жіті қадағалауында жүргендігі еді, сонысына қарамастан мына шаруаға тығыз араласып, қолындағы бар мүмкіндікті салып, жұмысты еңсеріп кеткенін айтсаңшы.

Егер Балтабек аға осылайша кіріспегенде, сырқатының жайымен денсаулығын күйттеп кеткенде бұл кітап жуық маңда шыға қоюы екіталай еді.

Кітап баспадан 2025 жылдың 28 наурызында шығып, менің қолыма 01 сәуір күні тиді. 02 сәуір күні тұсаукесері өтті.

Енді назарларыңызға осы кітапқа Балтабек ағамның жазған «Сөз басын» ұсынайын, оқып қарарсыздар.



СӨЗ БАСЫ

Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

Өлеңнің құшағына сия алмайтын;

«Қазағың – қане?» – десе,

«Мінеки!» – деп,

Көрсетсе жер жүзіне – ұялмайтын!

Сырбай Мәуленовтың осы бір өлең жолдарын оқысам, көз алдыма Ғиззат досымның ақ жарқын бейнесі келеді. Онымен өткен жастық шағымыз, студенттік кезіміз, еңбек жолымызды бастаған кезіміз, өмір жолымыздың сан түрлі сүрлеуінен басталып, жарқын жолдарға ұласқан сапарымыздың баяны, бәрі-бәрі есімде...

Иә, туған-туысына, бала-шағасына, әсіресе дос-жарандарына деген махаббаты мен жылы қарым-қатынасы көп адамдарға үлгі болатын қасиеті мені ерекше толғандыратын еді.

Бойында өзінің өмірлік ұстазы Халел Өзбекғалиевтің парасаты, әкесінің қанымен, шешесінің ақ сүтімен тараған ерекшелігі бар алғыр жігіт әрқашанда көз алдымда тұрады. Осындай асыл қасиеттерінің арқасында Ғиззат өз қатарының алды болып, ел аузына ерте ілікті.

Жылдар жылжып өткен сайын өткен күндердің белестеріне көз саламыз, сол белестерден артта қалған жарқын күндер мен жан достардың, көз көрген жақсылардың сағынышқа айналған бейнелері сағымға айналған күндердің тасасында қол бұлғайды.

Сағындырады, сол бір қимас күндерді еске салады, еш алаңсыз өткен сол күндердің естеліктерінде бәрі де бар, алғашқы адымдар мен жеңістер де, өкініштер мен жеңілістердің кермек дәмі де... Ал, ең қымбаттысы – сол күндердің естеліктерінде жаныңнан артық көрген, өмірлік достарыңның барына шүкіршілік етесің. Сондай азамат, жан досым, бәріміз үшін орны бөлек Ғиззат еді. Ол қазақ айтатын «жанып тұрған» жан еді, амал қанша, тағдырдың жазуы солай болды. Өзінің лаулап өткен аз ғана ғұмырында ол елі үшін қолынан келгеннің бәрін жасауға ұмтылды, жасай алды да.

Тоқсаныншы жылдардың басындағы өтпелі заманда, айналасындағы шарасыз қалған жүздеген, тіпті мыңдаған әріптестерін тығырықтан алып шығуға маңдай тері сорғалап қызмет істеді емес пе! Геологиялық барлау жұмыстары ешкімге керек болмай қалғанда өзінің көз көрген достарына барып, ұйымдастыру қабілетін салып талай есікті тоздырып кезінде атағы дүркіреп тұрған «Маңғышлақмұнайгазбарлау» мекемесінің іргесін шайқалтпай, мамандарға жұмыс көзін табуға бар күшін салды. Бір жерден азғантай болса да бұрғылау жұмыстарын тапса, екінші жерден қазылған ескі ұңғыларды қалпына келтіріп, оларды күрделі жөндеуден өткізумен айналысса, ал енді үшінші жерден



бұрын геология барлаушыларына тән емес мұнай өндіру, мұнай кеніштерін игеруге дайындау, құрылыс пен транспорт салаларына да араласу, жерасты су ұңғымаларын қазу, құрылыс саласының қиыншылықтарын үйрену сияқты жұмыстарды игеруге үйретіп, олардың бала-шағаларының өсіп-өркендеуіне, өздерінің жұрт қатарлы өмір сүруіне мүмкіншілік жасады.

Мысалы, жаңадан ашылған кішігірім мұнай кеніші Табынайды игеруге өз қызметкерлерін молырақ орналастырып, бірталай адамдарға жұмыс тауып берді.

Осындай қиын-қыстау заманда экспедиция ұжымын сақтап қалуға біршама тер төкті. Әлі күнге дейін сол өңірдің халқы Ғиззаттың осындай жанкешті еңбегін жыр қылып айтып жүр.

Алғыр да албырт жігіттің іскерлігі де, талайға тірек боларлық тұлғалық жігері де жетіп артылатын.

Оның осы қасиеттері кеңестік басқару ыдырап, жаңа жүйенің қай жағынан кіріп, қай жағынан шығатынын әлі білмей абдырап қалған уақытта Ғизкең батыр бабаларымыздың ел басына күн туған қиын заманда елімізге тіреу болған қас баһадүрлердей қимылдағаны бәрімізге белгілі.

Бүгінгі күні біз Ғиззатты ардақты азамат, туған еліне еңбегі сіңген ері деп еске алатынымыз да сондықтан.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді», - деген ұлағатты ойдың өрісін танытар жері де осы емес пе?... Ғиззат туралы әлі талай кітап жазылар. Елі өзін жан жүрегімен сүйген ұлын

ешқашан ұмытпасына, оның атын алдағы ғасырларға
апарарына сенемін. Осындай досым болғанына, оның
өмір жолын, еңбек баянын естелік етіп айта алаты-
ныма Аллаға шүкір деймін. Оның ғибратты ғұмыры
кейінгі ұрпаққа үлгі боларына еш күмән жоқ. Оның
мәңгілік өмірі басталғанына, ол өмірдің болашаққа
жалғасарына сенемін!

**Балтабек Мұқанұлы Қуандықов,
досы, курстасы,
көп жылдар үзеңгілес болған әріптесі
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері,
геология- минералогия ғылымдарының докторы,
академик**



Құрметті оқырман!

Сіздерге Балтабек Мұқанұлының әр кездерде ұйымдастырған іс-шараларда болған видеоларын осындай кюар кодтарға (QR код) жүктеп салып отырмыз. Телефоныңызды осы кюар кодтарға бағыттап сол видеоларды қарап Балтабек Мұқанұлын еске аларсыз.





АЛЛЕЯ



Аллея салу идеясының эпопеясы қалай басталып еді...

2016 жылы жазда қолға алған туған ауылым Сағымды мәңгілік есте қалдыру жұмыстарын (Ескерткіш орнатып, кітап шығарып, Кездесу ұйымдастырып) мәресіне жеткізіп болып, ендігі кезектегі ең маңызды шаруама кірістім.

Бұл менің көптен бері алдыма қойған үлкен мақсаттарымның бірі болатын.

Киелі Маңғыстаудың мұнай-газ байлығын алғаш ашқан, осы өңірді адам танымастай қылып өзгертіп жаңа тарихын жасаған, қазіргі кездегі мұнай-газ өндіріп тұрған кенорындарының 97 % ел игілігіне ұсынған «МНГР» тресінің мекемесі жабылып, атақты геолог-барлаушы ардагерлері ескерусіз қалғаны жаныма бататын еді.

Көптеген, атақтары жер жарған, кезінде мерекелерде салтанатты жиындардың төрін бермейтін, есімдері БАҚ беттерінен түспейтін Базарбай Қосамағанбетов (СССР Мемсыйлығының лауреаты), Сүйеген Салманов (ҚазССР Мемсыйлығының лауреаты), Қайып Азанбаев (Жетібай мұнайын алғаш ашушы)... сияқты ардагер ағаларыммен қонақтықта, тойларда, әртүрлі отырыстарда кездесіп қалғанда олардың мекемеміз жабылғалы өздерінің ұмытылып бара жатқанын, қазіргі жандардың геолог-барлаушы дегеннің кім екенін білмейтінін, өңірдің жаңа тарихынан бейхабар екендігін қынжыла отырып айтқандарын еститінмін.

Атаулы мерекелерде өтетін салтанатты жиындарда төрде отырмақ түгіл, көбінесе шақырылмай ұмытылып қалатынын естіп олармен бірге қынжылатынмын. Мені қатты қинайтыны, елдің риздығына осыншама байлықты тауып берген, өңірдің гүлденуіне, жаңа тарихын жасауға ерен еңбек сіңірген, бір кездері атағы бүкіл Одаққа жайылған «Еңбек Қызыл Ту» орденді, Октябрь Революциясының 60 жылдығы атындағы «МНГР» тресінің аты да, онымен қоса ардагерлері де ұмытыла бастағаны еді.

Ендігі жерде сол олқылықтың орнын қалай толтыруға болады деген ойға қалдым. Содан ойлана келе төмендегідей жоспар жасап іске кірістім. Оқып қарарсыздар.

2017 жылы апрель айының 8-де «МНГР» тресінің құрылғанына 60 жыл толатын болды. Ол кездерде өмірде бар біраз атақты ардагерлерімізді бетке ұстап облыс әкімі А.Айдарбаевқа осы мерейтойды өткізу жайын ұсыныс қылып хат жаздық.

Хатты әкімдіктің канцелериясына ресми тіркетіп тапсырдық. Бұл хатты А.Айдарбаевтың көрген, көрмегені (оқыған, оқымағаны, сірә оқымаған да болар) бізге белгісіз, бірақ біраз мезгілден соң бізге облыс әкімдігінің бір бөлімінен «дежурный сөздер» жазылған «отписка» келді. Біраздан соң мен ол хатты А.Айдарбаевқа жеткізбей, жолдағылар осындай хаттармен жұмыс жасауға тиісті бөлімге жолдап жіберген болар деген оймен тағы да, басқашалау мәтінде, хат жазып ардагерлерді жұмсадым.



Менің бұлай ойлаған себебім, А.Айдарбаев өзі мұнайшы, Маңғыстауда жұмыс жасап өскен адам, сондықтан Маңғыстаудың мұнай-газ тарихын, геолог-барлаушылардың жағдайын жақсы біледі, оның дәл осылайша «отпуска» жасап сылдыр сөздермен жауап беруі мүмкін емес, демек біздің хатымыз оның өзінің қолына тимеген деген еді.

Бұл екінші хатта «Геолог-барлаушылар аллеясы» мен трест «МНГР»-дің ескерусіз қалған ардагер геолог-барлаушыларын осы өңірде мұнай-газ өндіріп жатқан компанияларға бөліп, әр мерекеде атаусыз қалмауын сұрадық.

Хатты ардагерлердің қолдарына тапсырып тұрып оларға міндетті түрде әкімнің жеке қабылдауында болуды, сол кезде ғана жеке өзінің қолына тапсыруды нақтылап тұрып айттым.

Тапсырған азаматтарымның әлдебір себептермен (ұзақ жүруге ерінген тәрізді) әкімнің жеке қабылдауына кіруге қолдары жетпеді де, ақырында тағы да хатты канцелярияға ресми түрде тіркетіп қайтып келді.

Айтқанымды түсінбеген адамдарға не деймін, содан күткенімдей тағы да бір бөлімнен «дежурный отпуск» келді. А.Айдарбаевтан түк шықпағасын, сол кезде жаңадан әкім болып келген Е.Л.Тогжановқа үшінші мәрте хат жаздым.

Осы үш рет жазылған хаттар мен оларға келген «отпуска» жауаптар менің компьютерімде сақтаулы.

Осылайша бірнеше жылым нәтижесіз, жел диірменмен арпалысқан Дон Кихоттай болып өтіп жатты. Тауым шағылып, осы маған неме керек, үйде тыныш, жанымды бағып жатпаймын ба деген ойлар да келген кездер болды. Бірақ мекемеміз бен оның өмірден өткені бар, ортамызда жүргендері де бар, батыр ардагерлерінің есімдерін ұмытқызбауымыз керек деген ой басым түсіп, жігерлендіріп жүрді.

Үнемі осылай болуы мүмкін емес, бір күні бәрі де оңынан оралуы керек деген сенім болды.

Айтқанымдай, Балтабек ағаммен жиі хабарласып, бірге жұмыс жасай бастағаным жақсы болды, бір күні осы мәселені Балтабек ағама неге айтпаймын, мүмкін көмектесіп қалар деп ойладым.

Ол кезде кітаптардың жұмысы тек басталып жатқан кез ғой, ал мына жұмыс кітаптардан да маңыздырақ болатын.

Әрине, Балтабек аға бірден қолдады. Аллея қандай болуы керек, ойың қандай, ойластырып жүрген жобаларың бар ма, эскизі болса жақсы болар еді... деген сияқты мәселелерді алдыма қойды.

Менде бәрі де дайын болатын. Ойымды түгелдей қағазға түсіріп, эскизді де қосып Балтабек ағама жібердім.

КОНГ деген қоғам бар екенін, ол қоғамның басшысы осы Балтабек аға екенін мен осы Аллея жұмысы барысында білдім. Балтабек ағам іске кіріскесін баяғыдан бері орнынан қозғалмай тауым шағылып жүрген ҮЛКЕН ШАРУА бірден алға баса берді.



Балтабек ағам қасына Есен Күмісқали ағамызды алып, Маңғыстау облыстық геология инспекциясының басшысы Алмагүл Келбетті де осы шаруаға жұмылдырып іске білек сыбана кірісіп кетті.

Облыс басшысы С.Трұмов қаланың ортасынан жер берді, бір орынбасарын осы жобаны жүргізуге басшы қылып тағайындады...

Сонымен «Геолог-барлаушылар аллеясының» жұмысы 2020 жылдың ақпан айында басталды, қарқынды жұмыс жүргізіліп сәуір айының бас жағында атап өтілетін «Геолог күні» кәсіби мерекемізге салтанатты ашылуын күткенбіз. Болмады.

Елімізді жайлаған Ковид-19 індеті, пандемия кедергі келтірді. Ақырында 26 қыркүйек 2020 жылы Ақтау қаласының 12 ш.а., 13-14 үйлердің орталық көше бетінде «Геолог-барлаушылар аллеясы» салтанатты түрде ашылды.

Салтанатты ашылуға облыс, қала басшылары, Алматыдан, Қарағандыдан келген ресми қонақтар да қатысты. Бұл жөніндегі ақпараттарды төмендегі материалдардан оқуға болады.

Геолог-барлаушылар аллеясы



Жалпы көрінісі.

Аллеядағы композициялар – МАФ (малая архитектурная форма):

1. БҰРҒЫЛАУ МҰНАРАСЫ және сол мұнараның ортаңғы жағынан аспанға шапшып атқылап жатқан МҰНАЙ БҰРҚАҒЫ.





2. Мұнай өндіретін качалка.



3. Далалық геологтардың құралы – КИРКА.



4. Геодезиялық тригопункт. Репер. Мосыағаш.



5. Жер бетінде гүл отырғызуға арналған МҰНАЙ
ТАМШЫСЫ бейнесінде жасалған шағын алаң бар.



6. Аллеяның аумағында орналасқан МАФ (малая архитектурная форма) – экспозициялардың арасында гүлдер отырғызуға арналған астаушалар бар.



7. Аллеяның ортаңғы жағында жаяу жүргіншілер, демалушылар үшін брусчаткалармен төселген кең жол бар, жолдың әр жерлеріне отыратын жайлы отырғыштар орнатылған.



8. Аллеяның кіреберісінде «Геолог-барлаушылар аллеясы» деген тақта ілінген баған бар.



9. Жоғарыда көрсетілген барлық композициялар геологиялық барлаудың бастауынан (тригопункт, кирка) бастап, барлама бұрғылау, бұрғылау барысында мұнай бұрқағын алу және табылған қазба байлықты, мұнай мен газды, ел игілігіне жаратып өндіру (качалка мен жердегі гүл отырғызылған мұнай тамшысы) деген циклдарды бейнелейді.

10. Негізгі экспозициялардың бірі болып есептелетін төмендегі үлкен тас қабырғаға бірнеше мәрмәр тастарға түсірілген:

- Маңғыстау өңіріндегі кенорныларының картасы салынған тақта,
- Геолог-барлаушылардың еңбегі ескерусіз қалмайтынның куәсі осы аллея екендігін көрсететін тақта,
- Маңғыстаудың атақты, отандық жоғары марапаттарға ие болған геолог-барлаушыларының тізімі жазылған тақта,
- Маңғыстау өңіріндегі геолог-барлаушылар ашып, ел игілігіне ұсынылған мұнай-газ кенорындарының қай жылдары ашылғандығы туралы тізімі жазылған тақта.

1. Аллеяның алғашқы сызбасын жасаған «ҚР Құрметті геолог-барлаушысы» Ермек Мырзаш.
2. Сол сызбаны негізге алып жоба жасауға тапсырыс беруші «Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы». Президент Балтабек Мұқанұлы Қуандықов.
3. Сол сызба негізінде жобасын жасаған «Ақтау – Ландшафт» ЖШС.
4. Жобаны жүзеге асырып, барлық құрылыс жұмыстарын жүргізген «Смарт – Инвест» ЖШС. Директоры Қонар Қабылашевич Тәжібаев.
5. Аллеяның өмірге келуіне қаржылық қолдау жасап, демеушілік көрсеткен мекемелер: «Өзенмұнайгаз» АҚ., «Қарақұдықмұнай» ЖШС., «Кенсары» ЖШС., «Меербуш» ЖШС., «Бозашы Оперейтинг ЛТД» ЖШС., «Емір Ойл» ЖШС., Компания «Тоталь Е энд П Донға Гмбх»., «Қор-Таж Мұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Ең бастысы, біздің ұсынысымызды облыс әкімі С.Трұмов, сол кездегі қала әкімі Ғ.Ниязов және облыс әкімінің орынбасары А.Қыраубаев қолдап, барлық көмектерін жасады.

«Геолог-барлаушылар аллеясы» биылғы жылдың 4 сәуірінде болатын «Геолог күні» мерекесіне орайластырып салтанатты түрде ашылатын болып жобаланған. Ашылу салтанатына облыс әкімі С.Трұмов, ҚР «Экология, геология және табиғи ресурстар» министрі Мағзұм Мырзағалиев, «Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы» президенті Б.Қуандықов қатысады деп күтілген.

Өлемді жайлаған жаман індеттің кесірінен Аллеяның ашылу салтанаты созылып кетті.

«Геологтар аллеясы» ашылды



26 Қыркүйек 2020, 20:26

Сурет: inaktau

Бүгін Маңғыстау облысының орталығы Ақтаудың 57 жылдығына орай, шаһар басшысы Нұрдәулет Игілікұлының шақыртуымен Қарағанды облысынан Ақтау кентінің әкімі Алтынбек Есмұрзаев бастаған арнайы делегация келді.

Қос Ақтаудың басшылары мен делегация өкілдері қала күніне орай облыс орталығында ашылған «Геологтар аллеясының» тұсаукесеріне қатысты. Сондай-ақ, шараға ардагер геолог-барлаушылар, Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының президенті Балтабек Қуандықов қатысты.

Жоба авторы құрметті геолог, ардагер Бисенбай Бисенғалиев. Он екінші шағын ауданда орналасқан аллеяны салуға өңірдегі мұнай компаниялары қаржылай демеушілік жасаған. Құрылыс жұмыстарына 15 миллион теңге жұмсалды.



Архитектуралық нысанда бұрғылау, мұнай алу қондырғысы, геологтардың атрибуты: балға мен табылған тас композициясы бейнеленді. Маңғыстауда ашылған кен-орындарының тізімі мен атақты геолог-барлаушылардың есімдері жазылды. Геологтардың, мұнаралар қасынан табылған құрыш білек мұнайшылар еңбегінің тек Маңғыстау облысында ғана емес, тұтастай республикамыздың экономикалық саласындағы ерекше рөлі мен маңыздылығын атап айтуға тиістіміз. Бүгін осы ардақты мамандық иелерінің құрметіне ашылған аллея алдағы уақытта қала тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналады деп ойлаймын, - деді Маңғыстау өңірлік геология инспекциясының басшысы Алмагүл Келбет.

Сондай-ақ, қала күні қарсаңында «Құрылысшылар аллеясының» ірге тасын қалау рәсімі өтті. Ақтауды көркейту, абаттандыру мақсатында алдағы уақытта он екінші шағын ауданда жаңа аллеяны ашу жоспарланған.

Алмагүл Келбеттің сөзінің соңындағы «Құрылысшылар аллеясы» жөніндегі айтқанына сәл қосымша: Іргетасына капсула салынған «Құрылысшылар аллеясы» ақыры салынған жоқ. Құрылысшылардың арасынан жұмысты алға сүйрейтін Балтабек ағам сияқты белсенді қайраткер шықпаған тәрізді.

Аллеяның жұмысы барысында Балтабек ағам елімізді жайлаған қауіпті індетке, пандемияға қарамастан облыс, қала басшылығымен тығыз байланыста болып, жұмыстың жүру барысын үнемі өз назарында ұстады. Оған төмендегі суреттер дәлел:














Аллеяның салтанатты ашылу рәсімінен суреттер:











Міне, содан кейінгі жылдарда Балтабек ағам Маңғыстау геолог-барлаушыларының арасынан жиі табылып, өзі тер төгіп, белсене араласып өмірге әкелген «Геолог-барлаушылар аллеясында» кәсіби мерекемізге арналған талай сенбіліктерге қатысып, мұнай саласында білім алып жүрген студент жастарға өнеге көрсетіп, геолог-барлаушылардың өмірінен сыр шертіп жүргенін бәріміз білеміз.

2021 жылы сәуірдің басында тойланатын кәсіби мерекеміз «Геолог күнін» КЭ «МНГР» геолог-барлаушы ардагерлері Ақтау қаласының қақ төрінен жаңадан ашылған «Геолог-барлаушылар аллеясына» жиналып шағын митинг өткізіп, сенбілік жасап, тал-теректер, әдемі гүлдер отырғызып, бұрыннан бар теректердің

түптерін қопсытып, діндерін ақтап, тазалық жасап, су құйып... дегендей мәре-сәре болып қалдық. Және бұл іске тек ардагер геолог-барлаушылар ғана жиналмай, олардың балалары, немере-жиендері де қатысып, жастарға өнеге, үлгі көрсетуді де жолға қойды. Ендігі жерде жыл сайын осылайша жиналып тұруды дәстүрге айналдыратын болып та келісті. Сол бастама күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқанына бәріміз де куәміз. Мекемеміз жойылып кеткеннен кейін әртүрлі іс-шаралардан шет қалып, өздерінің ұмытылып қалғандарына көңілдері пәс болып жүрген геолог-барлаушылардың рухы осылайша бір көтеріліп, еңселері тіктеліп жүре берді.

Ал Балтабек ағамның бұл ісін қалайша ЖАҚСЫ-ДАН ШАРАПАТ демеуге болады екен. Қазақта осындайда «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дейді. Дәл айтылған сөз, Балтабек ағам қолға алып еді, қаншама жылдар шырылдап, сөзімізді еш жерге өткізе алмай пұшайман болған бұл іс те өз мәресіне жетті де қойды. Қазіргі кезде бұл Аллея тек геолог-барлаушылардың жиналатын сүйікті жері емес, бүкіл қала тұрғындарының, қала қонақтарының келіп демалатын саябағы. Тек демалып қоймай, «МНГР» тресінің тарихынан да мол хабар алатын бірден бір орын.



Құрметті оқырман!

Сіздерге Балтабек Мұқанұлының әр кездерде ұйымдастырған іс-шараларда болған видеоларын осындай кюар кодтарға (QR код) жүктеп салып отырмыз. Телефоныңызды осы кюар кодтарға бағыттап сол видеоларды қарап Балтабек Мұқанұлын еске аларсыз.





СЕНБІЛІКТЕР

Төмендегі суреттер аллеяда әр жылдарда «Геолог күніне» орай өткізілген сенбіліктерден, шағын митингтерден көріністер.

Ардагер геолог-барлаушылар мен олардың ұрпақтарының жүзіне қараудың өзі бір ғанибет.

Барлығы да қуанышты, көңілді. Бұлар тек жәй ғана СЕНБІЛІК емес, оның мәні тереңде жатыр. Бұл – шынтуайтындағы Балтабек ағам сыйлаған мерекелік көңіл-күй десе де болады!





















Құрметті оқырман!

Сіздерге Балтабек Мұқанұлының әр кездерде ұйымдастырған іс-шараларда болған видеоларын осындай кюар кодтарға (QR код) жүктеп салып отырмыз. Телефоныңызды осы кюар кодтарға бағыттап сол видеоларды қарап Балтабек Мұқанұлын еске аларсыз.



A photograph of an oil pumpjack in the foreground, silhouetted against a bright sunset sky. The sun is low on the horizon, creating a warm orange glow. In the background, another pumpjack is visible, and the landscape consists of rolling hills under a clear sky.

ЖЫЛДАР-ЖЫЛДАР КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР ІС-ШАРАЛАР ЛЕГІ

2019 жыл

Жоғарыда жазғанымдай мен Балтабек ағамен хат алмасып, біріге жұмыс жасағанымша КОНГ деген қоғамның барлығынан хабарсыз едім. Хабарласу барысында осындай қоғам бар екенін, ол қоғамның жұмыс бағытын білдім.

2019 жылғы 4 сәуірде «Геолог күні» кәсіби мерекемізді тойлауға Алматыдан арнайы Балтабек ағамыз келіп, сол күнгі іс-шараны Құрықтағы «Геолог-барлаушылар музейімен» танысу сапарынан бастады.

Балтабек аға бастаған, өңірлік «Геология инспекциясының басшысы Алмагүл Салихолақызы қостаған бір топ ардагер геолог-барлаушылар Құрықтағы «Геолог-барлаушылар музейіне» барып ауласына тал-теректер отырғызып, музеймен танысып қайтты.

Музей 5 қазан 2018 жылы Қарақия ауданының ашылғанына 45 жыл толуына орайластырып салтанатты түрде ашылған болатын.

Қарақия ауданында ауданның
45-жыл тауарна орай ашылған
геолог-барлаушылар музейі
құтты болсын! Бұл музей
кейінгі ұрпаққа аманат
болатын құнды мұра.

Ағашқұм геолог-барлаушы-
ларымыздың еңбектері өте зор.
Өз іріміздің экономикасының
дамуы – геолог-барлаушылардың
маңдай тері, еңбектері.

Музейді ашуға зор үлестерін
қосқан аудан азаматтарына
алтыннан шексіз!

Маңғыстау өңірілік геология
өлке мерқойнаған пайдалану
инспекция басшысы
Жеңібек Аймағи Салыхамағов

05.10.2018 ж.

Жеңібек















2019 жылғы 4 сәуірде өтетін «Геолог күні» мерекесіне арналған салтанатты жиынға шақырту алдым. Бардым. Балтабек ағамды да, салтанатты жиынды ұйымдастырған Маңғыстау облыстық «Геология инспекциясы» басшысы Алмагүл Келбетті де көрдім, таныстым. Көптен көрмеген, бір кездерде бірге жұмыстас болған ардагер аға-апаларымызды көріп бір көтеріліп қалдым.

Салтанатты жиын «Абай» мәдениет үйінде облыс әкімі Е.Тоғжановтың қатысуымен, Балтабек аға мен Алмагүл Келбеттің жүргізуімен өтті. Және Маңғыстау геолог-барлаушыларының Атасы саналатын Хәлел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтың 90 жылдық мерейлі жасына арнап Н.Ю.Задерецкая жазған (Балтабек аға мен Меңдеш Салихов ағаларымыз демеушілік жасаған) «Личность. Лидер. Лауреат» атты кітаптың тұсауы да кесілді.









Сол жиында мені 100 мың теңгелік сертификатпен марапаттады. Әңгіме ақшада емес қой, елеп-ескеріп, жиналған елдің алдында атың аталғанында ғой. Қазақтан сөз қалған ба, бұндай жағдайды қазекең: «Атымды атап, сүйегімді итке таста» дейді. Яғни, атым аталса, ұмытылып қалмасам болғаны, маған тиесілі нәрсеңді (бұл жерде жілікті) бермесең де болады дегені.



Балтабек аға сол жиыннан соң мерекелік дастархан үстінде біздің бірталай ардагерлерге, ішінде мен де бармын, «Қазақстан мұнайына 120 жыл» деген мерекелік төсбелгілер табыстады.









Мерекеден кейін Балтабек ағама осынау салтанатты жиынға ұмытпай ескеріп шақырғаны үшін, Сертификат пен Төсбелгі сыйлағаны үшін ризашылығымды білдіріп хат жазып жібердім. Балтабек ағам әдеттегідей, ештеңені ескерусіз қалдырмайтын әдетімен маған төмендегідей жауап хат жазды. Сол хатта жазылған мәселелер көп, бірақ мен өзімізге қажетті жерінен ғана үзінді берейін:

«...Иә, шамамыз келгенше өзің сияқты геология саласында еңбек еткен мұнайшы-барлаушыларды ұмытпауға тырысамыз. Кейде асығыстық салдарынан қалып қоятындарың рас. Бұндайда жергілікті органдар, осы салада жұмыс істеген жігіттер естерімізге салып көмектесіп тұрса жақсы болар еді. Биылғы жылғы Геологтар күні жалпы жаман өтпеген сияқты, алға қарай да осы жұмысты жақсартатын түсуге бар күшімізді саламыз деп айтқым келеді...»

Жиыннан келгеннен кейін, Балтабек ағамның осы хатынан кейін ойландым, бұлайша шашыраңқы жағдайда жүре беруге болмас, қандайша жолмен болса да мекемеміздің жоқтығын білдірмей, басымызды біріктіріп, ардагер геолог-барлаушылармен хабарласып отыратын бір қоғам құру жағын ойластыру қажет, КОНГ қоғамына, Балтабек ағама көмек беруіміз керек, мүмкіндігінше өмірде бар ардагер геолог-барлаушыларды кеңінен қамтып, оларды ұмыт қалдырмау жағын қарастыру керек деген тұжырымға келдім.

Балтабек аға атап айтқандай кәсіби мерекемізді жақсартып түсуге, мағынасы мен сапасын арттыруға қолымыздан келгенінше атсалысуымыз керек.

Ақырында ватсапта «Маңғыстау геолог-барлаушылары» деген топ ашып, біртіндеп айналамыздағы жұмыстас болған азаматтарды осы топқа тарта бастадық. Қазіргі күнде топтың құрамында 70-ке тарта мүше бар.

2020 – 2021 жылдар

Сонымен 2020-21 жылдарда елді «**КОВИД-19**» **ИНДЕТІ** жайлады, жылдар **ПАНДЕМИЯ** жағдайында, 2022 жылда **ҚАҢТАР** оқиғасы қабаттасқан күйде өтті.

Көптеген жолдастарымыздан айрылды. Мереке тойламақ түгіл көп адам бір жерге жиналудан қорқатын, сақтанатын жағдайға жеттік.

Қазақ айтқан «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей қиын заман болды. Үлкен жабық жерлерде өтетін салтанатты жиналыстарға әкімшілік қатаң тиым салды.



Сондықтан бұл екі жылда кәсіби мерекеміз тойланған жоқ. Бірақ 2020 жылдың 26 қыркүйегінде Аллеямыздың салтанатты ашылуы Балтабек ағамның ұйымдастыруымен, Алмагүл Келбеттің қостауымен жоғары деңгейде өтті.

Бұл шара ашық аспан астында өтетіндік, пандемияға байланысты қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды ескертіп рұхсат берілді.

Ал 2021 жылғы сәуірде болатын кәсіби мерекемізді де ашық аспан астында аллеяда сенбілік жасап атап өттік.

2021 жылдың ең басты жаңалығы:

Маңғыстау өңіріне найзағайдай жарқ етіп 25.02.2021 жылы таралған төмендегі хабарға кезек берелік.

Маңғыстау облысының әкімдігі жариялаған ресми ақпаратта: «Бейнеу және Маңғыстау аудандарының аумағында орналасқан Тепке учаскесінен ТЗ-бірінші барлау ұңғымасынан мұнай бұрқағы атқылады. Алынған сынамалар бойынша мұнай сапасы өте жоғары, жеңіл, күкірті жоқ. Бұл қуанышты хабарды облыс әкімі С.Трұмовпен кездескен «Меридиан Петролеум» компаниясының президенті Б. Қуандықов жеткізді. Оның айтуынша Тепкедегі кенорын – еліміз тәуелсіздігін алғалы 30 жылда Маңғыстау облысында ашылған алғашқы ең ірі кен орны болмақ...»

– делінген. Жаңа кенорнына аты аңызға айналған геолог-барлаушы Маңғыстаудағы барлық кенорнын ашуға атсалысқан Халел Өзбекқалиевтың есімі берілді. Тепке алаңындағы бұрғылау жұмыстарын жүргізіп, Маңғыстау мұнайының екінші тынысын ашқан «Меридиан Петролеум» компаниясы. Аталмыш компанияның президенті Х.Ж.Өзбекқалиевтың шәкірті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы Балтабек Мұқанұлы Қуандықов. Балтабек Мұқанұлының БАҚ беттерінде жарияланған сұхбатында: «Ұңғылардың бірі шамамен 130-140 текше метр мұнай берсе, тағы бірі 230-240 текше метр берді.

Бұл өте, өте үлкен көрсеткіш және біздің ел үшін расымен де тарихи құбылыс. Тепке, яғни, Х.Ж.Өзбекқалиев кенорыны Маңғыстау өңірі бойынша, тіпті Қазақстан бойынша да еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылдағы ашылған орасан зор мұнай қоры бар кенорыны болып табылады.»

«Х.Ж.Өзбекқалиев атындағы мұнай кенорны жөнінде қысқаша мәлімет: Т3-1 ұңғымасын 04.11.2020 жылы қазуға кірісіп, 25.12.2020 жылы 3750 метр тереңдікте триас қабаттарын ашып тоқтатылды. ГИС ақпараттарын интерпретациялау нәтижесінде төменгі юра қабаттарында қалыңдығы 60 метрден аса мұнай қабаты анықталған. 03.02.2021 жылы аталған төменгі юра қабаттарының 62 метр қалыңдығын перфорация жасау барысында қуатты мұнай, газ бұрқағы алынды (8 мм штуцер арқылы орта есеппен тәулігіне 240 текше метр мұнай).»



Әрине, Маңғыстаудың ардагер геолог-барлаушылары үшін бұл кереметтей сенсациялық жаңалық болды. Ардагер геолог-барлаушылар, мұнайшылар осындай қуанышты хабарды ести сала бір-бірлерімен хабарласып, сүйінші сұрап, бөріктерін аспанға атып бір жасап қалды. Еліміздің аумағында, қала берді қазыналы Маңғыстау өңірінде осындай мол қоры бар мұнай алаңы ашылғаны бір қуаныш болса, оны ашып, елдің игілігіне ұсынған атақты, аты аңызға айналған геолог-барлаушы Х.Ж.Өзбекқалиевтың шәкірті Балтабек Мұқанұлы Қуандықов болғаны да елді ерекше қуанышқа бөледі. Ал осынау мұнай қоры мол кенорынның атын Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтың атымен аталуы біз үшін баға жетпес жаңалық болғаны айтпаса да түсінікті.

Өмір жалғасуда, дәстүр жалғасуда. Ұстазын ұлықтап, Ұстаз атын мәңгілік есте қалдыру үшін тағы бір шәкірттік қадам жасалуда!!! Бұл хабарды Маңғыстау геолог-барлаушылары Балтабек Мұқанұлы сияқты шәкіртінің ҰСТАЗЫНА жасаған сыйы мен құрметі деп қабылдадық. Биылғы, 2021 жыл, еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Маңғыстау мұнайының 60 жылдығы аталып өтетін мерейлі жыл. Жаңа кенорынының ашылуы осынау қос мерекеге де тамаша тарту болғаны қуантады.

Осынау сүйінші жаңалықты қуанышпен қабылдадым!

Құтты болсын! Жаңа кенорын еліміздің игілігіне айналғай!

2022 жыл

Ал 2022 жылдың басында **ҚАҢТАР** оқиғасы орын алып елдің жағдайы аумалы-төкпелі қолайсыздау болғандықтан сәуір айында мерекемізді өткізу мүмкін болмады да, басқадай жоспары туралы Балтабек ағам төмендегідей хат жолдады:

«...2022 жыл. Қоғам көптен бері дайындап жүрген үлкен халықаралық геологиялық Форум Түркістан қаласында майдың 26-27сінде өтуі керек еді.

Бұл шара арнайы минэнерго мен экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен келісілген, Түркістан облысының Әкімінің қолдауымен өткізілейін деп отыр...»

2022 жылдың 26-27 мамырында өткен Түркістан халықаралық геологиялық форумынан суреттер

Бұл форумға Маңғыстаудан ерлі-зайыпты Есен Күмісқали мен Жаңыл Қамысбаева қатысқанын білемін, басқа қатысушылар жөнінде естіген жоқпын.



International geological Forum
CARBONATE BASINS OF KAZAKHSTAN AND ADJACENT AREAS
26-27 May, 2022 Turkestan, Kazakhstan





2023 жыл

2023 жылғы кәсіби мерекемізді төмендегі ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫНДА көрсетілген бағдарламаға сай 30 наурыз күні өте жоғары деңгейде атап өттік.

«Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының», облыстық әкімшіліктің, облыстық жер қойнауын қорғау, геология инспекциясының ұйымдастыруымен Ақтау қаласында «Геолог күні» мерекесін атап өттік.

Мерекені өткізу үшін жасақталған іс-шаралардың басында Ақтаудағы «Геолог-барлаушылар аллеясына» жаңадан тал-теректер, гүлдер отырғызу жұмыстары болды.

Аллеяға жиналған көпшілік ардагер геолог-барлаушылардың аттары, жүріп өткен жолдары жазылған стелаға гүл шоқтарын қойып, тағзым етіп, митингте естеліктерімен бөлісіп, құттықтау сөз сөйледі.

Содан кейін облыс әкімі Нұрлан Ноғаяев, Балтабек ағам қатысқан салтанатты жиын Ақтаудың ең бір көрікті ғимараты саналатын «Достық үйінде» өтті.

Маңғыстау өңірінің геология саласына еңбегі сіңген ардагерлер, қазіргі кезде еңбек етіп жүрген мамандар, Ш.Есенов атындағы университеттің мұнай факультетінің студенттері, болашақ геологтар жиналды.

Салтанатты жиынды «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» президенті Балтабек Мұқанұлы Қуандықов жүргізіп отырды. Көптеген марапаттаулар да болды.



Маңғыстау геолог-барлаушыларының атасы саналатын Халел Жағыпарұлы Өзбекғалиевтың есімі еліміз Тәуелсіздік алғалы бергі отыз жылда ашылған ірі мұнай кенорнына берілгенін осы жиында ресми түрде жария қылды.

ЦИТАТА ДНЯ:



**Балтабек
Куандыков**
Президент компании
"Меридиан Петролеум"

“Одна из скважин дала порядка 130-140 кубов нефти, а другая - 230-240 кубометров нефти. Это очень, очень большой показатель. Это поистине историческое событие для нашей страны. Это самое крупное месторождение, открытое в Мангистауской области с начала обретения независимости, да и вообще на территории Казахстана таких открытий не было”


PETROCOUNCIL.KZ
www.petrocouncil.kz

БАҚ беттеріндегі сұхбаттан.

Бағдарламаға сай, осы салтанатты жиында кітаптарымның тұсауы да кесілді. Елімізде орын алған соңғы жылдардағы оқиғаларға (пандемия, қаңтар...) байланысты «Геолог күні» мерекесі көп тойланбаған болатын да, соған орай кітаптарымның тұсаукесері де кейінге шегеріліп келген еді.

Сәтін салған күн осы болды. «Сабақты ине сәтімен» дегендей бәрі де мен күткеннен де жоғары деңгейде өтті.

Бұл менің өмірімдегі ең атаулы күндердің бірі болды. Кешкі шай дастарханы басында Балтабек ағам КОНГ қоғамы атынан құттықтау сөз сөйлеп, иығыма **ШАПАН** жапты.



Ал енді Балтабек ағамның мені осыншама биікке көтеріп тастаған осы ісін қалайша ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ демеуім керек екен.

Осы шаралардан кейін Балтабек ағама ризашылығымды білдіріп төмендегідей хат жазып жібердім.



Ассалаумағалейкүм, Балтабек аға.

Амансыздар ма? Ауылыңызға аман-есен, шаршамай жеттіңіз бе?

«Геолог күні» мерекеңіз құтты болсын! Қазіргі кездегі Қазақ Елінің Бас Геологі Сізсіз ғой. Мықты денсаулықта болып, абыройыңыз арта бергей! Алға қойған игі мақсаттарыңыз іске аса берсін, еңбегіңіз жемісті болғай!

Ақтаудағы өзіңіз бас болып ұйымдастырған іс-шаралардың барлығы да өте жоғары деңгейде өтті! Халық риза, әсіресе КЭ «МНГР» Геолог-барлаушылары. Әртүрлі салтанатты жиындарды көріп жүрген геолог-барлаушыларды тап осы жолғы САЛТАНАТТЫ ЖИЫН әбден тәнті етті. Соңғы кездері тек мұнайшыларға ғана көрсетіліп келген құрмет пен соларды дәріптеуден жарыс ұйымдастырып жүргендердің өздері ауыздарын ашып қалды. Сіздің арқаңызда бұл өңірде ешкім көрмеген құрметті КЭ «МНГР» мен осы өңірге еңбегі сіңген көптеген ардагер геологтар, геофизиктер, тағы басқалар көрді. Ел таныды. Бұрындары Каспий жағалауындағы 5 мемлекеттің ПРЕЗИДЕНТТЕРІ отырған САЛТАНАТТЫ САРАЙДЫҢ ТӨРІНДЕ киелі Маңғыстаудың мұнай, газ байлығын ашқан ГЕОЛОГТАР, ГЕОФИЗИКТЕР, ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАР отырды, кеуделерін мақтаныш кернеп, айналасына шекелерінен қарап бір көтеріліп қалды. Ұмытылмастай салтанатқа бөленді.

Жүрген жерімде үнемі қайталап айтудан жалықпаймын (басқалар да солай деп ойлаймын), осылардың барлығы да Сіздің (именно Сіздің) КОНГ сияқты ұйым ашып, соның аумағына геологтарды (ұмытылып бара жатырған геолог-барлаушыларды жұмылдырып) жинастырып, абырой, дәрежесін биіктетіп, елге танытып жүргендігіңіздің арқасы. Егер осы орында Сізден басқа адам болғанда бізге («МНГР» тресі геолог-барлаушыларына) тап осындай көңіл бөлінер ме еді, бөлінбес пе еді. Бөлінбесі анық, ол адам басқалар сияқты, таптаурын колейдан шыға алмай, тек мұнайдың айналасында жүрген геологтарға ғана мойын бұрары сөзсіз. Сіз бізбен бірге жұмыс жасадыңыз, өз ортамыздан шықтыңыз, біздің геолог-барлаушылардың ішкі кухнясын жетік білесіз, көпшілік ардагерлермен достық қатынастасыз, бізге етене жақынсыз, сондықтан да біздер осындай ҚҰР-МЕТКЕ ие болып келе жатырмыз. «Именно Сіздің» деп сондықтан да басып, атап көрсетіп отырған себебім.

«Бәрін айт та бірін айт» дегендей, мен сияқты артыңыздан ерген жаман інііздің абыройын асқақтатып, үш ұйықтасам түсіме де кірмейтін биікке көтеріп жібердіңіз. Осылардың барлығына әлі де болса сене алар емеспін. Мен мықтымын деген, елге кеңінен танылған ақын-жазушылардың айтулы еңбектерінің тұсаукесерлері де тап осылайша құрметтелмеген болар. Бір жағынан осындай құрметке қысылып, ұялып отырған жайы да бар жаман інііздің. Өзіңіз жақсы



білесіз, бұл кітаптарға енген жазбалардың барлығы да менің жаным қиналып, төрт қабырғаға қамалып, өзімді қоярға жер таппай, ең болмағанда сол бір бақытты шақтарыма ойша болса да саяхат жасап, өз көңілімді өзім көтеру мақсатында жазылған шытпақтар ғой. Өз ойымша, бұлардың әдеби де, басқаша да көп құндылығы жоқ болар, бірақ Сіз соларды осындай биік деңгейге көтеріп, қолдап, бүкіл елге танытып, жаман інііздің абыройын шарықтатып жібердіңіз. Сол шытпақтардың ішінен сәл де болса бір пайдалы «жылтырақ» таптыңыз. 30 наурыз күні Аллеядан бастап, кешкі шай дастарханымен аяқталған басқосулардың барлығында да мені дәріптеуді бір сәтке де ұмытпадыңыз. Әуелетіп жібердіңіз жаман інііздің абырой-беделін. Қазір мені бүкіл Маңғыстау біліп қалды.

Бұрғылау маманы болып жастайымнан Маңғыстауды тануға тырыссам, енді киелі Маңғыстау мені (Сіздің арқаңызда) танып, көтермелеп жатыр. Бұрында да бір рет жазып едім, тағы қайталаудың артықшылығы болмас, Ғизекең досыңыз туған ағамдай болып еді, енді ол ағамның орнына Алла Тағалам Сізді жіберген сияқты маған. «Ағасы бардың жағасы бар...» деп бекер айтпаған екен халқым. Ғизекең сияқты, Сіз сияқты құндыз жағадай болған алтын ағаларым бар мен бір бақытты жанмын ғой. Іні болуға жарай алсам болғаны. СІЗГЕ АЛЛАНЫҢ НҰРЫ ЖАУСЫН дегеннен басқа не айта алармын, осы сөздерде менің жүрегімдегі барлық алғыс сезімім бар. Қабыл аларсыз.

Осы жолғы «Геолог күні» мерекесі кезінде (Аллеядан бастап, кешкі шай дастарқанына дейін) мен Сізге қарап отырып мынандай ойға қалдым: «Балтабек ағам жалғызсырап қалды-ау, қасындағы жан досы Есахаң ағамыз (Есен Күмісқали) жоқ, Жаңыл апам да жоқ. Бұрындары Есахаң мен Жаңыл апам екі жағыңызда тұрып, қос қанатыңыздай болып, үшеуіңіз жарқылдап, жайнаңдап, әзілдеріңіз жарасып, мәз-мәйрам болып жүруші едіңіздер.

Енді міне, жалғызсырап қалғаныңыз мынау.» Ойламайын десем де болмады, Сізге қараған сайын осы ой мені мазалай берді.

Әсіресе, кешкі шай дастарханы басында бұл жағдай көзге ұрып тұрды. Мүмкін, басқалар бұны сезбеген де болар, ал мен... Тілім болса, аяғым жүрсе қасыңызда болар едім, аздап та болса демеу болар едім-ау...

Осы жерде іс-шараны ұйымдастыруда, жоғары дәрежеде өтуіне тыным таппастан жұмыс жасаған Алмагүл қарындасымның еңбегін атап өтпеске болмас. Ұйымдастыру қабілеті мықты қыз екен.

Өз орнында отырған, қабілетті маман, алғыр басшы екен. Көмекшіңіз жарады!!!

Осымен болды. Амандығыңызды тілейміз.

*Сізге деген құрметпен Ақтаудан Бисенбай ініңіз
боламын.*

Ақтау. 31.03.2023 ж.



Кітаптарымның тұсауын кескен:

Балтабек Мұқанұлы Қуандықов – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик, «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР» кітабына демеушілік жасаған «Мұнайшы геологтардың Қазақстандық қоғамы» (КОНГ) президенті,

Отыншы Көшбайұлы – «ҚР Жазушылар одағының мүшесі», «ҚР Үздік өлкетанушысы», «ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі», «ҚР Мәдениет қайраткері», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, көптеген кітаптардың авторы, жазушы.



Сізді 2023 жылғы 30 наурыз күні Ақтау қаласында атап өтілетін геолог-барлаушылардың кәсіби мерекесі – «Геологтар күніне» арналған салтанатты шараларға қатысуға шақырамыз.

Мұнайшы-Геологтардың Қазақстандық Қоғамы

Бағдарламада:

- 11:00 - Геологтар Аллеясындағы Стеллаға гүл шоғын қою
(12 Шағын ауданы, 14 үйдің арты)
- 11:15-12:00 Геологтар Аллеясына талдар өгу, суару, айналасын тазалау
- 15:30 "Достық үйі" вимаратында жиналу. (34 ш/а, 9 вимарат)
- 16:00 Геологтар күніне арналған Салтанатты жиналыс
- 16:50 Тепке блогындағы жаңадан ашылған кен орнына атақты геолог-барлаушы Халел Өзбекғалиевтың аты берілуіне арналған хабарлама
- 17:30 Ардагер геолог-барлаушы Бисембай Бисенғалиевтың "Киелі өлкені өзгерткен барлаушылар" және "Мен геолог-барлаушымын" атты кітаптарының тұсау кесері.
- 18:00 Геологтар күніне арналған мерекелік дастархан.
«Айша Сарай» (31 Шағын ауданы 5/2 ғимарат)















2024 жыл

Келесі 2024 жылы «Геолог күні» кәсіби мерекемізді Балтабек ағамның қолы тимей, басқа маңызды шаруалармен жүруіе байланысты, өзіміз атап өттік. Бұл жолы да бірнеше жылдардан бері өзіміз дәстүрге айналдырған рет бойынша сәуірдің алғашқы жексенбісінде Маңғыстау политехникалық колледжінің алдына қойылған ұстазымыз Хәлел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтың бюсті алдына жиналып, шағын митинг өткізіп, гүл шоқтарын қойып, содан соң «Геолог-барлаушылар аллеясына» келіп, ол жерде де аздаған естеліктер айтты, стела алдына гүл шоқтарын қойып, сенбілік өткіздік.

Төмендегі суреттер алдыңғы жылдардағы суреттер, тек дәстүрімізді көрсету үшін салып отырмын:

(суреттерде тұрған Есен Күмісқали, Қадыржан Бозбаев сияқты кейбір азаматтар 2024 жылы ортамызда болған жоқ, өмірден өтіп кеткен)









Балтабек ағам бұл жолы сәуір айының аяқ жағында Ақтауда КОНГ-тың ұйымдастыруымен өткізілетін «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның шаруаларымен қолы тимеді.

Конференцияға шақыру алдым. Қатыстым.





Құрметті Бисенбай Бисенғалиұлы!
Сізді 2024 жылдың 25-27 сәуірінде Ақтау қаласында өтетін
«Мәңгістаудың мұнай-газ болашағы» тақырыбындағы халықаралық
ғылыми-практикалық геологиялық конференциясына
қатысуға шақырамыз

Бағдарламада:

25 сәуір – Далалық геологиялық экскурсия (Бозжыра шатқалы)
26 сәуір – Конференция, секциялық отырыстар
(Rixos Water World қонақ үйі)
27 сәуір – Далалық геологиялық экскурсия
(Шетпе аймағындағы мезозой-кайнозой кесіндісі)

Қуандықов Б.М.
Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық Қоғамы

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАҢҒЫСТАУДЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ БОЛАШАҒЫ

International Scientific-Practical Conference
MANGYSTAU OIL AND GAS FUTURE

Международная научно-практическая конференция
НЕФТЕГАЗОВОЕ БУДУЩЕЕ МАНГИСТАУ

предварительная ПРОГРАММА Конференции

Зал МАНҒЫСТАУ-2

8:00 – 9:00 Регистрация участников Конференции
9:00 – 9:30 Приветственное слово
9:30 – 11:00 ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ
11:00 – 11:30 кофе-брейк
11:30-13:00 продолжение Пленарного заседания
13:00-14:00 обед

14:00 – 18:30 СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ

Зал МАНҒЫСТАУ-1

14:00-16:00 **1 секция** Инновационные решения в геологоразведке
16:00-16:30 кофе-брейк

16:30-18:30 **2 секция** Современные методы увеличения нефтеотдачи зрелых месторождений

Зал МАНҒЫСТАУ-3

14:00-16:00 **3 секция** Мангистау – перспективы открытия залежей углеводородов на суше и в акватории Каспийского моря

16:00-16:30 кофе-брейк
16:30-18:30 **4 секция** Новейшие технологии при эксплуатации нефтегазовых залежей

19:00 – 19:45 Приветственный фуршет в Фойе Банкетного зала
19:45 – 23:45 Гала-ужин



Научно-практическая конференция

НЕФТЕГАЗОВОЕ БУДУЩЕЕ МАНГИСТАУ

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Приглашаем Вас принять участие в
Международной Научно-практической конференции
“Нефтегазовое Будущее Мангистау”,
которая состоится

25-27 апрель, 2024 в г. Актау.

В программе:

- 25-апреля геологический тур с посещением известных геологических объектов, выходов пород
- 26-апреля научно-практическая конференция «Нефтегазовое Будущее Мангистау» о перспективах нефтегазоносности Мангистауского региона
- 27-апреля посещение знаменитых мангистауских останцов пород Бозжыра, Шеркала и др.

Казахстанское Общество нефтяников-геологов

Контактное лицо - Тимур Заманов
mob. +7701 710 0324,
e-mail: tzamanov@meridian-petroleum.kz



Халықаралық конференцияға әр елден келген қонақтарды Балтабек ағам Ақтаудың төріндегі «Геолог-барлаушылар аллеясына» шақырып, аллеяда орнатылған мемориалды тақтадағы ақпараттармен таныстырды, шағын митинг өткізді. Содан кейін қонақтар сенбілікке қатысты.





















Келесі күні конференция жұмысы қаланың сыртындағы «Риксос» қонақүйіндегі мәжіліс залында жалғасты.























Конференция қонақтарын құттықтап және өзімізді қысқаша таныстырып төмендегідей сөз жазып алып бардым:

***Құрметті Балтабек Мұқанұлы,
құрметті конференция қонақтары!***

...

Киелі Маңғыстау өңіріне хош келдіңіздер!

Өткізіліп жатқан «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық геологиялық конференцияның өз жұмысын сәтті, табысты аяқтауымен құттықтауға рұхсат етіңіздер.

«Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық Қоғамының» президенті Балтабек Мұқанұлы осы ғылыми конференцияға қатысуға бұрынғы КЭ «МНГР» ардагер геолог-барлаушыларының арасынан Берікхан Жапарұлына, Жаңыл Ордағалиқызы мен маған шақыру жіберген екен. Қатыстық, біздің өңір үшін, бүкіл еліміз үшін жасалып жатқан игілікті істер мен ғылыми ізденістердің жағдайымен таныстық. Конференцияның тақырыбы Маңғыстау үшін бүгінгі таңда ең өзекті екені сөзсіз.

Өзімізді сәл таныстырып кетейін, Маңғыстау мұнайын алғаш ашқан Ұлы Октябрь Революциясының 60 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді, үш Лениндік сыйлықтың лауреаттары, екі Социалистік

Еңбек Ері, екі СССР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, екі Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, көптеген геолог-барлаушыларының есімдері «Қазақстан Мұнай Энциклопедиясына» енген, 100-ден астам барлау алаңдарында бұрғылау жүргізіп, оның 50-ден астамынан мұнай-газ көздерін тауып, бүгінгі Маңғыстауды еліміздің басты мұнайлы, газды өлкесіне айналдырған біздің «МНГР» тресі ұжымын кезінде бұрынғы Кеңестер Одағы түгел білді. Біздер осындай атын мақтанышпен айтатын «Маңғыстау мұнайгаз барлау»(МНГР) тресінде қызмет жасаған ардагер геолог-барлаушылармыз.

Білетін де боларсыздар, «МНГР» тресі Форт-Шевченко қаласында 1957 жылы 8 сәуірде құрылды. Статистика бойынша қазіргі Маңғыстау түбегіндегі мұнай-газ кенорындарының 97% біздің мекеме ашқан. КЭ «МНГР» мекемесі нарыққа өтер заманда, 1990-шы жылдарда әбден кемеліне келіп, техника-технологиясы дамып, өте терең, 5250 метр тереңдікке бұрғы бойлатып, Елемес, Айыршағыл, Сазтөбе, Толқын... сияқты алаңдарға шыққан едік. Тұзасты қабаттарына қазудың қыр-сырын, технологиясын жақсы меңгеріп, күрделі конструкциялы ұңғыларды еш қиындықсыз қазып жүрдік. Мениікті салмағы 2,26 г/см³ болатын ИБР (известково-битумный раствор) ертіндісімен жұмыс жасап, аса үлкен пластық қысым (АВПД – аномально-высокое пластовое давление) жағдайында қазып та, улы «сероводород» газымен қалай жұмыс жасау керектігін де меңгеріп біраз тәжірибе жинақтаған едік. Маңғыстау түбегіндегі ең терең 5000



метрлік алғашқы ұңғыны 1979 жылы қазып шыққан да КЭ «МНГР» барлаушылары еді. Нарық келді, геологиялық барлауды ойламақ түгіл күнкөрістің өзі қиынға соғып барлығы да жөніне қалды. Нарық заманына да бейімделіп біразға дейін қатардан қалмай еңбек еттік. Қанишама білікті мамандарымыз елімізге келген шетелдік ірі мұнай компанияларына шақыру алды, отандық компанияларда да жоғары лауазымды қызметтер атқарып, өндіріс ұйымдастырушылары, білікті маман ретінде танылды...

Қазіргі кезде біздің мекеме жоқ, бірақ оның ардагерлері бармыз. Өзіміз ұйымдастырған, еш жерде ресми тіркелмеген, бейресми «Маңғыстау геолог-барлаушылары» деген ұйымымыз бар. Ұйымның құрамында 70-ке жуық ардагер геолог-барлаушылар бармыз. Қолымыздан келгенінше өзіміздің мекемемізді насихаттаумен, елдің есіне салып, жадынан шығып кетпеуіне жұмыстанып жүрміз. Соның бірі, өзіміздің төл мерекеміз болып есептелетін «Геолог күні» мерекесін жыл сайын атап өтеміз. Мерекені атап өтетін өзіндік дәстүріміз де бар. Ұстазымыз болып есептелетін Лениндік сыйлықтың лауреаты Хәлел Жағыпарұлы Өзбекғалиевке Маңғыстау политехникалық колледжінің алдына орнатылған ескерткіш жанына жыл сайын мерекемізде жиналып, шағын митинг өткіземіз, гүл шоқтарын қоямыз, содан соң қаланың орталығындағы «Геолог-барлаушылар аллеясына» барып, ол жердегі мемориалды тақтаның алдына да гүл қоямыз, сенбілікке шығып тазалық жасаймыз.

Аллеяға ағаштар, гүлзарларға гүлдер отырғызамыз. Сенбілікке геолог-барлаушы ардагерлер отбасымен, балаларымен, немерелерімен бірге келеді, өмірден өткен геолог-барлаушылардың жұбайлары, бала-немерелері де қатысады.

Біздің бейресми ұйым жастарға осылай үлгі, өнеге көрсетіп, дәстүр жалғастығын қалыптастырып, бойларына патриоттық сезім сіңіріп келеді. Ұйым өмірге келгеннен бері азды-көпті игілікті істер жасалып жатыр. Мекеміздің, оның ардагерлерінің аттары ұмытылмасын, елдің жадында жаңғырып тұрсын деген мақсатпен аудандық, облыстық, республикалық газеттерге, әлеуметтік желілерге, әртүрлі сайттарға естелік әңгімелер де жариялап тұрамыз.

Одан бөлек осы ұйым мүшелері ардагерлеріміз жазған «Мұнайбарлаушы жазбаларынан» (екі кітап, Сатыбалды Нұрлыбекұлы), «Өмірдің өзі новелла» (Райхан Қоқыбаева), «Непридуманные истории и другие рассказы ветерана геологоразведчика» (Евгений Васильевич Герасименко), «МЕН – Геолог-барлаушымын», «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР» (Бисенбай Бисенғалиев), «Асыл Азаматым» (Жаңыл Ордағалиқызы) деген «МНГР» тресінің тарихына, оның ардагерлеріне арналған кітаптар да жарық көрді. Өзіміздің төл ауданымыз болып есептелетін Қарақия ауданының «Қазыналы Қарақия» атты бірер жылдықта жарық көрген энциклопедиясына «МНГР» тресінің тарихын, оның құрамында болған бүкіл КСРО-ға танымал бөлімшелерін, ардагерлерін енгізуге белсене жұмыстандық.



Құрық кентінде ашылған «Геолог-барлаушылар мұражайына» қолымызда бар жәдігерлерді, ардагерлеріміз жайындағы мәліметтерді жинақтастырып, мұражай қорын толықтыруға көмектестік. Бұл мұражай қазіргі таңда жаңа ғимаратқа көшіп Қарақия ауданының тарихи-өлкетану мұражайы атағын алды, сол мұражайдың ішінде ірі бөлімдердің бірі осы «Геолог-барлаушылар» бөлімі.

Ақтау қаласындағы Әбіш Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайындағы мұнайшыларға арналған бөлімде де «Геолог-барлаушылар» экспозициясын жасақтауға қолымызда бар жәдігерлермен, ақпараттармен көмектестік. Былтырғы жылы күнтізбеге енген «Бұрғышы күні» мерекесін тек өзіміздің мекеме емес, бүкіл Маңғыстау бұрғылау мамандарының басын қосып өткізуге мұрындық болдық.

Оның бер жағында, мекемеміз жабылып қалғаннан бері ұмытыла бастаған еңбегі сіңген ардагерлерімізді «Қарақия ауданының Құрметті азаматы» атағына ұсынып, бір тобына осынау атақты алып та бердік.

Аға буын аманаттап кеткен «МНГР» тресінің рухын құлатпай, елдің жадынан шығармай, оның тарихына құрметпен қарауды қолымыздан келгенше осылайша атқарып келеміз.

Балтабек Мұқанұлы «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық Қоғамының» президенті ретінде біздің өңірге, әсіресе «МНГР» тресі геолог-барлаушыларына

көп көңіл бөледі, назарынан тыс қалдырмайды. Басқа өңірлерге де көңіл бөлетін болар, Атырау, Түркістан облыстарында өткізіп жүрген іс-шаралардан хабардармыз.

Бірақ ол өзінің кәсіби төл мерекесі «Геолог күнін» Маңғыстаулықтармен жиірек тойлайтынына біз куәміз. Құрықтағы «Геолог-барлаушылар» мұражайын салтанатты түрде ашып, сол жердегі сенбілікке қатысып, аудан орталығында қарт ардагерлермен бірге болғанын жақсы білеміз. Ақтаудың орталығынан «Геолог-барлаушылар аллеясын» ашуға біраз тер төгіп, ұйымдастыру шаруаларымен де тығыз айналысып, ақырында «ковид індеті» аяқталысымен кәсіби мерекемізге сый қылып салтанатты ашылуында да ортамызда жүргеніне куәміз.

Былтырғы «Геолог күні» мерекесін де кең көлемде тойлап өтіп, тәуелсіздік алған 30 жылдан бергі құрлықта ашылған Тенке алаңындағы ірі мұнай кенорнына Х.Ж.Өзбекғалиев атын беріп, оны мұнайшы геологтар қауымына, облыс тұрғындарына ресми түрде жариялап, одан кейін геолог-барлаушыларға арналған екі кітаптың тұсаукесерін де өткізіп еді. Енді міне, Маңғыстау түбегіндегі мұнай-газ қорының болашағына алаңдаушылық танытып, оны қалай арттыру мәселесіне арналған халықаралық ғылыми-практикалық геологиялық конференцияны да осы өлкеде өткізіп отыр. Бұларға дейін де бірнеше жылдар бойы Маңғыстауда, Ақтауда Балтабек Мұқанұлы ұйымдастырған талай салтанатты жиындарға қатысып куә болғанбыз.



Бұның сыры, Балтабек Мұқанұлының о баста еңбек жолын геологиялық барлаудан бастап, біздермен бірге еңбек еткенінде жатса керек.

Маңғыстау өлкесінің мұнайшы геологтарына, оның ішінде геолог-барлаушыларға деген осындай қамқорлығы үшін «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық Қоғамының» президенті Балтабек Мұқанұлына ризашылығымызды білдіреміз. Және біздерге үнемі қолдау білдіріп, қай уақытта да біздермен бірге болуға тырысатын «Батысқазжерқойнауы» өңіраралық департаментінің Маңғыстау өңірлік инспекциясы басшысы Алмагүл Келбетке де алғыс айтамыз. «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық геологиялық конференцияға қатысушыларға ойға алған мақсаттарыңыз оңынан оралып, конференциядағы жан-жақты талқыланған мәселелер киелі Маңғыстау өңірінің екінші тынысы ашылуына септігі тиіп, түбекті гүлдендіре түсетін ірі мұнай-газ кенорындары ашыла бергей!

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе, осы ғылыми конференцияның тақырыбы айтып тұрғандай «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» екені сөзсіз.

*Ғылыми геологиялық ізденістеріңізге сәттілік
серік болғай!*

**Ардагер геолог-барлаушы
Бисенбай БИСЕНҒАЛИЕВ.**

**Ақтау.
26.04.2024 жс.**

Конференция аяқталғасын түйген ойымды осылайша әлеуметтік желілердегі оқырмандарыммен бөлістім, оны да оқи отырыңыздар:

**«Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы»
Халықаралық ғылыми-практикалық
геологиялық конференция**

...

25-27 сәуір аралығында Ақтау қаласында, «Риксос» демалыс кешенінде (Rixos Water World) «Мұнайшы геологтардың Қазақстандық Қоғамы» ұйымдастырған «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық геологиялық конференция өтті.

Конференциядан бір күн бұрын, 24 сәуірде Ақтау қаласының ортасындағы «Геолог-барлаушылар аллеясында» сенбілік өтті.

Сенбілікке конференцияға еліміздің көптеген өңірлерінен, қалаларынан келген қонақтармен қатар Маңғыстаулық ардагер мұнайшылар, геологтар, геолог-барлаушылар, Ш.Есенов атындағы Университеттің геолог мамандығына оқып білім алып жатырған 1,2,3 курс студенттері қатысты.

Сенбілік елімізде геология ғылымының іргетасын қалаған ғалым-геолог атамыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына арналып «Қ.И.Сәтбаев атамыздың 125 жылдығына Аллеяға 125 шыбық отырғызамыз» деген девизбен өтті.



Сенбілік «Мұнайшы Геологтар Қазақстандық Қоғамы» президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Балтабек Мұқанұлы Қуандықовтың кіріспе сөзімен ашылған шағын митингтен басталып, өңірімізге белгілі ардагер мұнайшы Сағын Қырымқұлов, «Батысқаз-жерқойнауы» өңіраралық департаментінің Маңғыстау өңірлік инспекциясы басшысы Алмагүл Келбет, студенттерді бастап келген Ш.Есенов атындағы Университеттің геология кафедрасының аға оқытушысы Сәлима Черкешовалар қысқа-қысқа құттықтау сөздермен жалғасып барып, шыбықтар отырғызуға кірістік.

Келесі күні, 25 сәуірде, конференцияға әр елден, әр өңірден келген қонақтар далалық экскурсияға «Бозжыра шатқалына» саяхаттап қайтты. Маңғыстаудың кереметтей табиғатын көріп қонақтардың барлығы да (шетелдіктер де, еліміздің өзге өңірлерінен келгендер де) ауыздарын ашып, көздерін жұмумен болды.

26 сәуір күні Халықаралық ғылыми конференция басталды. Конференцияны құттықтау сөз сөйлеп салтанатты түрде ашқан Мұнайшы Геологтар Қазақстандық Қоғамы президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚР еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Б.М.Қуандықов осы пленарлық отырысты жүргізіп отырды. Келесі құттықтау сөзді облыс әкімі Н.А.Ноғавқа берді. Содан соң ҚР Энергетика вице-министрі Хасенов Асхат Ғалымұлы, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ басқарма Төрағасы Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы,

ҚР ӨҚМ Геология комитетінің төрағасы Ақбаров Ерлан Есенәліұлы, «QazagGaz Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы Жаркешов Санжар Серікбайұлы, «KAZENERGY» Қауымдастығының Төраға орынбасары, Техникалық ғылым докторы Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы, Әзірбайжан мұнайшы-геологтар қоғамы Басқару комитетінің Төрағасы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының және Еуропа ғылым академиясының толық мүшесі Нариманов Акиф Али оглу, Академик, Мемлекттік премия лауреаты, Қ.И.Сәтбаев атындағы геологиялық институттың директоры Жолтаев Герой Жолтайұлы, «НИПИнефтегаз» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Техникалық ғылымдар докторы Герштанский Олег Сергеевич деген белгілі тұлғалар құттықтау сөз сөйледі.

Құттықтау сөздерден соң пленарлық отырыс шетелдік (Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қытай), отандық геологтардың баяндамаларымен жалғасты.

Халықаралық ғылыми-практикалық геологиялық конференцияға Германиядан, Даниядан, Қытайдан, Ресейден, Әзірбайжаннан, Өзбекстаннан, өз елімізден белгілі геолог ғалымдар қатысты.

Түстен кейін конференция жұмысы әртүрлі тақырыптағы 4 секциялық отырыстарда жалғасты.

Мен түстен кейінгі НПЦ ЖШС директоры Сақауов Бекзат Қоныс-Терекұлы басқарған секцияға бастан-аяқ қатыстым, тыңдадым. Модератордың жұмыс жүргізуі ұнады, секцияда сөз алған спикерлер де өз



материалдарын кереметтей талдап түсіндірді, залдағы отырған қатысушылардың сұрақтарына нақты жауаптар берді.

Герой Жолтайұлы ағамыз да секция жұмысын қорытындылай келе спикерлердің әрбірінің алға тартқан материалдарына бағасын берді.

Көптен бері бұндай қызу талқыланған жиында болмап едім. Риза болдым. Әсіресе жастардың жиынға белсенді араласқаны мені қуантты.

Ешкім де бей-жәй, қалғып-мүлгіп, уақыт өткізіп отырмады. Артымыздан ізімізді басып осындай жастардың өсіп келе жатқаны мені қатты қуантты. **ЖАСТАРЫМЫЗ КЕРЕМЕТ!**

Сақауов Бекзат модератор болған секциядағы сөз алған спикерлердің барлығы да Солтүстік Үстірттегі қазылған скважиналарға талдау жасады.

Ойпырмай, керемет болды. Көптеген, тіпті барлық, аталған скважиналардың қалай қазылғанын мен жақсы білемін, соңғы кездері ауызға алынбай кеткен Қырын, Тышқанды деген алаңдардағы скважиналар да сөз болды.

Мен осы секцияда сөз болған көптеген, тіпті барлық, скважиналардың қазылуына өз үлесімді қосқанмын, бұрғышы көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, инженер-технолог, учаске бастығы... экспедиция басшысы ретінде.

Әсіресе, Қарақұдық-20 деген скважина менің алғаш бұрғылау шебері болып барып, өмірімде алғаш аяқтап кеткен скважинам еді. Көзіме оттай басылды.

Сол жерде, секция жұмысын аяқтай келе, делебем қозып, орнымнан тұрып, елдің алдына шығып: «Бұл аталған скважиналарды қазылуына менің қатысым бар, кейбіреулерін өзім бұрғышы болып, тормозда тұрып өзім де қаздым...» дегім келіп кетті. Әттең, әттең, тіл жоқ...

Жалпы алғанда, конференция өте табысты өтті деп ойлаймын. Қатысушылардың барлығы да жұмысқа белсенді араласты.

Секциялар өз жұмысын аяқтағаннан соң конференцияға қатысқан барлық делегаттарға Балтабек Мұқанұлы конференцияның қортындысын жариялап, барлығына белсенділіктері үшін алғыс айтты. Конференцияда көтерілген тың идеялар, ойлар бір жерге жинақталып, қорытылып Ұлттық компанияға, министрліктерге жеткізілетінін жеткізді. Және де конференцияда жасалған баяндамалардың барлығы жинақталып кітап болып шығады деп сендірді.

Конференция барысында көптен көрмеген, бірге оқыған азаматтармен кездестім, кейбір аттарын сырттай еститін азаматтармен таныстым. Жалпы алғанда, СЕНБІЛІКТЕН бастап, барлығы да есте қаларлықтай, тыңғылықты ұйымдастырылып өткізілген іс-шара болды.

27 сәуірде конференция қонақтары «Геологиялық дала экскурсиясына» шығып Шетпе аймағындағы мезозой-кайнозой кесіндісін тамашалады.



Бұл экскурсия барысында да шетелдіктер мен еліміздің әр өңірінен келген қонақтар киелі Маңғыстаудың ашық аспан астындағы табиғи мұражай екендігіне тағы да таң қалумен болды.

2025 жыл

2025 жылдың 2 сәуір күні «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының», облыстық әкімшіліктің, облыстық жер қойнауын қорғау, геология инспекциясының ұйымдастыруымен Құрық кентінде, Ақтау қаласында «Геолог күні» мерекесін атап өттік.

Мерекені өткізу үшін жасақталған іс-шаралардың ауқымы үлкен:

1. Құрық ауылы:

А) Геолог-барлаушылар бағына ағаш отырғызу, қысқаша митинг;

Б) Жаңадан ашылған аудандық өлкетану мұражайымен танысу, геологтар бөліміне жаңадан шыққан кітаптар мен басқа да түрлі экспонаттар сыйлау;

2. Қазақстан мұнай-газ саласына еңбек сіңірген, Лениндік сыйлықтың иегері, әйгілі геолог, Есенов университетінің профессоры Токарев Валентин Петровичтің туғанына 100 жыл және Маңғыстау өлкесінің Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Доңға, Өзен, Жетібай кен орындарын ашқан атақты геолог-барлаушы Әділ Молдашұлы Нұрмановтың туғанына 90 жыл аясында өтетін «Жер қойнауының құпиялары:

Геология ғылымының жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

Ш. Есенов атындағы Каспий Университеті. «Жер қойнауының құпиялары: Геологиялық ғылымның жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның секциялық жұмысы:

- Геология мен экологиялық тұрақтылық: Кен орындарын игерудің жаңа жолдары (24 ш.а., G213 ауд.)

- Мұнай-газ саласындағы ақпараттық технологиялар (24 ш.а., G207 ауд.)

- Экономика және мұнай-газ ресурстарын басқару (24 ш.а. G206 ауд.)

- Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы Каспий Университетінде Ленин сыйлығының иегері В.П.Токарев атындағы оқу аудиториясының салтанатты ашылу рәсімі.

3. Достық үйі

Геологтар күніне арналған салтанатты жиынның және «Жер қойнауының құпиялары: Геология ғылымының жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы.

«Достық үйінде» өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы мен «Геолог күні» мерекесіне арналған салтанатты жиынға Маңғыстау өңірінің геология саласына еңбегі сіңген ардагерлер, қазіргі кезде еңбек етіп жүрген мамандар, Ш.Есенов атындағы университеттің мұнай факультетінің студенттері, болашақ геологтар жиналды.



Салтанатты жиынды «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» президенті Балтабек Мұқанұлы Қуандықов жүргізіп отырды.

Көптеген марапаттаулар да болды. Сонымен қатар осы іс-шараларға орайластырылып шыққан екі кітаптың тұсаулары кесілді.

Соның бірі «Ғиззаттың ғибратты ғұмыры» атты кітабым болса, екінші кітап Әділ Нұрманов ағамыз жөнінде «Адилъ Нурманов – покоритель недр МАНГИСТАУ» атты кітап. Ағамыздың есімін ұлықтап жоғары көтерген жазушы ҚР Жазушылар және ҚР Журналистер одақтарының мүшесі, Маңғыстау өңірінің шежірешісі, мұнайшылар, геолог-барлаушылар жөнінде көптеген кітаптар жазған Наталья Юрьевна Задерецкаяға алғыс айтып шығармашылық табыс тілеймін.

Кітабымның тұсауын кескендер: Ғизекеңнің достары, курстастары Балтабек Мұқанұлы Қуандықов пен Ағой Раушанов ағаларым.

«Достық үйіндегі» салтанатты жиында РОО ВНГК (Республикалық мұнай-газ кешені ардагерлер қоғамы) Маңғыстау филиалының директоры Қайролла Ережепов ағамыз маған «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісін табыстады.

Балтабек ағам да КОНГ атынан бірнеше ардагерге марапаттар табыстады.

Салтанатты жиыннан соң «Хан Шахар» салтанат сарайында Геологтар күніне арналған кешкі ас өтті.

Төменде сол ауқымды іс-шарадан суреттер

(рет ретімен):

**ҚҰРЫҚТАҒЫ
ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАР САЯБАҒЫ**















ҚҰРЫҚТАҒЫ МУЗЕЙ







АҚТАУ. УНИВЕРСИТЕТ.











100 лет

ТОКАРЕВ ВАЛЕНТИН ПЕТРОВИЧ

Мұнайшы-Геологтардың Қазақстандық Қоғамы
Казхастанское Обществo Нефтяников-Геологов



90 жыл

НҰРМАНОВ АДІЛЬ МҰДДАШЕВІЧ

Шақыру / Приглашение



Ақпaу
02.04.2025




Құрметті _____!

*Сізді 2025 жылғы 2 сәуірде Ақтау қаласында
 атап өтілетін геолог-барлаушылардың кәсіби мерекесі –
 «Геологтар күніне» арналған салтанатты шараларға
 қатысуға шақырамыз.*

Бағдарламада:

- 10:00** - Құрық ауылындағы Геолог-барлаушылар бағына ағаш отырғызу, қысқаша митинг, жасадап ашылған аудандық өлкетану мұражайымен танысу;
- 15:00** - Ақтаудағы Ш. Есенов атындағы Каспий Университетінде Ленин сыйлығының иегері Токарев В.П. атындағы оқу аудиториясының салтанатты ашылу рәсімі;
- 16:30** - Геологтар күніне арналған салтанатты жиынның және «Жер қойнауының құпиялары: Геология ғылымының жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы (34 ш/а, 9 үй, «Достық үйі» ғимараты);
- 17:30** - Маңғыстаудың көптеген мұнай көздерін ашқан Әділ Нұрмановтың 90 жылдығына арнап шығарылған және белгілі геолог- барлаушы Гиззат Балмұхамбетовтың өмірбаянына арналған кітаптарының тұсаукесері;
- 18:30** - «Хан Шахар» салтанат сарайында өткізілетін Геологтар күніне арналған салтанатты жиын (Шығыс-2 шағын ауданы) және мерекелік кешік ас.

Мұнайшы-Геологтардың Қазақстандық Қоғамы



АҚТАУ. ДОСТЫҚ ҮЙІ.











































ХАН ШАХАР САЛТАНАТ САРАЙЫ.





КОНГ



«Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамы» – Қазақстанда геологтардың қызметін үйлестіретін бірден бір қоғамдық негіздегі ортақ орган болып табылады. Сондықтан геологиялық кәсіпорындар мен геологтардың басын біріктіру – қоғамдық бірлестіктің басты мақсаты. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын қоғамдық бірлестік ғылыми конференцияларды, халықаралық шараларды өткізуге мұрындық болып жүр. Қазақстандағы мұнай-газ жоғары оқу орындарындағы студенттер мен геологтар арасындағы байланысты жолға қоюды да көздейді. Алға қойған негізгі мақсаты: геология саласын дамыту, жас геологтарға сабақ болатын түрлі конференция, форум, семинарлар өткізу, ардагер геолог-барлаушылардың өткен жолдары мен олардың елге сіңірген еңбектерін дәріптеп, оларды кейінгі толқын жастарға түсіндіру болып табылады.

ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫ

Өмірдің бір белесіне шыққасын артыңа қарап осы күнге жеткенше не бітіргеніңе есеп беріп отырған да дұрыс. Менің ондай есептерім ғұмырбаяндық кітаптарыма жазылды. Өзіңе өзің әлсін әлі есеп беріп тұрған жақсы, сонда қазіргі күні қай деңгейде келе жатырғаныңды бағамдай аласын, алға қойған мақсатың да айқындала түседі.

Енді мына жазбамда қысқа ғана аралықта (2019-2025 ж.ж.) Балтабек ағаммен араласқан уақытта ол басқаратын КОНГ қоғамының өзім білетін, өзім куә болған жұмыстарына білгенімше хронологиялық ретпен шолу жасаған болдым. Шолу жасай отырып Балтабек ағамның қандай адам екенін осы жұмыстары арқылы ашып көрсетуге тырыстым. Әрине, екеуіміздің араласымыз жүйелі түрде емес, қысқа мерзімдік қатынастар болғандықтан және КОНГ-тың 2009 жылы ашылғаннан бергі жұмыстарын білмегендіктен бұл шолу арқылы оның істеріне толықанды баға бере алмаймын. Бірақ осынау қысқа аралықта атқарылған істерінен де Балтабек ағамның азаматтық бейнесін бағамдауға болады. Бұрыннан таныс-біліс болмаған мен сияқты жанға жасаған ұшан-теңіз жақсылықтарының өзі неге тұрады десеңші. Жоғарыда да жаздым ғой, үш бірдей кітабыма ақ батасын бергендей қылып, жолын ашып «Алғы сөз» жазды, екі кітабымның сапалы болып жарыққа шығуына демеушілік жасады, үш кітабымды баспаға дайындау барысында мәні мен




мағынасы келісіп, елге ұялмай көрсететіндей, оқырман тұшынып оқитындай қылып шығуы жолында көптеген ақыл-кеңестерін берді. Үш кітабымның да **ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМДЕРІН** өте жоғары деңгейде ұйымдастырып, өңір басшыларының, ардагер геолог-барлаушылардың, мұнайшы, геолог боламын деп оқып жүрген өскелең жас студенттердің (соларға үлгі, өнеге қылып көрсетіп), олардың оқытушыларының қатысуымен өткізіп берді. Бұлар (кітап шығару, елдің жақсыларын жинап тұсау кесу...) менің үш ұйықтасам да түсіме кірмеген ШАРАПАТТАР ғой. Менің көңілімді аулап, қолтығымнан демеп, ағалық қамқорлық жасап, тіпті өзім ұяламын, мені Н.Островский, Рахмет Өтесінов сияқты алыптарға теңеп көтермелеген хаттарын оқығанда... «Ағасы бардың жағасы бар...» дегенді Балтабек ағама қарап айтқан да болар.

Марқұм Ғиззат (Балмұханбетов) ағамның қамқорлығын көп көріп едім, енді ол жоқ болса да оның орнын басқан досы Балтабек ағам ойда жоқ жерден пайда болды. Аллаға шүкір, өмір жолымда осындай жақсы жандардың көбірек болғаны мені қуантады. Бас жағында жазғанымдай, көп жаманның ағасы болғанша, осындай жақсылардың інісі болып, қолдарына су құюға жарасам да...

Ал КОНГ қоғамының өз ережесіне (жоғарыда жаздым) сай, Балтабек ағамның басшылығымен атқарып жатқан жұмыстарының өзім білетіндерін жаздым. Ал мен білмейтіндері, маған дейінгі жасалғандары қаншама десеңші.

КОНГ қоғамының демеушілігімен жарыққа шыққан төменде суреттері көрсетілген кітаптардың мұнайшыларға, геологтарға, сол салада еңбек етіп жүрген ғалымдарға берері мол екені түсінікті. Бұл кітаптарды маған Балтабек ағам сыйлап еді.



Мен бұл жерде КОНГ-тың демеушілігімен жарық көрген «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР» мен «Ғиззаттың ғибратты ғұмыры» атты кітаптарымды айтпай отырмын. Осы екі кітап жарыққа шыққанда кітапқа кейіпкер болған жандардың тума-туыстары, ұрпақтары қалайша қуанды, алғыс айтты десеңші.



Тек маған емес, кітаптардың осындай сапалы болып шыққанына және солардың жарық көруіне бірден бір себепкер болған Балтабек ағама. Балтабек ағам әр кітаптың сапалы болып шығуына үлкен мән беріп, қағазының қандай болатынын, қандай суреттер салатынымды, менде жоқ суреттерді өзінен іздестіріп, тауып беріп...кітаптың дизайнын, қандай ат қоятыныма дейін қадағалап, қолжазбамдағы мәтінде кеткен әріп қателерді, кейбір сөз тіркестерінің дұрыс жазылуына да мән беріп.. атсалысатынын қалай айтпасқа.

Осы қоғамның демеушілігімен жарыққа шыққан кітаптардың ішіндегі сүбелісі «Первооткрыватели месторождений нефти и газа Казахстана» деген кітап та осы 2024 жылы Балтабек Мұқанұлының жетекшілігімен шыққан болатын, ол кітаптың мұнайшыларға, геологтарға, сол салада еңбек етіп жүрген ғалымдарға берері мол екені түсінікті.

Балтабек Мұқанұлы басқарған «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» демеушілігімен шыққан 20-дан астам ғылыми еңбектер мен геолог мұнайшылар туралы кітаптар жетерлік, атап айтқанда: «Ергожа Тауманов», авторы Даулетов Б., «Төлетай Нсанов», авторы Бабашева М.Н., «Феномен Сапара Карымсакова», авторы Қуанғалиев З.А., «Воцалевский Эдгард Славомирович «Слово о главном геологе», «Он любил жизнь во всем ее многоцветье», «И покорялись им недра...», авторы Монастырская Л.М., «100 лет месторождению Макат.

Зарождение и становление нефтяной промышленности Казахстана», авторлары Тауманова Г.Е., Таскинбаев К.М., «Геолог, возвышенный трудом», авторы Сұлтанғалиев С., «Ученый, геолог, интеллигент», «Личность. Лидер. Лауреат.», «Адилъ Нурманов – Покоритель недр Мангистау», «Идеи, воплощенные в жизнь», авторы Задерецкая Н., «Мұнайдан дария жасаған», авторлары Ә.Спан, Ү.Жәлеке, «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР», «Ғиззаттың ғибратты ғұмыры», авторы Бисенғалиев Б.

Енді қарасақ, сол жақсы адам туралы көңілден шығатындай жақсы сөз айта бермейді екенбіз. Оның себебі: ол – жақсы адам. Болды. Қазақтың осы бір сөзі бәрін мойнына алған сияқты. Жақсы адамның жақсылығынан гөрі, жақсы емес адамның жақсылығы тез көрінеді екен. Себебі жақсы деген оның болмысы екен де, ал жаман адамның ол – ерекшелігі болады екен.

«Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» дейді қазақ, сол айтқандай Балтабек аға да бәрімізге ортақ. Бір көргенде ол Атырау мұнайшыларының арасында жүрсе, тағы бірде Алматы, Астана жақтағы геологтардың, мұнайшы ардагерлердің ортасынан табылады. Қайда жүрсе де жақсылықтың жаршысындай болып игі бастамаларымен көпті артына ертіп жүргені. Балтабек ағаның бойында «Жақсының қасиеті – жарастыру» дегендей қасиет бар, ол әр буынның өкілдерін (студенттерді де, ардагерлерді де, іс басында жүрген билік өкілдерін де, өндіріс тізгінін ұстаған басшыларды да), еркін ойлы, (кейде тентек ойлы) ғылым адамдарын ортақ іске жұмылдыра алатын, бәрімен де ортақ тіл таба



алатын қасиетке ие. Бұл қасиет ағамызға өмір жолының бастауында комсомол, партия комитеттерінде жұмыс жасағанда «жұққан» сияқты, мүмкін осындай қасиетін сезген басшылар сол органдарға шақырған да болар, кім білген.

«Қас жақсының белгісі – әрі мырза, әрі құл», Балтабек аға да мырза (шашпа емес), мырза бола тұра барлық шаруада өзі жүретіні тағы бар. Өзі басқаратын қоғамның қорындағы әр тиынын есептеп отыратынын, көрінгенге жұмсай бермейтін үнемділігін мен ағаммен аздап та болса жұмыстас болған осы аз ғана жылдарда анық байқағанмын, білгенмін. Оған төиендегі Балтабек ағамның маған жазған бір хатынан сәл үзінді дәлел:

«...Ал енді мұнайшы-геологтар қоғамының атынан айтатын болсам сенің ұсынысыңды орындау оңай болмайды. Себебі бұл қоғамның өзі сол демеушілердің арқасында күн көріп отырған ұйым ғой, сондықтан бұл ұсынысыңды орындай аламын деп айта алмаймын, бірақ ойланайық. Мүмкін бір реті болар, көрейік...» Жоғарғы жақта Балтабек ағамның маған жазған бір хатында КОНГ қоғамының жұмысын одан әрі жандандыра түсеміз, осындай іс-шараларға қатысатын ардагерлерді де кеңінен қамтуға тырысатын боламыз дегені бар ғой. Сол айтқанындай, жыл өткен сайын КОНГ қоғамы атқарған шаруалардың сапасы жақсара түскенін көріп отырмыз, ардагерлерді кеңірек қамту, ұмыт қалдырмау мәселесі айта қаларлықтай деңгейге көтерілді.

Міне осындай шынтуайтындағы қамқор, жанашыр жанның жоғарыда мен санамалап көрсеткен істеген істерін, елге жасаған жақсылықтарын, маған ғана емес, аттары ұмытыла бастаған бүкіл МАҢҒЫСТАУ ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАРЫНА көрсеткен көмегін (біз, мен біле бермейтін әлде де қаншама елге жасаған жақсылықтары барын ағамның өзі ғана біледі) қалайша ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ демеске.

Шарапатын көрдік, көріп келеміз, бұйыртса, әлде де көре берерміз.

Жазбамның соңында Балтабек ағама өз атымнан, Маңғыстау геолог-барлаушыларының атынан мықты денсаулық, отбасының, айналасының амандығын тілеймін!!!

Қолға алған әр ісі оңынан оралып, ғылыми ізденістері жемісін беріп, абыройы асқақтай бергей деген тілек бар МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАРДА!

Балтабек ағама ГЕОЛОГТЫҢ БАСТЫ АРМАНЫ: Мұнай-газ кенорындарын көптеп ашу бұйырғай!

Осы жазбамда атап өтілген қыруар шаруаның басы-қасында болып, ұйымдастырып, елдің алғысына бөлену деген де оңай шаруа емес, қарайған күш-жігерді, уақытпен санаспай жасайтын еңбекті қажет қылатыны, ең бастысы соларды жасайын деген АҚ НИЕТТЕ болуы керектігі белгілі.

Соның барлығы Балтабек ағамның бойында да, ойында да болып тұр ғой.



Балтабек ағамның ісі, өмірлік қағидасы жазбамның бас жағында келтірген **Пайғамбарымыз Мұхаммед с. ғ. с.: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам»** деген сөзіне дәл келіп тұрған жоқ па.

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ деген осындай-ақ болар.

Бүкіл өмір қарым-қатынастардан құралады. Мемлекеттердің арасындағы дипломатиялық, сауда-саттық қатынас, бизнестегі әріптестердің арасындағы тең дәрежелі қарым-қатынас, ағайын-туманың арасындағы тусықандық қарым-қатынас, тіпті доспын деп жүргендердің арасындағы достық қарым-қатынас, ұжымдастардың, әріптестердің арасындағы қарым-қатынас... Ал біздің (менің және ұжымдастарымның) Балтабек ағаммен арамыздағы қарым-қатынасты аға-інілік, әріптестік қарым-қатынас деуге әбден болар еді. Ең бастысы, адаммен адамның түсінісіп, тіл табысып, сыйласа білгенінен артық ештеңе жоқ екен...

Осындай нәтижелі, табысты қарым-қатынасымыз ұзағынан болғай!!!

**Геолог-барлаушы ініңіз
Бисенбай БИСЕНҒАЛИЕВ.**

**Ақтау.
Мамыр, 2025 ж.**

PS. Біз де, Маңғыстаулық ардагер геолог-барлаушылар, КОНГ-тың осы жұмысына өз үлесімізді шамамыз келгенше қосып келеміз.

Өзіміздің ватсаптағы топтық чатымыз арқылы КОНГ атқарған жұмыстарды, әр өткен іс-шараның хабарларын, қалай өткенін, видео-фото материалдарын кеңінен таратып жарнамалап та жатырмыз.

Әлеуметтік желілерге (фейсбук, ютуб, телеграм-канал, сайттар) де КОНГ өткізген әр шарадан материалдар салып, кейде газеттерге де мақалалар жариялап, аудиториясын кеңейтудеміз.

Сонымен бірге, аты ұмытылуға айналған КЭ «МНГР» мекемесін елдің есіне салып мекеме тарихынан, оның ардагерлерінің еңбек жолдарынан түрлі материалдарды да жоғарыда аталған жолдармен кеңінен таратудамыз.

Біздің осындай ұйымшылдығымызға тіпті мекемесі бар адамдар да қызыға қарайды, бізді қолдап жақсы тілектерін жазады да.

Қызық болғанда, біздің осындай істеріміз жайында БАҚ беттерінен, әлеуметтік желілерден оқыған, олардың да мекемесі жоғалып кеткен «ЮЭНРЭ» (Оңтүстік мұнайбарлау экспедициясы) ардагерлері бізбен хабарласып, аяқтай да келіп аллеямызды қарап, осы шаруаларды қалай ұйымдастыру, қалайша жүзеге асыру жөнінде ақыл-кеңес ала жүріп, бірнеше жыл бойы осы бағытта тынбастан жұмыстанып, ақырында



былтырғы жылы Құлсары қаласынан өздеріне саябақ, музей ашып алды.

Бізге алғыстарын жаудырды. Бұған қалай қуанбас-сын, біз тек өзіміз үшін жұмыстанып жатқан жоқ екен-біз, елге үлгі-өнеге көрсетіп те жатыр екенбіз.

Бұл да болса Балтабек ағамның біздерді, Маңғыстау геолог-барлаушыларын алға сүйреген, біздер жаққа жиірек келіп, ұдайы көтермелеп жүрген жұмысының бір көрінісі.

«МНГР» тресінің атын ел жадынан шығармау жо-лында жасап жүрген жұмыстардың бірі, елге жарқы-ратып көрсетіп жүрейік деп мекемеміздің ЭМБЛЕМА-СЫН (Логосын) әдемілеп жасап шығардық.

Және де ардагер геолог-барлаушылар кеудесіне мақтанышпен тағып жүрсін деген оймен «Маңғыстау мұнай-газ барлау» тресі АРДАГЕР» деген ТӨСБЕЛГІ де дайындап қойдық.



Жоғарыда бірнеше жерде жазғанымдай КЭ «МНГР» ардагер геолог-барлаушыларының өзіндік дәстүрін қалыптастырып, жылдағы кәсіби мерекеміз «Геолог күнін» ұстазымыз Х.Ж.Өзбекғалиевтың бюстіне гүл шоқтарын қойып, митинг өткізіп, тағзым жасап, содан соң «Геолог-барлаушылар аллеясында» болып, ондағы мемориалды тақтаның алдына да гүл шоқтарын қойып, тағзым жасап жүргенімізде де Балтабек ағамыздың өнегесі бары түсінікті болар деп ойлаймын.

Жағымды жаңалық

Төмендегідей жақсы жаңалығыммен де бөлісе отырайын. «Жақсылық бөліссе көбейеді» деген бар ғой.


«Геолог күні» мерекемізге орайластырып елімізде 1933 жылдан бері ай сайын шығып келе жатқан, «Дружба народов» ордені бар, ҚР Жазушылар одағының әдеби-көркем журналы «Простор» №4 санына «МЕН – Геолог-барлаушымын» деген кітабымнан әңгімелер жариялапты. Биылғы жылды Президентіміз «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны



Он и меня научил некоторым фокусам, я до сих пор умею и помню их!

Один из моих вот таких знакомых знал наизусть целые поэмы А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова и произведения других классиков.

Они были грамотными, с высшим образованием, только ставшими зависимыми от алкоголя людьми. Через это познали жизнь горькую, лишились семьи и родных, порой отсидев за решёткой немалый срок.

Среди них были и обиженные на свою жизнь, и те, кто молча принял свою участь.

Отсидев в зонах города Шевченко, многие не хотели показываться родным, а устраивались к нам на полевую работу. Родственники не знали, где их искать.

У некоторых дети занимали хорошие посты, я об этом узнавал, когда они умирали и мы искали в их документах адреса родных, чтобы отправить телеграмму. Эти люди никогда не рассказывали о своих ошибках, и как по кривой пошла их жизненная дорога.

В весёлых посиделках они всегда говорили красиво, грамотно, интересно, но о личном – никогда, ни слова, сколько бы ни напивались.

Вот она, жизнь! Состоит из чёрной и белой полосы, и лишь одному Богу известно, где споткнёшься, где сможешь пройти испытания и встать на правильный путь!



Нешауа

В детстве, когда мы падали и плакали от боли, старшие нашего аула успокаивали нас: «Ой, ты же джигит, скажи “нешауа”, и всё пройдет, ничего не будет, и боль пройдет».

И я, следуя этому совету, говорил волшебное слово «нешауа» и всё быстро забывал. Мы проводили буровые работы на плато Устюрт, в местностях Бейнеу, Боранкул, пески Сам, Төңірекшың, Мертвый Култук, Сазтобе, Елемес...

Там зима всегда снежная, буранная. Не сравнить с теплой, бесснежной низменностью Мангистау на побережье моря.

Там, на плато, природа суровая и летом и зимой. Во многом помогало это волшебное слово моих аульчан – «нешауа».

Много чего было в моей геологоразведочной жизни. Были трудности, посланные мне как испытание.

Я нашёл в себе силы, преодолел их, не отказался от жизни геологоразведчика и продолжал работу.

**Я – Геологоразведчик.
Подготовила Татьяна БАКАНОВА**



Қайран Балтабек Мұқанұлы

Бір ғұламадан: «Бұл дүниеде не өлмейді?» деп сұрағанда, ол: **«ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ»** деп жауап берген екен. Сол айтқандай Балтабек Мұқанұлындай жақсының, ғалымның АТЫ да, ХАТЫ да өлмейді.

Елге еңбегі сіңген асыл азаматтың артында жақсы аты қалса, мұнай-газ саласына, геология-минералогия ғылымына сіңірген еңбегі, жазған ғылыми еңбектері қалып, ғалым ретінде хаты қалды.



Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, бауырлар,
жора-жолдастар, әріптестер, көршілер

АРДАҚТЫ ӨКЕМІЗ
**ҚУАНДЫҚОВ
БАЛТАБЕК МҰҚАНҰЛЫ**
ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙМЫЗ

Қонағасы Жексенбі күні (08.06.2025) Достық 304 мекенжайы бойынша "Жалын" мейрамханада өтеді.
Басталуы сағат 18:00-де.

Жаңаза Дүйсенбі күні (09.06.2025) сағат 09:00-да ЖК "Ботанический сад" 16 үй мекенжайы бойынша.
Марқұмның рухына бағышталған асқа Дүйсенбі күні (09.06.2025) Достық 401/2 мекенжайы бойынша орналасқан Royal Tulip мейрамханасына шақырамыз.
Басталуы сағат 13:00 - те.

Ас беруші жұбайы мен балалары.



Танымал геолог, ҚР геология-минералогия ғылымдарының докторы Балтабек Мұқанұлы Қуандықов өмірден өтті. Petrocouncil мұнай-газ кеңесі отбасы мен кәсіби геолог-мұнайшылар қауымына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

Балтабек ағамның қазасы қабырғамды қайыстырып жіберіп, қазақ айтқандай «Қуанышты бөліссе көбейеді, қайғыны бөліссе азаяды» дегенді ескере отырып Маңғыстау геолог-барлаушыларының төл ауданы болып есептелетін Қаракия ауданының халқын қайғылы жағдаймен хабарландырып, ағамның өмір дерегімен таныстырып аудандық газетке осындай мақала жазғанмын.

Аудан халқы Балтабек Мұқанұлын жақсы біледі, ағамыз бұл ауданда жиі болушы еді, әр жаңалығына қуанушы еді.

Сол мақалама осындай марапат бұйырыпты. Жоғарыда газетке шыққан мақаланың суретін бердім, ал толық мәтіні суреттің төменгі жағында.



ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ



Бүкіл саналы ғұмырын Қазақстанның мұнай-газ саласының өркендеуіне, геология ғылымына арнаған, артына өлмес, өшпес із қалдырған, «Мұнайшы-геологтар Қазақстандық қоғамының» Президенті Балтабек Мұқанұлы Қуандықов 77 жасына қараған шағында 2025 жылдың 7 маусым күні бақилық сапарына аттанды. Қазақтың біртуар ұлы Балтабек

,Мұқанұлы тек алымды өндіріс ұйымдастырушысы ғана емес, геология-минералогия ғылымын жетік білетін елімізге, әлемге кеңінен танымал ірі ғалым да еді.

Балтабек Мұқанұлы – Геология-минералогия ғылымдарының докторы, «Еуразия» Халықаралық экономикалық академиясының (1998), Америка геологтары мен мұнайшылар қауымдастығының (2000),



Халықаралық минералды ресурстар академиясының толық мүшесі – академик (1995), Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2015).

2018 жылы әлемдегі ең ірі мұнай-газ кенорындарының бірінен саналатын «Қашаған кенорнының алғаш ашушысы» дипломын иеленді.

Балтабек Мұқанұлы 110 ғылыми еңбек пен статьялардың, 10 монографияның авторы.

Ол 1948 жылдың 21 тамызында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Мақат ауданы, Мақат кентінде дүниеге келген.

1971 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын инженер-геолог-мұнайшы мамандығы бойынша тәмамдаған ол бар ғұмырын республикамыздың мұнай-газ өнеркәсібін дамыту жолына арнады.

1971 жылы еңбек жолын Биікжал аса терең бұрғылау, мұнай барлау экспедициясында қатардағы инженер-геолог болып бастады.

Оның еңбекқорлығы мен жауапкершілігін байқаған басшылар 1975-1977 жылдары Ембі аудандық партия комитетіне нұсқаушы, артынан Гурьев облыстық комсомол комитетіне хатшылық қызметтеріне шақырады.

1979-1991 жылдары мамандығы бойынша «Казнефтегазразведка» Басқармасында аға геологтан Бас геологқа дейінгі жолдардан өтті. Осы жылдар ішінде оның қатысуымен Қарашығанақ, Кенбай, Имашевская, Әлібекмола, Арман тәрізді ірі мұнай-газ кенорындары ашылды.

1991 жылы тәжірибелі маман және ұйымдастырушы ретінде геология министрлігіне мұнай және газ бөлімінің басшысы болып ауыстырылып, көп ұзамай Қазақстан Республикасы Геология министрінің орынбасары болып тағайындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша Балтабек Мұқанұлының басшылығымен Каспий теңізінің қазақстандық акваториясын игеру бағдарламасы әзірленді.

Оны іске асыру үшін «Қазақстан Каспийшельф» Акционерлік Қоғамы халықаралық Консорциум құрылды. Ол халықаралық консорциумды басқарудың қысқа мерзімінде әлемдегі жетекші 7 мұнай компаниясын тартты, ол халықаралық консорциумды Бас директор және Басқарушы комитеттің төрағасы ретінде басқарды. Сонымен бірге ол Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1993-1996 жылдар кезеңінде консорциум ірі сейсмикалық бағдарламаны орындады, жоғары перспективалы теңіз құрылымдары анықталды және бұрғылауға дайындалды. Балтабек Мұқанұлы Қашаған кенорнын бұрғылауды ұйымдастыруға шақырылды, онда кейіннен мұнай және газкен орны ашылды, оны ашқаны үшін 2018 жылы «Қашаған кен орнын ашушы» дипломын алды. 1997-1998 жылдары Халықаралық консорциум жұмысы аяқталғаннан кейін «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясын басқарды, онда ол Қазақстан Республикасындағы барлық мұнай жобаларына басшылықты жүзеге асырды.



Оның мұнай геологиясы саласындағы терең білімін және халықаралық компаниялармен табысты жұмыс тәжірибесін ескере отырып, белгілі Шеврон компаниясы (АҚШ) 1998-2001 жылдары компанияның Орталық кеңсесіне ТМД елдері бойынша Бас кеңесші лауазымын ұсынды.

Б.М.Қуандықов өзінің көп жылдық еңбегі, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде геология-минералдық ғылымының докторы деген дәрежені қорғап шықты.

Ол 2001-2005 ж.аралығында Торонто қаласының ресми қор биржасында тіркелген “Нельсон Рисорсис Лимитед” деген канадалық компанияны басқарды. Ол жұмыс жасаған мезгілде компанияның активі 2-ден 5 кен орнына дейін өсті.

Мұнай өндіру күніне 65 000 баррельге, яғни, жылына 3 млн-ға өсті. 2006 жылдың ақпанынан осы күнге дейін Б.М.Қуандықов “Меридиан Петролеум” компаниясының басшысы болып келді. Ол осы жұмыспен қатар Директорлар кеңесі алқасында жүріп, Қазақстанның мұнай-газ компанияларына инвестициялық бизнес тарту мақсатында жұмыс жүргізіп келді. Мұнай мен газ өндіру барысындағы жобалардың тиімділігі мен даму болашағына және консалтингке жетекшілік жұмыстарын жүргізді.

Б.М.Қуандықов өндірістегі мансабын 7000 м тереңдіктегі ұңғыны қазумен бастаса, қазір ол “Евразия” жобасының Бас координаторы (ұйымдастырушысы) болашақта тереңдігі 15 000 м болатын ұңғыны бұрғылауға жоспарлары болған.

Сондықтан Б.М.Қуандықов Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігінің тапсырмасы бойынша «KAZENERGY» ассоциациясының жаңа, ерекше, тың жобасының ведомствоаралық және консультативтік (кеңесшілік) топтың жетекшісі болды.

2009 жылы елге белгілі атақты геолог мамандар, ғалымдармен бірлесе отырып «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамын» (КОНГ) құрды және өмірінің соңына дейін сол қоғамның президенті болды. Бұл қоғамның ұйымдастыруымен көптеген халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді, конференцияларда ғалымдар жасаған баяндамалардың жинақтары басылып шығарылды. Балтабек Мұқанұлының ерен еңбегі көптеген мемлекеттік марапаттармен, оның ішінде «Құрмет», «Парасат» ордендерімен атап өтіліп, «ҚР өнеркәсіпке еңбегі сіңген қызметкер» атағы және тағы да басқа медальдар берілді. Балтабек Мұқанұлы өмірінің соңына дейін қасиетті Маңғыстау өңіріне көп көңіл бөлумен болды.

2020 жылы Ақтаудың төрінен Маңғыстаудың жаңаша тарихының бастауында тұрған Маңғыстау геолог-барлаушыларының атын мәңгілік есте қалдыру мақсатында «Геолог-барлаушылар аллеясын» ашуға мұрындық болып жетекшілік жасады.

2023 жылы Маңғыстау геолог-барлаушыларының атасы, өзінің ұстазы саналатын Халел Жағыпарұлы Өзбекғалиевтың есімін Тепке блогындағы 2021 жылы еліміз Тәуелсіздік алғалы бергі отыз жылда ашылған ірі мұнай кенорнына берілгенін осы жиында ресми түрде жария қылды.



2024 жылы Ақтауда өзі басқаратын «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» ұйымдастыруымен «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Ал осы қоғамның демеушілігімен жарыққа шыққан кітаптардың ішіндегі сүбелісі «Первооткрыватели месторождений нефти и газа Казахстана» деген кітап та осы 2024 жылы Балтабек Мұқанұлының жетекшілігімен шыққан болатын, ол кітаптың мұнайшыларға, геологтарға, сол салада еңбек етіп жүрген ғалымдарға берері мол екені түсінікті.

Ал Балтабек Мұқанұлы басқарған «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» демеушілігімен шыққан 20-дан астам ғылыми еңбектер мен геолог мұнайшылар туралы кітаптар жетерлік, атап айтқанда: «Ергожа Тауманов», авторы Даулетов Б., «Төлетай Нсанов», авторы Бабашева М.Н., «Феномен Сапара Карымсакова», авторы Қуанғалиев З.А., «Воцалевский Эдгард Славомирович «Слово о главном геологе», «Он любил жизнь во всем ее многоцветье», «И покорялись им недра...», авторы Монастырская Л.М., «100 лет месторождению Макат.

Зарождение и становление нефтяной промышленности Казахстана», авторлары Тауманова Г.Е., Таскинбаев К.М., «Геолог, возвышенный трудом», авторы Сұлтанғалиев С., «Ученый, геолог, интеллигент», «Личность. Лидер. Лауреат.», «Адилъ Нурманов – Покоритель недр Мангистау», «Идеи, воплощенные в жизнь»,

авторы Задерецкая Н., «Мұнайдан дария жасаған», авторлары Ә.Спан, Ү.Жәлеке, «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР», «Ғиззаттың ғибратты ғұмыры», авторы Бисенғалиев Б.

2025 жылы, денсаулығының сыр беріп жүргеніне қарамастан Маңғыстау геолог-барлаушыларының кіші отаны болып есептелетін Құрық ауылындағы «Геолог-барлаушылар саябағына» ағаш отырғызып, митинг өткізіп, жаңадан ашылған өлкетану мұражайымен танысып, кітаптар, жәдігерлер сыйлап, Қазақстан мұнай-газ саласына еңбек сіңірген, Лениндік сыйлықтың иегері, әйгілі геолог, Ш. Есенов университетінің профессоры Токарев Валентин Петровичтің туғанына 100 жыл және Маңғыстау өлкесінің Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Донға, Өзен, Жетібай кен орындарын ашқан атақты геолог-барлаушы Әділ Молдашұлы Нұрмановтың туғанына 90 жыл аясында өтетін «Жер қойнауының құпиялары: Геология ғылымының жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы Каспий Университетінде Ленин сыйлығының иегері В.П.Токарев атындағы оқу аудиториясының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Енді қарасақ, сол жақсы адам туралы көңілден шығатындай жақсы сөз айта бермейді екенбіз. Оның себебі: ол – жақсы адам. Болды. Қазақтың осы бір сөзі бәрін мойнына алған сияқты. Жақсы адамның жақсылығынан гөрі, жақсы емес адамның жақсылығы тез



көрінеді екен. Себебі жақсы деген оның болмысы екен де, ал жаман адамның ол – ерекшелігі болады екен.

«Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» дейді қазақ, сол айтқандай Балтабек Мұқанұлы да бәрімізге ортақ. Бір көргенде ол Атырау мұнайшыларының арасында жүрсе, тағы бірде Алматы, Астана, Қызылорда жақтағы геологтардың, мұнайшы ардагерлердің ортасынан табылатын. Қайда жүрсе де жақсылықтың жаршысындай болып игі бастамаларымен көпті артына ертіп жүруші еді.

Балтабек Мұқанұлның бойында «Жақсының қасиеті - жарастыру» дегендей қасиет бар, ол әр буынның өкілдерін (студенттерді де, ардагерлерді де, іс басында жүрген билік өкілдерін де, өндіріс тізгінін ұстаған басшыларды да), еркін ойлы,ғылым адамдарын да ортақ іске жұмылдыра алатын, бәрімен де ортақ тіл таба алатын қасиетке ие еді.

Міне осындай шынтуайтындағы қамқор, жанашыр жанның жоғарыда санамалап көрсеткен істеген істерін, елге жасаған жақсылықтарын, бүкіл **МАҢҒЫСТАУ ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАРЫНА** көрсеткен көмегін қалайша ұмыта алармыз.

Балтабек Мұқанұлының ісі, өмірлік қағидасы Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам» деген сөзіне дәл келіп тұрған жоқ па.

О дүниелік болған жақсылардың қатары Балтабек Мұқанұлы сынды абзал жанмен толықты. Артында қалған жарына, ұрпақтарына, тума-туысқандарына Алла сабыр бергей.

ҚОШ, БАЛТАБЕК МҰҚАНҰЛЫ...

Сіздің жарқын бейнеңіз Маңғыстау геолог-барлаушыларының есінде мәңгі сақталады. Артыңызда өлмейтін жарқын істеріңіз қалды, соның бірі, өзіңіз еңбек сіңіріп өмірге әкелген, Ақтау қаласының төрінен орын алған «Геолог-барлаушылар аллеясы», өзіңіз ұйымдастырып жыл сайын өткізетін дәстүрге айналған «Геолог күні» мерекесі.

...

**Маңғыстау геолог-барлаушылары атынан
ардагер геолог-барлаушы**

Бисенбай БИСЕНҒАЛИЕВ.



Қырық күндік асы



Балтабек ағамыздың қырық күндік асы Астана қаласында өтті. Маңғыстау геологтарының атынан «Батысқазжерқойнауы» өңіраралық департаментінің Маңғыстау өңірлік инспекциясы басшысы Келбет Алмагүл Салихолақызы барып қатысты.

Садақада Балалары Балтабек ағамыздың әр жыл сайын дайындап, қолданатын күнтізбе-күнделігін, өзінің жиі айтатын цитаталарын жинақтап, құран бағыштағалы келген әр адамға таратыпты.

Бұл жерде де ағамыздың бойынан дарыған ұрпағының бекзаттылығын, тәрбиесін көруге болады.


«Садақадағы аз ғана уақыт ішінде, дайындалған бейне баяннан Балтабек ағаның қоғам қайраткері ғана емес, мықты семьяның тұғыры, адал жар, мейірімді әке болғанын сезініп отырдым.

Балаларының бойынан сондай мықты ізгілікті тәрбие сезілді.», - деді Алмагүл Салихолақызы хабарласқанымда.

Енді сол күнтізбе-күнделікті, соған жазылған ағамыздың цитаталарын ұсынайын, қарап көріңіздер. Цитаталар әр беттің бас жағына жазылған, қалай жазылса тап солай, жазу стилін сақтап көшірдім.

Цитаталардан кейін күнтізбе-күнделік басталады, әр күнге жоспарланған жұмыстарды жазуға арналған арнайы орындар қалдырылған.





«Работа по Каспийскому проекту считаю своим звездным часом.»

«В какой бы дали я не находился, никогда, ни на мгновение не забывал о своем нефтяном Макате. И в студенчестве, и в командировках дальних и ближних, в одном из уголков моего сердца всегда пульсировала любовь к нему.»

«Каспийский проект – один из самых удачных в истории становления Казахстана.»

«Я благодарю судьбу за тот счастливейший период жизни, который позволил мне внести свою конкретную, пусть и скромную лепту в исторический момент, с которого началась выпадающая раз в сто лет эпопея стремительного подъема страны, приведшая Казахстан к вершинам благосостояния нации.»

**«Никогда не жалел,
Что выбрал специальность геолога.
Это моя жизнь, моя стихия..
Благодаря геологии я стал участником
многих свершении.»**

**«Политех – лучше всех.
Так держать, ребята,
поднимайте марку университета выше!»**

**«Мақсатыма жеттім деп ойлаймын.
Ешқандай өкпем жоқ өмірге.
Алдағы уақытта жаңа кен орындарын
Ашу үшін жұмыс жасау ойда бар,»**



10.07.2025 жылы «pricom.kz» сайтына төмендегідей мақала шыққан екен. Мен жазып жеткізе алмаған кей-іпкерімнің керемет қырларын осы мақаладан оқып, бұл мақаланы кітапқа салмаса болмас деп шештім. Мақала авторына мың алғыс!!!

Памяти друга, коллеги, легенды

Ушёл из жизни наш друг, земляк, гордость отечественной нефтяной отрасли...

Балтабек Муханович Куандыков принадлежал к плеяде «генералов» нефтяной промышленности Казахстана – тех, кто создавал её историю и укреплял независимость страны.

Эта плеяда начинается с легендарных имён: Сафи Утебаев, Рахмет Утесинов, Халел Узбеккалиев, Жолдаскали Досмухамбетов, Болекбай Сагингалиев, Насибкали Марабаев, Нурлыхан Бекбосынов, Кадыр Байкенов и продолжилась нашими современниками, такими как Нурлан Балгимбаев и Жаксылык Жангазиев.

И вот теперь в этот ряд ушедших титанов встал ещё один – наш дорогой друг и коллега, яркий представитель послевоенного поколения нефтяников Балтабек Куандыков.

Не умаляя вклада предшественников, мы по праву оцениваем роль Балтабека Мухановича как ключевую для суверенного Казахстана.

Он стоял у истоков освоения Каспийского шельфа, был инициатором создания и бессменным руководителем «Казахстанкаспийшельфа» – компании, открывшей путь к богатствам Каспия для международных инвестиций. Его работа в «Казахойле», консультации для Chevron, руководство «Нельсон Ресорсиз» и «Меридиан Петролеум» – это этапы большого пути, который привёл к становлению современной нефтегазовой отрасли страны.

Но Балтабек Муханович был не просто выдающимся профессионалом – он был Человеком с большой буквы. Мы никогда не видели его сердитым или подавленным.

На него невозможно было обидеться – и сам он никого не обижал. В его присутствии растворялись амбиции, оставалось только дело. Он обладал редким даром – объединять людей, вдохновлять их на свершения без приказов и давления. Его кабинет всегда был открыт для тех, кто приходил с идеями, даже самыми смелыми.

Особого упоминания заслуживает его научная деятельность. 10 монографий и более 80 научных работ – это не просто список публикаций, а настоящая энциклопедия знаний по геологии Каспийского региона. Его труды стали настольными книгами для нескольких поколений геологов. Государственная премия имени аль-Фараби, ордена «Құрмет», «Парасат» и «Барыс» – это заслуженное признание его вклада в развитие страны.



Сегодня, вспоминая Балтабека Мухановича, мы понимаем: его наследие – это не только открытые месторождения и научные труды. Это созданная им школа, его ученики, продолжающие дело учителя. Это принципы честного служения профессии, которые он завещал следующему поколению нефтяников. Это память о человеке, который умел дружить без условий, сохранять верность своим принципам и видеть на десятилетия вперед.

В одном из последних интервью он сказал: «Нефть – это не просто полезное ископаемое. Это судьба нашей страны». Эти слова могли бы стать эпиграфом к его собственной жизни – жизни, полностью посвящённой служению Казахстану и его нефтяной отрасли.

Таким – мудрым, добрым, преданным своему делу – Балтабек Муханович Куандыков и останется в нашей памяти. Его свет продолжает гореть в каждом новом месторождении, в каждой странице его трудов, в сердцах учеников и коллег.

И пока казахстанская нефтянка живёт и развивается, память об этом удивительном человеке будет жить вместе с ней.

Мейрам АХМЕТЖАНОВ,
заслуженный работник нефтегазовой отрасли РК

Фейсбук әлеуметтік желісіндегі Ерлан Ақбаровтың парақшасынан:

Асығы алтын Аға еді

Дүбірлеген дүние.

Зымыраған уақыт.

Адам баласының ең қымбаты өмір болса, өмірден кету – ең ауыр сәт.

Бүгін Балтабек Мұқанұлы ағамыздың қайтқанына да 40 күн болып қалыпты, тым ауыр.... ащы ақиқатқа сенгіміз де келмейді, бірақ, амал қанша? Барлығы да құдіреті күшті жалғыз жаратушы иеміз бір Алла тағаланың қолында.

Қазақ Геологиясында айшықты қолтаңбасы бар Балтабек Мұқанұлы ағамыз азаматтың сырбазы, кәсібінің адал сарбазы еді...

Еліміздің Геологиясының тағы бір тауы құлады...

Балтабек Мұқанұлының адамдығы мен адалдығы, жасаған жақсылықтары баршаңызға мәлім. Әр Геологты жанындай жақсы көретін, оны сөзбен емес, ізгілікті ісімен танытып жүрген жандардың бірегейі еді.

Азаматтық ардың туын жоғары ұстап, өлшеулі ғұмырда өзгелерге өнеге бола білген парасат пайымы жоғары адам еді. Кішіпейілділігі, көркем мінезі, жалпы кіршіксіз кісілік қасиетіне қайран қалатын едім.

Қашанда жан жылуын сыйлап, маған ағалық ақылын айтудан жалықпады.

Талай ұрпақты тәрбиелеп келген ағамыз артында қалған өшпес еңбектерімен әлі талай ұрпақты тәрбиелейді.



Ағамыздың жатқан жері жарық болып, жаны бейіште шалқысын, Алла тағала алдынан жарылқап, артын қайырлы етсін! Өмірден өтсе де көңілден кетпейді.

Біздер, көз көрген інілері мен оның ерлік өміріне куә болған жандар, Балтабек Мұқанұлын өз жүрегіміз тоқтағанша ұмытпаймыз!

P.S. Жасың елуден асқаннан соң алдыңғы буын ақылшы ағалар қатары сирей жөнеледі екен. Ақылшы ағаларым біртіндеп бұл жалғанды тастап кетіп жатыр. Жылайсың-сықтайсың, қолыңнан келетін дәрменің жоқ. Бірақ, түсініп қалатын түйсігің саған сенің болашағыңды сыбырлап айтып қояды...

Бүгінім таусылмасын деп тілеп жүресің...

Иә, бүгініміз таусылмасын!

Аман болыңыздар!

Бәріміз де аман болайық!..

Төмендегі «Жақсы адамдар азаймасын» деген әннің авторы мен сазгері кім екенін білмедім. Жақсы ән екен. Осы жазбамның тақырыбына сай келгесін мәтінін салып отырмын.

Балтабек Мұқанұлы сияқты жақсылар азаймасын...

“Жақсы адамдар азаймасын”



Жаның мұңнан жығылмасын
Жақсылыққа ырымда шын
Жақсы жүрген сара жолдан
Аты ешқайда бұрылмасын

Қайырмасы:

Бәрі жақсы сөз ойласын
Көңілді әсем саз ойнасын
Тар кеуделер онсызда көп
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
жақсы адамдар азаймасын

Үміт күттім аппақ таңнан
Ару арман от жақталдан
Жамандықтан талай жанды
Бір жақсы сөз сақтап қалған

Қайырмасы:

Ғұмырды адам бірге кешпей ме?
Сонда жаннан мұң көшпей ме?
Жақсы сөзден тарылмайық
Тасты жарып гүлде өспей ме?

Қайырмасы:



АҚ ЖҮРЕКТЕН



Құрметті оқырман, қолыңыздағы «Жақсыдан шарапат» деген жазба Балтабек Мұқанұлы өмірде бар кезде, 2025 жылдың мамыр айында жазылған болатын. Ол кезде ағамыз сырқатымен алысып Оңтүстік Корей елінде емделіп жатты.

Сырқаттың басталуы...

Балтабек Мұқанұлы 2024 жылғы сәуір айының 25-27 күндері Маңғыстауға келіп үш күнге созылған «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп, жан-жақтан жиналған геолог ғалымдарға Маңғыстаудың ғажайып жерлерін аралатып, тау-тасын көрсетіп, табиғатын тамашалатып жүрген еді. Сол кездің өзінде ағамыз сырқаттанып жүрген екен, оны біз қайдан білейік. Конференцияның жұмысына белсене араласып, жетекшілік жасап, өзі жүргізіп, әр секцияның

отырыстарына қатысып, сол секциялардағы тақырыптарға қатысты өз ойларын айтып, өте көңілді, жайрандап жүрген еді.

Конференциядан кейін Алматыға барғасын бірнеше күннен соң ватсап арқылы хабарласып, конференцияның өте жоғары деңгейде өткенімен құттықтап жатсам, ағамыз Оңтүстік Корей елінде медициналық тексерулерден өтіп жатқанын, әзірге сол жақта болатынын жазып жіберді. Бұл жазған хабарын оқығанда тіксініп қалдым, ойпырмай күні кеше ғана ортамызда жайрандап жүрген жан емес пе еді, сонда сырқаты бар екенін бізге сездірмеген болды ғой. Қандай тіні мықты, сабырлы жан еді!

Тағы бір айта кететін жайт, жоғарыда кітапта жазғанымдай, Балтабек Мұқанұлы сырқаты меңдеп тұрса да соңғы рет (соңғы келуі екенін кім білген) киелі Маңғыстау топырағына келіп қолға алған жұмыстарын тиянақтап кетіп еді. Осы жағдайды «Соңғы кездесу. Жанкештілік» деген пост жазып әлеуметтік желіге салғанымда, бір үлкен адам «... Сол сапары бой жазғаны болды ғой, тегін адам емес-ті, іші сезіп, осы сапарды жүрегі қалады-ау... Көп жақсы істердің басында болып, артына өшпестей із қалдырған адам» деп пікір жазған болса, тағы бір ғалым «Нағыз қазақ. Әр қазақ мақтан етуге тұратын АЗАМАТ!...» деп пікірін білдіріпті. Ал Балтабек Мұқанұлын жақсы танитын сыйлас ағасы, ардагер мұнайшы, Теңіз мұнай-газ кенішін алғаш ашушы Төлеген Байзақов «Жақсыдан шарапат» атты жазбаңды оқып шықтым.



Бұл да бір кітап болатын, тіпті кітаптан гөрі Энциклопедия болатын жазбаға ұқсаттым. Жарайсың, Жігітім» деп өз пікірін жазып жіберді маған. Әлеуметтік желіге ағамның қазасына байланысты әлденеше пост жазсам, солардың барлығында да осы тақылеттес жақсы пікірлер толып тұр.

Балтабек Мұқанұлының қолына бұл «Жақсыдан шарапат» атты жазбам соңғы рет Оңтүстік Корей елінде ем алып, Алматыға келгеннен кейін тиген екен. Шет жерде ем алып жүргесін тікелей өзіне жібермей, почтасына салып едім, ауылға келіп жұмысқа шыққасын оқыр деген оймен. Ағамыз оқыпты, аздап та болса көңілі көтеріліп қалыпты. Ең болмағанда осылайша болса да ауыр сырқатпен арпалысып жатқан ағама пайдам тигеніне, қарлығаштың қанатымен су сепкендей болғаным да шүкіршілік дедім ішімнен. Жазылып кететініне сенімді едім, басқаша болуы мүмкін еместей еді мен үшін. Бірақ жоғарыдағы Жаратушымыз басқаша ұйғарған екен, ол жаққа да жақсы жан керек болған ғой.

Көнбей қайда барамыз.. Көндік.

Алла алдынан жарылқасын, панасына алсын.

Кітапты оқу барысында байқаған боларсыздар, Балтабек Мұқанұлы мен үшін және бүкіл еліміз, қала берді Маңғыстау геолог-барлаушылары үшін қымбат жан. Қайтыс болардың алдында жай ғана ризашылық білдіріп жазылған (кітап қылып шығару ойымызға да келмеген) жазба еді, ағамыз кенеттен өмірден озғасын отбасына, ет жақын туыстарына көңілімізді осылайша кітап қылып шығарып білдіруді ойладық. «Жақсыдан шарапат» асығыстау жазылған дүние, бірақ алда Балтабек Мұқанұлы жөнінде оның еңбек жолын, ғылымға сіңірген еңбегін толықтай қамтитын талай қомақты дүниелер өмірге келетініне сенімдіміз.

Бұл тек алғашқы қарлығаш болсын. Бұл кітапта өздеріңіз байқағандай Балтабек Мұқанұлының сан қилы жұмыстарының бір пұшпағы ғана көрсетілген.

Ағамыздың алымды өндіріс ұйымдастырушысы, әртүрлі іргелі компаниялардың басшысы, немесе ғылымдағы жеткен жетістіктері жайын қозғаған жоқпыз, тек қана оның өзі 2009 жылы ұйымдастырып, ғұмырының соңына дейін басқарған КОНГ қоғамындағы қоғамдық жұмысының өзіміз білетін 2019 жылдан бергі қысқа мерзімді ғана тілге тиек еттік.

Және де бір айта кетерлігі, қым-қуыт шұғыл шаруаларының арасынан уақыт тауып әр мереке сайын ұмытпастан Маңғыстаулық геологтарды, геолог-барлаушыларды мерекелермен құттықтап, арнайы құттықтаулар жолдап, ізгі тілектер тілеп отыратын абзал жан болатын.

Сөзім дәлелді болуы үшін төменде сондай құттықтауларды салып отырмын.



ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ



Бұл жазбаны әлеуметтік желілерге шығарғанда, ағамыздың өмірден озғанын естігендер кітап қылып шығару жөніндегі идея ұсынғандар көп болды. Солардың айтқандары «Жақсы көретін сыйлы ағанның үйінде осы кітабың ескерткіш болып тұрғаны дұрыс болады. Ең бастысы сенің ағаңа деген ниетің ғой, кітаптың кейбір осал тұстарына оқырмандар түсіністікпен қарар. Дұрыстап әдемілеп, ұялмайтындай болып шығарып отбасына, тума-туыстарына, қимас достарына табыстағаның жақсы...» дегенге саяды. Көндім. Жана-шыр көпшіліктің ақылынан аттап кету жөн болмас.

Осындай идея барын айтып, ақылдасқан кезде бірден қолдап, барынша қолға алып көмектесіп және сол жұмысты тиянақтап маған барынша жәрдем берген «Батысқазжерқойнауы» өңіраралық департаментінің Маңғыстау өңірлік инспекциясы басшысы Келбет Алмагүл Салихолақызына айтар алғысым шексіз. Айта кеткен ләзім, Алмагүл Келбет Балтабек Мұқанұлы ағамыздың осы өңірдегі бірден бір көмекшісі, тапсырған жұмыстарын ойдағыдай қылып атқаратын қолдаушысы. Ағамыз жайындағы жайсыз хабарды Алмагүл қарындасым қабырғасы қайыса естіді. Осы кітаптың жұмысы барысында күніне әлденеше рет хабарласамыз, соның бәрінде де қарындасымнан еститінім орны толмас өкініш.

Менің әлеуметтік желіге Балтабек ағам жөнінде жазған бір постыма Алмагүл қарындасым «Балтабек, Есен ағаларымыздай адам енді дүниеге келмейді ғой..



Бізге үлгі көрсеткен, жандары ең таза адамдар еді!» деп пікір жазған екен. Тағы бір постында «Балтабек Мұқанұлы, Сіздің жарқын бейнеңіз Маңғыстаулық геологтардың мәңгі есінде қалады! Әлі сенгім келмейді...» деп жазыпты.

Кітапты жарыққа шығаруға демеуші іздеп шарқ ұрған да Алмагүл Келбет қарындасым.

ҚОШ, БАЛТАБЕК АҒА...

«Балтабек Мұқанұлы мен үшін ұстаз ғана емес, өмірлік Құбылам болды...»

Балтабек Мұқанұлы Қуандықов – есімі еліміздің мұнай-газ саласының, геология ғылымының тарихында алтын әріппен жазылған тұлға. Ағамыз жайлы өткен шақпен сөйлеудің өзі жүрекке ауыр. Себебі, Балтабек аға – тірісінде ғана емес, бүгінде де, болашақта да ел есінде қалатын ерекше жаратылған жан.

Аға – бар саналы ғұмырын туған елінің табиғи байлығын зерттеп, халқына пайда келтіруге арнаған асыл азамат.

Балтабек Мұқанұлы– ғылым мен өндірісті, білім мен тәжірибені үйлестіре білген сирек тұлға. Кен орындарын іздеп, терең бұрғылау мен зерттеуді ұйымдастырудан бастап, халықаралық деңгейдегі жобаларға жетекшілік етіп, тәуелсіз Қазақстанның мұнай-газ саласын өркендетуге ерен еңбек сіңірді.

Балтабек Мұқанұлының ғұмыры – іскерлік пен адалдықтың, парасат пен табандылықтың, білім мен біліктің үлгісі. Қарапайым инженерден ірі халықаралық консорциумдарды басқарған жетекшіге дейінгі жол – әр қазақ баласына, әсіресе жас геологтарға үлкен өнеге.

Өзі туып-өскен Мақаттың, жалпы Атыраудың ғана емес, Маңғыстау өңірінің де жанашыры еді. «Геолог-барлаушылар аллеясы» мен Ақтауда өткен халықаралық конференциялар, геолог ардагерлерге арналған кітаптар мен мұрағаттық жұмыстар – осының бәрі ағаның туған жерге, елге деген сүйіспеншілігінің айқын дәлелі.

Балтабек Мұқанұлы қайда жүрсе де – ізі қалды. Геология ғылымында – жаңалықтары, кен орындарында – ашқан байлықтары, шәкірттерінің жүрегінде – тәлімі мен тағылымы, ел ішінде – ұлағаты қалды. Ғалым да болды, ұстаз да болды, ұйымдастырушы да болды – ең бастысы, елге еткен қызметінің шын бағасы болды.

Ағамыздың еңбегін мемлекет жоғары бағалады. Бірақ, халықтың берген бағасы – ол бәрінен биік. «Жақсының аты – өлмейді» дейді халқымыз. Балтабек Мұқанұлы – сондай жақсы адам. Жанында жүрген әр адам оның адами болмысынан, ақыл-парасатынан, кең пейілінен нәр алды.

Кейде адамдар айтып жатады ғой, «Жақсыға қарап бой түзе» деп. Шынымды айтсам, Балтабек ағаменің өмірімде Құбылам болды десем, артық емес. Жүріс-тұрысы, сөйлеген әрбір сөзі, адаммен қарым-қатынасы – мен үшін үлкен өмірлік мектепке айналды.



Сол қасиеттері арқылы мен өзіме ұстаз таптым. ағамыздан үлгі алуға, бой түзеуге тырыстым.

Күні кеше ғана Құрық ауылындағы геолог-барлаушылар Аллеясындағы паркті көріп, көңілім ерекше толқыды. Өз қолымызбен отырғызған талдарды көзбен іздеп, ағамыздың сол жермен қоштасқанын іштей сезіндім.

Бұл – ағамның елмен, жермен, ұрпақпен жасаған соңғы аманаты іспеттес сәт екен. Құрыққа деген ықыласы да бөлек еді. Өзі сырқаттанып жүрсе де, «тал отырғызайық» деген ұсынысыма бірден қуанып, «тағы не істейміз, не жасаймыз?» деп жігерленіп, алға ұмтылатын. Сол сәттер мәңгі жүрегімде сақталады.

Балтабек Мұқанұлы – тек ірі ғалым, білікті маман емес, сондай-ақ ұлтқа жанашыр шын азамат еді. Әр сөзінен, әр ісінен ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілік сезіліп тұратын. Ол – ұстанымын ешқашан жоғалтпаған, қандай лауазымда болса да қарапайымдылығынан жаңылмаған тұлға.

Ағамен әр кездескен сайын бір ерекше рухани байып қалатынымын. Оның айтқан әрбір сөзі – ой, әрбір ісі – өнеге еді. Ел ішінде жүргенде болсын, алыс сапарларда болсын, бәрімізді ортақ іске жұмылдырып, елдік мүддені бәрінен биік қоятын.

Ол ешқашан геологтардан алыс кеткен жоқ – керісінше, геологтармен бірге тыныстап, олардың мұң-мұқтажын жүрегінен өткізген азамат болды. Кейде бір ауыз жылы сөзімен, кейде нақты көмегімен, кейде үнсіз іспен көмек көрсетіп отыратын. Оның бұл қасиеттері көп адамға үміт, демеу, бағыт болды.

Балтабек Мұқанұлының бар болмысы – шынайылық пен адамгершілікке толы болды. Артында қаншама игі істері қалды. Ондай адам енді дүниеге келмейді. Өзінің өмірлік миссиясын 100 есе орындап кетті. Ұрпақтарымен мың жасасын!

Қош болыңыз, Балтабек аға...

Сіздің жарқын бейнеңіз, жан жылуыңыз, елге жа-саған ерен еңбегіңіз – мәңгі есімізде.

Ізгі ықыласпен, Келбет Алмагүл Салихолақызы

Жазушы Смағұл Елубаевтың «Қоңыр дәптерге қонған ойлар-1» деген пәлсапалық жазбасында төмендегідей ойы бар:

«Бұ дүниедегі болмыстың бәрі бір-біріне қарама-қайшы сыңардан тұрады екен.

Өмір мен өлім, ыстық пен суық, еркек пен ұрғашы, махаббат пен зұлымдық, рух пен материя, жан мен тән, ақ пен қара, қайғы мен қуаныш тағысын тағылар. Ендеше, осыдан қисын келіп шығады, неге Бұ дүние болғанда, О дүние болмауға тиіс деген. Бұ дүниеге кереғар О дүние болуға тиіс қой деген. Өйткені, қарап тұрсақ, Бұ дүние мен О дүние бір-бірін қайталамайды.

Бір-біріне қарама-қайшы. Қараңыз: Бұ дүниеде өлім болса О дүниеде өлім жоқ. Бұ дүние шектеулі, О дүние шектеусіз. Бұ дүниеде адамды адам билесе, О дүниеде адамды Құдай билейді.



Бұ дүниеде махаббат пен зұлымдық қатар жүрсе, О дүниеде олар ажыратылады. Бұ дүниеде тән мен жан бірге болса, О дүниеде ажыратылады. Тағысын тағылар. Осыдан келіп Бұ дүниеге бүтіндей кереғар бір дүние болуға тиіс, яғни, О дүние болуға тиіс деген қисын келіп шығады.»

Енді осы қисынға сүйене отырып мен ойлаймын, Балтабек ағам өлімі жоқ, мәңгілік мекеніне аттанды, жазушы жазғандай өлімі жоқ шектеусіз дүниеге. Қазақтар айтатындай қамшының сабындай қысқа, мына шектеулі жалған дүниеден шектеусіз О дүниеге аттанды. Адамды адам билейтін мына сұм жалғаннан, адамды Құдай билейтін, зұлымдығы жоқ О дүниеге аттанды.

Иә, Балтабек Мұқанұлы келместің кемесіне мініп жер бесігіне аттанды, артында оны жоқтаған елі, отбасы қалды... Солардың арасында Маңғыстаулық геологтар, геолог-барлаушылар да қамқоршысынан айырылып жетімсіреп, жоқтап, ойсырап қалған орнын сипап қала берді. Ендігі жерде Маңғыстаулық геолог-барлаушыларға тап Балтабек Мұқанұлындай қамқорлық жасайтын, қашан да көмек қолын созып, қатардан қалдырмай қамқорлап жүретін жан табыла қоймасы анық. Қайтеміз, мәңгі жасайтын кім бар бұл дүниеде...

Балтабек Мұқанұлындай асылдың елге жасаған сансыз жақсылықтары алдынан шығып, Алла Тағала оны панасына алғай.

Бұрынғылардың «Талайлар өтті-ау жалғаннан, Көрген адам таңғалған» дегені бар-ды. Бір жағынан ғибраты мол, екінші жағынан күйінішпен «аһ» ұрып айтылған, өзекті өртер осы сөз ойға оралған сайын есімізге Балтабек Мұқанұлы түсетіні..

Балтабек ағам алдымда жанып тұрған шамшырақтай еді. Үнемі ақылын айтып, қамқорлап, қолтығымнан демеп, күш-қайрат беріп, жол көрсететін. Мені тек сөзімен емес, ісімен, мінез-құлқының әсемдігімен тәрбиелеп тұрғандай еді. Бұл да бір көзге көрінбейтін бақыт болар. Сол ғана көңілге медеу. Әйтпесе, біз Балтабек ағаны әлі талай іздейтін боламыз. Көзден кетсе де көңілден кетпейтін Балтабек ағамның жатқан жері жарық болғай!

Осы кітапты Балтабек ағамның қысқа ғана мерзімде маған, бізге жасаған жақсылықтарын тізбектеп, оның жазған хаттарын, сөз тіркестерін, төл толғамдарымен жазып шыққанымның да себебі бар. Дәрілбақиға қимайтын адамыңмен бәрібір сырласқанды сағынып отырасын, айтатын сөздерін еске аласың. Сол тұрғыдан алғанда біз әрқашанда біргеміз. Өзіңіз айтқан ойларыңызбен. Өзіңіз атқарып кеткен ұлы істеріңізбен. Өзіңіздің талай адамға өнеге болатын өміріңізбен. Аруағың риза болсын, асыл аға!

Маңғыстау геолог-барлаушылары болып қолымыздан бар келген жақсылығымыз, Балтабек Мұқанұлын өз қатарымызға алып, жақында ғана жарыққа шыққан



төсбелгімізді кеш те болса сыйлау ғана болып тұр. Төсбелгіні куәлігімен қоса артында қалған жары Ақтоты жеңгемізге ескерткіш ретінде тапсыратын боламыз.



Өкініштісі... осы жазбамның басы жақсы басталып, соңғы жағы тек өткен шақпен ғана жазылуы!.. Жақсылар күн сияқты. Бар болса, бағаламаймыз. Көрінбей кетсе, іздейміз, жоқтаймыз.

Философияда «Адам деген кім?», «Оның болмысы неден құралған?», «Адамның мәңгі өзгермес өзегі бар ма?» деген сұрақтар бар.

Бұл сұрақтарға Карл Ясперс сияқты экзистенциалист ғалымдар бұлай деп жауап берген: «Қандай істі жүзеге асырасың – сен солсың!». Яғни адам бұл фәниде қандай істі жүзеге асырса, өзі сол іске айналып шыға келеді.

Біз марқұмдарды еске алғанда олардың биологиялық немесе физиологиялық бөлшегін еске түсіре алмаймыз. Олардың бітірген ісін ғана еске алумен олардың болмысына жанаса аламыз. Түк бітірмеген пендені қанша жерден есте сақтап, қолдан болсын ұлықтаймыз десек те, бәрібір ұмытылып кете береді. Себебі іліп алар ісі жоқ.

Ал осы тұрғыдан алғанда Балтабек Мұқанұлын еске алғанда оның ГЕОЛОГ екенін, өзі құрған, соңғы демі шыққанша басқарған КОНГ-тың президенті ретінде артында қалдырған істерін көріп сағынатын боламыз. Карл Ясперс айтқандай «Қандай істі жүзеге асырасың – сен солсың», яғни Балтабек Мұқанұлы «Геология – менің өмірім» деп өзі айтқандай, ол аты үлкен әріппен жазылатын – ГЕОЛОГ.

Міне, осындай қысқа ғана мерзімде Балтабек Мұқанұлының жасаған, артына қалдырған істерін (өзім білетін, ал мен білмейтіндері қаншама) жазған жазбам осымен тәмам.

Өмір жолымда Балтабек ағам сияқты кездескен жақсы адамдардың барлығының алдында басымды иемін. Жандары жұмақта болғай!



АВТОР



Бисенбай Бисенғалиев. 05.12.1951 ж.т.

Ардагер геолог-барлаушы, «Құрмет» орденінің, «ҚР жер қойнауын барлаудың үздігі», «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» және тағы да көптеген мерекелік төсбелгілерінің иегері, «Қарақия ауданының Құрметті азаматы», Ақтау қаласындағы «Геолог-барлаушылар аллеясы» идеясының авторы, «Сағыз мұнай өндіру кәсіпшілігі» энциклопедиялық жинағының, «Студенттік естелік әңгімелер», «МЕН – Геолог-барлаушымын», «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР», «Ғиззаттың ғибратты ғұмыры» кітаптарының авторы, «Есенді еске алғанда» кітабының тете-авторы.

МАЗМҰНЫ

1. Жаныңда жүр жақсы адам.....	5
2. Кітаптар.....	32
3. Аллея.....	58
4. Сенбіліктер.....	86
5. Жылдар-жылдар. Кәсіби мерекелер. Іс-шаралар легі.....	98
6. КОНГ.....	215
7. Қысқаша қорытынды.....	216
8. Жағымды жаңалық.....	226
9. Қайран Балтабек Мұқанұлы.....	264
10. Ақ жүректен.....	287
11. Мазмұны.....	302

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Басуға 21.08.2025 қол қойылды.

Офсеттік басылым. Қалыбы 60х90^{1/16}

Каріп түрі Times New Roman.

Көлемі 19 баспа табақ. Таралымы 150 дана.

Кітап тапсырыс берушінің дайын файлдарынан

ЖК «Центр Оперативной Полиграфии»

баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, Масанчи көшесі, 23